| | | тоқтағанда дөңгелене тұрып,киіз үйдің шаңырағын жасайды. Музыкалық аспапта ойнау.Илигай халық әні. | | биі. Ойындар,хороводтар: Шаңырақ ойыны. Балалар шеңбер бойымен музыка әуеніне ілесе қимылдар жасап жүреді. Музыка тоқтағанда дөңгелене тұрып,киіз үйдің шаңырағын жасайды.Музыкалық аспапта ойнау.Илигай халық әні. | жылдам тұруға тырысады.Ырғып секіру.Татар халқының ойыны.Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру.Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Жүргізуші ырғып секір! дегенде,ойыншылар жылдам бір аяқтарымен секіріп,орындарын ауыстырады.Тастар оыс халқының ойыны.Өкшемен отырып бастапқы қалпы бойынша ұсақ заттарды лақтыру,жоғары лақтыру. Өкшемен отырып,ұсақ заттарды жоғары лақтырып, оны алақандарымен қағып алады.Қимылы аз ойын: Үндемес ойыны.Ойын шарты:Көршісін сөйлету немесе күлдіру. |

| | |
|---|---|
| Балалармен жеке жұмыс<br><br><br>Серуен<br><br><br><br><br><br><br>Балалардың үйге қайтуы | Балалармен жеке жұмыс.Жеке картаға сәйкес:әңгімелесу,дидактикалық ойындар,сөйлеудің дыбыстық мәдениеті,байланыстырып сөйлеу,бейнелеу әрекеті арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br><br><br>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау,спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.Серуенге қызығушылықтарын арттыру.Балаларды реттілікпен киінуі,серуенге шығу,топтық ережелерді қайталау,өзіне-өзі қызмет ету дағдылары,ірі және ұсақ моториканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.<br>Серуен картатекасы №1,№2,№3,№4,№5 Ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау,әңгімелесу,көркем сөз,<br>спорттық,қимылды және ұлттық ойындар,еңбек әрекеті.<br><br>Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу,ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру,кеңес беру. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы**: «Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі»МДШО МКМ
**Топ:** Мектепалды даярлық
**Топ жетекшісі:** Есенкелді Қаракөз Есенкелдіқызы
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 12-15 желтоқсан 2022жыл

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 12-желтоқсан | Сейсенбі 13-желтоқсан | Сәрсенбі 14-желтоқсан | Бейсенбі 15-желтоқсан | Жұма мереке |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды көтеріңкі күймен қарсы алу.Балалар үшін жайлы жағдай жасау.Балаларға тәрбиешінің толық аты-жөнін атап сәлемдесуді үйрету.Баланың бүгінгі көңіл күйі туралы сұрау. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Балалардың көңіл-күйі,денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру,үстел үсті ойындары.<br>Өнер орталығында сурет салу,суретті кітапшаларды бояу.<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары,кітаптар қарау.<br>Табиғат бұрышындағы еңбек.<br>Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау.<br>Балалармен жеке жұмыс. | | | | |
| Таңертеңгі жаттығу | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені.Жалпы дамытушы жаттығулар,қимыл белсенділігі,ойын әрекеті. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Балалардың сезінген әсерлерімен бөлісу,жаңалықтарды білу,бірлескен жоспарларды,мәселелерді талқылау,қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау,ережелер туралы келісу және т.б. | | | | |
| | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **1.Сөйлеуді дамыту** | **1.Қоршаған орта** | **1.Сауат ашу** | **1.Сөйлеуді дамыту** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру.Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар мен айырмашы лықтарды ажырата білуге баулу.Бұл екі дыбыстар үнді дауыссыз дыбыстар.«М» дыбысының дұрыс артикуля циясы: Ерін бір-біріне қатты тиеді, кішкене тіл төмен түсіп, демнің мұрын арқылы шығуынан жасалады.Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма. Ма-ма –ма – апорт тәтті алма. «Н»дыбысының дұрыс артикуляциясы:Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді.«Н» дыбысыкездесетін сөздерге мысалдар айту. Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр». | **таныстыру** Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту.Сурет арқылы «Бесікке бөлеу», Тұсаукесер», «Ашамайға отырғызу» рәсімдері туралы әңгімелесу. Қазақ халқында ата-бабалары мыз бала тәрбиесіне көп мән берген. Кішкентай балалар өнегелі, тәрбиелі болып өсуі үшін, ұлттық салт-дәстүрді қалыптастырып, мұра ретінде келешек ұрпаққа қалдырып отырған. Салт-дәстүр дегеніміз – белгілі бір рәсім, әртүрлі жағдайларға арналған ұлттық мағынадағы елеулі кезеңдер. Сөздік жұмыс: ұрпақ, ата-баба. Ұрпақ – тұқым, нәсіл, келешек ұрпақ. Ата-баба –бұрынғы өткен әкелер.Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Суреттерге назар аудару және суретте не бейнеленгенін баяндау. «Бесікке бөлеу» ойыны бесікке қуыршақты жатқызып, бөлейді, тербетеді. Бесік жырын айтады: Әй-әй бөпем, әй бөпем, Ән айтайын бал бөпем. «Бесікке бөлеу» кішкентай бала үшін өте | **негіздері** Үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Сәйкес қызыл және көк түсті фишкалармен дыбыстарды белгілей алу қабілеттерін, зейіндерін дамыту. «Артығын тап» ойыны:Ара, өрмекші, маса, көбелек, аю. *(аю)*Тауық, әтеш, үйрек, қаз, сауысқан. *(сауысқан)*Мысық, түлкі, аю, қасқыр. *(мысық)* Колғап, көйлек, шалбар, етік. *(көйлек)*Май, шай, нан, қант, қасық. *(қасық)* Өткен тақырыптарды «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дауысты дыбыстар деген не? Дауысты дыбыстар қалай белгіленеді?Дауысс ыз дыбыстар деген не?Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді?Буынд | «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру.Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу.Бұл екі дыбыстар үнді дауыссыз дыбыстар.«М» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін бір-біріне қатты тиеді, кішкене тіл төмен түсіп, демнің мұрын арқылы шығуынан жасалады.Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма. Ма-ма –ма – апорт тәтті алма. «Н»дыбысының дұрыс артикуляциясы:Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді.«Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар айту.Дидактика лық ойын:«Суретті жалғастыр». Дәптермен жұмыс. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Дәптермен жұмыс. | маңызды. Баланың сымбатты, денесі түзу болып өсуі үшін, ата-бабаларымыз баланы бесікке бөлеген.«Тұсау кесер» дәстүрі Бесікте жатқан бала өсті, қаз-қаз басып жүре бастады. «Енді көп құламай тез жүріп кетсін», – деп, баланың тұсауын кеседі. «Адал, шыншыл бала болсын», – деп, тұсауын «ала жіппен» кеседі. Қазақ халқында «Біреудің ала жібін аттама» деген мәтел бар. Ол «Ешқашан өтірік айтпай, ұрлық жасамай, үлгілі, өнегелі азамат болып өссін» дегенді білдіреді. «Ашамай». Жаңағы кішкентай бала өсіп, 5–6 жасқа келді. Үлкендер оған жеке тай атап, ашамай (тайға арналған кішкентай ер-тоқым) істетіп, қамшы өріп, «Сен азамат болдың» деген сенім ұялатып, үйретілген жуас тайға әсем ашамай ерттеп, баланы тайға мінгізіп, жүргізеді. Осы қуанышта атасы: Ал ақ тілек, ақ тілек .Атқа тоқым сал білек. Атта жақсы шаба біл, Өнеге, өнер таба біл, Аймағыңа жаға біл. Атқа міндің, ақ жол болсын!»-деп бата береді. | а неше дауысты дыбыс болады? сөзге дыбыстық талдау жасауды ең бірінші берілген сөзді білуіміз керек. Сөзде неше буын, неше дыбыс бар екенін анықтауымыз керек.Сөздегі дыбыстардың дауысты, дауыссыз екенін анықтау.Дауысты дыбыстар дың жуан, немесе жіңішке екенін анықтау керек.Дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді екенін анықтау керек.Жұмбақ. Аяз қысып,Өрнек сызып,Терезені торлайды.Қарға омбығып, Бет домбығып.Сырғанап балалар ойнайды./Қыс/ Қыс сөзіне дыбыстық талдау жасайық.Қыс сөзінде 1 буын,3 дыбыс.Қ-дыбысы дауыссыз,қатаң | |

<table>
<tr><td></td><td></td><td>Балалар хормен Е.Өтетілеу ұлының «Тәй-тәй» өлеңін айтады. Дәптермен жұмыс .</td><td>дыбыс көк түсті дөңгелекпен белгіленеді.Ы-дыбысы-дауысты,жуан дауыс,қызыл түсті дөңгелекпен белгіленеді.С-дыбысы-дауыссыз,қатаң дыбыс.<br>Көк түсті дөңгелекпен белгіленеді.Дәптер мен жұмыс</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="5">Үзіліс :</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сюжетті-рөлді ойын:<br>Тақырыбы: «Экологтар.Бағбандар»<br>Мақсаты: Қолайлы жағдай жасау, әлеуметтік шабыттарын мадақтау, ойын сюжетіне байланысты шағын топтарға бөлу, тіл этикетін дамыту.Экологтар жұмысының ізгі бағыттағы жұмыстары және оның табиғатты қорғаудағы, әлеуметтік мәні туралы түсініктерін кеңейту.<br>Жағдаят: Объектыны таңдау, Картамен жұмыс, бақ орнататын жерді таңдау<br>Экологиялық паспортарды қарау;Эклогиялық жағдайларды зерттеу<br>Айыппұл төлету;Экологиялық жағдаятарды түзету жұмыстары;Суретке түсіру,<br>суретке түсірудің бұзылуы, суретшімен кездесу.<br>өсімдіктерді бейнелеу.<br></td><td colspan="2">Тақырыбы: «Зертеушілер»<br>Мақсаты: Ойнатылытын ойынын этапатарынын біліктілігін бекіту.<br>Зерттеуге керекті заттар мен құрал-жабдықтарды ,сонымен қатар заттар ауыстырушыларын табуға үйрету .Рөлдерге бөлініп ,бөлінген рөл бойынша әрекет ету әдетін қалыптастырып . Зерттеу жұмысшыларының жұмысы қызықты әрі қиын екенін түсіндіріп .Ойындық диологты моделдеуге үйрету.<br>Жағдаят:<br>Зерттеу обьектісін тандау;<br>Зертхананы құру ;<br>Проведение опытной работы;<br>Фотоға түсіру , аралық нәтижелердің түсірілімі;байқау нәтижелерін журналға жазу; ғылыми кеңес;зерттеу нәтижесін шығару.<br></td><td>Сюжеттік ойын:<br>Тақырыбы:«Дәмхана. Макдоналдс. Пиццерия» сюжетті – рөлдік ойын<br>Мақсаты :<br>Азық-түлікпен жұмыс істейтін жұмыскерлердің еңбегі жайында түсініктерін молайту. Балаларға рөлдерге бөлініп,сол рөл бойынша әрекет етуге үйрету,өздеріне керекті нәрсені құруға үйретіп ,балалардын мейрімділік қарым-қатынасын орнату .Балаларға ойында қоршаған ортадан алған білімдерін көрсете білуге үйрету .<br>Жағдаят:<br>Үстелді таңдау;<br>Ас мәзірімен танысу;<br>Тапсырысты қабылдау ;<br>Тапсырысты орындау;<br>Менеджермен жұмыс (шағым,алғыстар);<br>Тапсырысқа төлеу;<br>Үстелді жинап ,ыдыс аяқ жуу.<br></td></tr>
<tr><td colspan="5">2 - ұйымдастырылған іс-әрекет</td></tr>
<tr><td></td><td>2.Математика негіздері<br>«бүтін және бөлік»</td><td>2.Қазақ тілі<br>Алған білімдерін тиянақтау</td><td>2.Математика негіздері</td><td>2.Қоршаған ортамен таныстыру</td></tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | туралы ұғым қалыптастыру.Бөлік терден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету. «+», « – » таңбасы мен таныстыру. Қызғылтсары шеңберді алып екіге бөлеміз.Әлия апельсин ді екіге бөлді. Әр бөлікті қалай атауға болады? (жарты)Ал егер біз екі жартыны бір-біріне біріктірсек, не болады? (Бүтін апельсин болады.) Пицца немесетәтті(пирог) нанды жарты немесе төрт бөлікке кесуге ұсынады. Бөліктерден бүтінді қалай жасауға болады? (*Біріктіру арқылы.)* бөліктерден бүтінді алу үшін бөліктерді біріктіру немесе қосу қажет. Дәптермен жұмыс:1,2,3,4 тапсырамалардыорын дау. Дидактикалық ойын: «Қай сан жоғалды?». «Математикалық жазулар» дәптерімен | сөздік қорларын жаңа сөздер мен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру. І айналым мақалын жалғастырады Отан – оттан да ... (ыстық) Жақсы – ... (өнеге) Отан ... т.б .ІІ айналым: жұмбақ жасыру.Өскен жері бау-бақша, Күрең қызыл шіркін-ай, Жидектің аты – ... (құлпынай) Астық пісіп, орақ түсіп, Қырман дәнге толады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? (Күзде). Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы. Қыста қардан туатын, Тауып көрші, сен оны. (Аққала) Тікірейіп құлағы. Менен бұрын тұрады. Керіліп, созылып, Беті-қолын жуады. Бұл не? (Мысық) Көп отырып, шаршадық, Қозғалуды аңсадық. Билегіміз келеді, Әдемілеп ән салып. Би: «Қуыр-қуыр Қуырмаш» ІІІ айналым: Жаңылтпаштарды  қайталау. Доп теп, Дөп теп. Жағажайды жағалай, Жүгіреді Қамажай. Пай-пай-пай, Жайылып жүр тай. Ай-ай-ай, Ұшып кетті торғай. Үш кіші ішік піштім, Бес | «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру. Балаларды«=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бір мәнді сәйкестікті анықтау;санау, салыстыру,санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту. Мөлдір дорбаны немесе тақтаның жоғарғы бөлігінде араластырылып бекітілген пішіндер жиынын көрсете отырып, сұрақ қою:бізде қандай печеньелер бар?Печеньенің пішінін анықтайды:дөңгел ек, үшбұрыш,шаршы және сопақша. Қорапта сопақша пішінді 4 печенье бар, 4 цифрын көрсетеді. Басқа қорапта – дөңгелек пішінді 4 печенье, | Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту. Сурет арқылы «Бесікке бөлеу», Тұсаукесер», «Ашамайға отырғызу» рәсімдері  туралы әңгімелесу.Салт-дәстүр дегеніміз – белгілі бір рәсім, әртүрлі жағдай ларға арналған ұлттық мағынадағы елеулі кезең дер. Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Суреттерге назар аудару және суретте не бейнеленгенін баяндау. «Бесікке бөлеу» ойыны бесікке қуыршақты жатқызып, бөлейді, тербетеді. Бесік жырын айтады: Әй-әй бөпем, әй бөпем, Əн айтайын бал бөпем. «Бесікке бөлеу» кішкентай бала үшін өте маңызды. Баланың сымбатты, денесі түзу болып өсуі үшін, ата-бабаларымыз баланы бесікке бөлеген. «Тұсаукесер» дәстүрі Бесікте жатқан бала өсті, қаз-қаз басып жүре бастады. «Енді көп құламай тез жүріп кетсін», –  деп, баланың тұсауын кеседі. «Адал, шыншыл бала болсын», – деп, тұсауын «ала жіппен» кеседі. Қазақ халқында |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жұмыс. 33-беттегі № 51 тапсырманы орындау | кіші ішік піштім, Неше кіші ішік піштім?Дәптермен жұмыс. | 4 цифрын көрсетеді. Сопақшалар мен дөңгелек тер төрт-төрттен болды. Олардың саны бірдей. Қанша сопақша болса, сонша дөңгелек деп айтуға болады. «=» белгісі бар карточканы шығарады және оны қораптар мен сандар арасына орналастырады. Ойын жаттығуы: «Сана» Дәптермен жұмыс:1,2,3 тапсырмаларды орындау. Жұптық жұмыс «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс. 34-беттегі № 53-тапсырманы орындау. | «Біреудің ала жібін аттама» деген мәтел бар. Ол «Ешқашан өтірік айтпай, ұрлық жасамай, үлгілі, өнегелі азамат болып өссін» дегенді білдіреді. «Ашамай». Жаңағы кішкентай бала өсіп, 5–6 жасқа келді. Үлкендер оған жеке тай атап, ашамай (тайға арналған кішкентай ер-тоқым) істетіп, қамшы өріп, «Сен азамат болдың» деген сенім ұялатып, үйретілген жуас тайға әсем ашамай ерттеп, баланы тайға мінгізіп, жүргізеді. Осы қуанышта атасы: Ал ақ тілек, ақ тілек .Атқа тоқым сал білек. Атта жақсы шаба біл, Өнеге, өнер таба біл, Аймағына жаға біл. Атқа міндің, ақ жол болсын!»-деп бата береді.Балалар хормен Е. Өтетілеуұлының «Тәй-тәй» өлеңін айтады. Дәптермен жұмыс |

**Үзіліс:**

| | |
|---|---|
| **Дидактикалық ойын: «Кім болғым келеді?»**<br>**Мақсаты:** Мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту.Олар қандай заттармен қолданатыны жайлы түсінік беру.<br>**Ойынның шарты:**Тәрбиеші картиналарды көрсете отырып,былай деп сұрайды, «Дәрігер не істейді? Жүргізуші не істейді? Мұғалім не істейді? Тігінші не істейді?» Балалар қай мамандық иесі екенін қандай құралдармен жұмыс істейтін жайлы айтады.<br>**Ықтимал күрделендіру:**тез ойла<br>**Ойынның нұсқаулары:**Балаларға мамандық иелерінің суреттері таратылып беріледі. | **Ойын: «Оюларды құрастыр»**<br>**Мақсаты:** Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру. Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесілімділігін үйрету.Танымдық қабілеттерін арттыруБалалар өз елін, халқын сүюге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту.Эстетикалық талғамын ұштау.<br>**Қолданатын көрнекіліктер:** Оюлардың қиылған суреттері<br>**Ойын шарты:** Қазақтың ұлтық әр түрлі оюлармен сәндей білу,оюларды құрастырып аттарын атау. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
|  | | | | |
| 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | |
| | **3.Сауат ашу негіздері** Буындардан сөз құрауға үйрету. Сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру. Өткен тақырыптарды «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау**.**Дауысты дыбыстар деген не? Дауысты дыбыстар қалай белгіленеді? Дауыссыз дыбыстар деген не?Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді? Буында | **3.Көркем әдебиет** Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту. Тілдік ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту. Қазақстанның жері үлкен, табиғаты бай, көп ұлтты, егемен мемлекет. Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері бар. Ол – Туы, Елтаңбасы, Гимні. Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұландарымыз. «Тәуелсіз Қазақстан» өлеңін мәнерлеп оқу. Сөздік | **3.Қазақ тілі** Алматы қаласы туралы білімдерін кеңейту. қорларын жаңа сөздермен толықтыру, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. қала – город, әсем красивый, саябақ – парк, метро – метро,мұзайдын – каток. Алматы қаласымен | **3.Көркем әдебиет** Сюжеттік бірізділікті сақтап, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру. Татулықта, бірлікте өмір сүруге тәрбиелеу. Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет. Қазақстанның астанасы – Астана қаласы Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан (картадан көрсету). Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз. Қазақстан – біздің |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | неше дауысты дыбыс болады? Дауысты дыбыссыз буын болады ма?Дауысты дыбыстың өзі буын буын құрай алады ма?Қандай дыбыстар буын құрайды? Артикуляциялық жаттығу жасау.Қадыр Мырза Әлидің өленінен «болады» немесе «болмайды» деп сөйлемді аяқтайсыңдар.Күйші болуға ... (болады),Биші болуға ... (болады),Ерке болуға ... (болмайды).Серке болуға ... (болмайды),Пысық болуға ... (болады).Кішік болуға ... (болады),Әкім болуға ... (болады).Ақын болуға ... (болады),Маман болуға ... (болады).Жаман болуға ... (болмайды), «Буынға бөл»дидактикалық жаттығуы. Буынға бөлуге болатын сөздер: күй-ші, би-ші, пы-сық, кі-ші, ә-кім, а-қын, ма-ман. Ғажайып сәт. Жұмбақтар.Кір қоқысты сүймейді,Сыртқа қуып сүйрейді.(Сы-пыр- | жұмыс: *тәуелсіздік* – еркіндік, теңдік, егемендік деген мағынаны білдіреді *еркіндік* – ешкімге тәуелді емес, еркін ел *теңге* – біздің ұлттық төлақшамыз Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: Өлең қалай аталады? Авторы кім? Сендерге өлең ұнады ма?<br>Өлеңде не туралы айтылған? Еліміздің қандай рәміздері бар? «Тәуелсіздік» деген сөзді қалай түсінесің? Дәптермен жұмыс: | таныстыру. Дыбыстық жаттығу. Ө-ө-ө-ө – көөөк-төбе-көктөбе.Ә-ә-ә-ә - әсем- әсем. Сергітусәті: Күннің шыққаны жақсы ма? Жақсы! (Күнді бейнелейді). Желдің соққаны жақсы ма? Жақсы! (Қолдарын көтеріп тербеледі). Достарыңмен жүрген жақсы ма? Жақсы!<br>(Алға қарай адымдайды).<br>Туған өлкеде жақсы ма? Жақсы! (Құшақтарын жаяды). Балабақша жақсы ма? Жақсы! (Басбармақтарын көрсетіп, қол соғады). Ойын: «Жалғастыр». Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау. Қа...(қала) Кө... (көше) Сая.. (саябақ) Алматы... (Алматы – әдемі, әсем қала) Жұмыс | Отанымыз. Әлия Дәулеткелдінің «Тәуелсіздігіміз мәңгілік» атты әңгімесімен танысамыз.Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар***:*** Әңгіме қалай аталады? Саған әңгіме ұнады ма? Авторы кім? Әңгіме не туралы? Бұл қандай мереке? Қазақстан халқы бұл мерекені қалай тойлайды? Тәуелсіздік мерекесін сен қалай сезінесің? Сөздік жұмыс: *тәуелсіздік* – еркіндік, теңдік, егемендік мағынасын білдіреді *еркіндік* – ешкімге тәуелді емес, еркін ел *теңге* – біздің ұлттық төл. Дидактикалық ойын: «Кім жылдам». Ойын шарты: Мақалды жалғастыр: Туған жерге туыңды ... *(тік).* Батыр туса ел ырысы, жаңбыр жауса ... *(жер ырысы).*Дәптермен жұмыс |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ғыш)Жіп-жіңішке денесі,Ортасында шегесі.(Қа-рын-даш) Екі аяқты бірізді,Адам мініп жүргізді.(Ве-ло-си-пед)Екі басты айдаһар,Бәрін қырып жояды.Екі аяқпен жер тіреп,<br>Қағазды жеп қояды.(Қай-шы) Шайнасаң жағың талады, Тісіңнің кірін алады.(Са-ғыз)Қабат-қабат каттама,Ақылың болса аттама.(Кі-тап) «Жоғалған буын»дидактикалық ойыны.<br>Бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады те -(геш), те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік).ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ).өр -(мек), өр -(кеш), өр -(ле), өр -(мек-ші) «Буынды қос» дидактикалық ойыны**.**<br>Дәптермен жұмыс. Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл.Графикалық жұмыс Штрихта**.**Үзік сызықтарды бастыр. | | дәптерімен жұмыс. | |
| **Үзіліс:** | | | | |
| ***Сюжеттік ойын:***<br>**Тақырыбы: «Сән ательесі»** | | | ***Сюжеттік ойын:***<br>**Тақырыбы: «Азық - түлік дүкені»** | |

<table>
<tr>
<td colspan="3">Мақсаты: Балаларға суреттен көрген киімдердің аттарын атап,киімдер мен ұлтық киімдерді ажыратып топтастыруға баулу, мата түрлерін ажырата алуға үйрету,қайсынан қандай киім тігеді жайлы түсіндіру.<br>Көрнекілік: жаңаша киімдер,ұлттық киімдер<br>Ойын барысы : бірнеше матаның қиықтары алып,қайсысынан қандай киім тігуге болатындығын тауып,суретке бейнеленген киімнің тұсына қоюды ұсынады.<br><br><br></td>
<td colspan="2">Мақсаты: Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.<br>Қажетті атрибуттар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, папье-машеден жасалынған тағам түрлері, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер.<br>Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру.<br>Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары тұтынушылар.<br>Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді.<br>Бірінші ойыншық дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып сөреде «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы «тағы да келіп тұрыңыз» - дейді.<br>Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды.<br><br></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="5">4 - ұйымдастырылған іс-әрекет</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>4.Дене шынықтыру<br>Баланың кинестикалық қабілеттерін дамыту.Қарда жүргіш машина.Біртізбекпен жүреді.Орман тұрғындары жаттығулары:тізбекпен қоян, қасқыр,түлкінің жүрістерін салып жүреді.ЖДЖ ойын түрінде.Орман</td>
<td>4.Музыка<br>Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру.Би қимылдарын орындау.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:Айна орыс халық әуені.Музыка тыңдау: Желтоқсан.Қысқы орман туралы әңгіме.Дауыс жаттығуы.</td>
<td>4.Дене шынықтыру<br>Нақты қимыл қозғалыстар жасай білу қабілеттерінтқалып тас тыруды жалғастыру. Құмырсқалар соқпақпен келеді. Шеңбер бойымен тізбектеле бағытты</td>
<td>4.Музыка<br>Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру.Би қимылдарын орындау.Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>Айна орыс халық әуені.<br>Музыкатыңдау:Желтоқсан.Қысқы орман туралы әңгіме.Дауыс жаттығуы.<br>Ән айту:Шырша әні.</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | алаңқайында жылынамыз.Артымнан қайтала.Тыныс алу гимнас тикасы.Жел.Негізгі қимыл қозғалыстарды орындау.<br>Қимыл қозғалыс ойыны: Қасқыр мен лақтар.Ойын шарты:Қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін жүгіреді.<br>Залдың бір шетінде тұрады.<br>Зал ортасында қасқыр тұрады.Бөрте,бөрте,бөрте лақ,Бөрте лақ тым ерке-ақ.<br>Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп.Лақтар жүгіреді,қасқыр оларды ұстап алуға тырысады.<br>Релаксация. Орман музыкасын тыңдау. | Ән айту:Шырша әні.Қазақтың жері.Билер:Еркебұлан биі. Ойындар,хороводтар:Айналмалы дөңгелек.Ойын шарты: Орындалған әндерді тыңдап, әннің мазмұнына сәйкес суретті көрсету.Музыкалық аспапта ойнау:Илигай. | өзгертіп жүру және жүгіру .Бір тізбекпен жүру, орташа қарқынмен жүгіру.<br>Артқа бұрыл бұйрығы бойынша бағыттарын өзгертіп жүгіреді.Заттар арасымен және заттарды аттап жүру және жүгіру.Бұлшық еттерді жаттық тырамыз.ЖДЖ текшемен орындау.Негізгі қимыл қозғалыстарды орындау.<br>Құмырсқаға үй тұрғызу.<br>Демалыс жаттығуы. | Қазақтың жері.Билер: Еркебұлан биі.Ойындар, хороводтар:Айналмалы дөңгелек.Ойын шарты: Орындалған әндерді тыңдап,әннің мазмұнына сәйкес суретті көрсету.<br>Музыкалық аспапта ойнау:Илигай. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **Серуен** | ***Судың қатқанын бақылау***<br>***Мақсаты: судың құрамымен таныстыру,табиғатта пайда болатын құбылыстар туралы түсінік беру.***<br>***Тәрбиеші қатқақ суға балалардың назарын аударады. Олар қайдан пайда болды?***<br>***Болжамдар: желтоқсанда қар көп болса- сол жылы егін мол болады.***<br>***Тақпақ:***<br>***Қар жатыр аппақ***<br>***Ойнауға жақсы-ақ*** | *Тоғайларды бақылау*<br>*Мақсаты: Қыстағы өсімдіктердің тіршілігін, келбетін бақылауға, сипаттауға үйрету. Ағаштардың айырмашылығын, ұқсастықтарын ажырата білуге, көлеңкесіне қарап тоғайларды ажыратуды үйрету;*<br>*Тоғайлар мен бұтарларға қараңдаршы. Ең әдемі тоғай немесе бұтаны тауып, оны сипаттайық. Қыста тоғайлар тыныштық күйде болады, яғни ұйықтайды. Тоғайдың түбіне,* | ***Қар үстіндегі іздерді бақылау***<br>***Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету.***<br>***Балаларды байқағыш, ойлау қаситтерін қалыптастырып, толықтыра түсу.***<br>***Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа*** | ***Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу***<br>***Мақсаты: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу.***<br>***Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауды ұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді.***<br>***Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі, жоғарыда ауаның*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ***Осындай шақта<br>Кім үйде жатпақ?<br>Жұмбақ:Қолы жоқ сурет салады,<br>Аузы жоқ тістеп алады.<br>(Аяз)<br>Қозғалмалы ойын: «Кімдікі алыс».<br>Мақсаты: Икемділігін, күшін дамыту.<br>Еңбек: есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу.*** | *бұтақтарына, құрылысына, түсіне қарап, бақылау жүргізу.<br>Болжам: қар ағашқа жабысса – жылы болады.<br>Мақал- мәтел: «Бір тал кессең – он тал ек»<br>Тақпақ:<br>Қазақ жері –сәніміз<br>Мәуесі мол бағымыз<br>Саясында жетілер<br>Балдай бала шағымыз.<br>Қозғалмалы ойындар: «Қояндар мен аю»<br>Еңбек: Тоғайларды қармен жабу.* | ***райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді?<br>Тақпақ:<br>Ақ киімді денелі, ақ сақалды,<br>Соқыр, мылқау танымас тірі жанды,<br>Үсті – басы ақ қырау түсі суық,<br>Басқан жері сықырлап келіп қалды. (Абай)<br>Мақал: Жемберсең қыста құсқа- сауабы тиер оның жазда.<br>Қимылды ойын: «Ақ қоян»<br>Мақсаты: балаларды ептілікке баулу.<br>Жеке жұмыс: бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру.<br>Еңбек: құстар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу*** | ***температурасы өте төмен болғандықтан, су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі.<br>Тақпақ:<br>Жазда көлге мұз қатты,<br>Табанымды мұздатты.<br>Мұз ойылып кетті тез,<br>Күліп едік, біз қатты.<br>Қимылды ойын «Ортаға түспек»<br>Мақсаты: тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету.<br>Еңбек: қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету.*** |
| **Балаларды үйге қайтару** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы**: «Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі»МДШО МКМ
**Топ:** Мектепалды даярлық
**Топ жетекшісі:** Есенкелді Қаракөз Есенкелдіқызы
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 19 – 23 желтоқсан 2022-2023 оқу жылы

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі**<br><br>**19-желтоқсан** | **Сейсенбі**<br><br>**20-желтоқсан** | **Сәрсенбі**<br><br>**21-желтоқсан** | **Бейсенбі**<br><br>**22-желтоқсан** | **Жұма**<br><br>**23-желтоқсан** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | «Түсті табу» дидактикалық ойыны<br><br>Мақсаты: белгілі бір түсті киімдерді табу және атау дағдыларын бекіту | «Ауа-райы қандай?» дидактикалық ойын<br><br>Мақсаты: «Ауа-райы» (қарлы, аязды, суық, күншуақты, желді) сөзінің анықтамасын таңдауға үйрету | «Жақсы-жаман» дидактикалық ойыны<br><br>Мақсаты: балаларды табиғаттағы қайшылықтарды, құбылыстардың екіұштылығын, тірі мен жансыз арасындағы байланысты көруге үйрету; сөйлеуді дамыту. | Жұмбақты тап» дидактикалық ойыны<br><br>Мақсаты: күздің аяғында жансыз табиғат туралы білімді бекіту; ойлау, шығармашылық қиялды дамыту | «Шуылдақ» деген не?» дидактикалық ойын<br><br>Мақсаты: шығармашылық дағдыларды қалыптастыру, заттарды шығармашылық түрлендіруді жүзеге асыру мүмкіндігі |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа** | **«Лото» дидактикалық ойыны**<br><br>**Мақсат**ы: үлгі бойынша бірдей пәндерді тауып, оларды айту | **«Болады-болмайды» доп ойыны**<br><br>**Мақсаты**: есте сақтау, ойлау, реакция жылдамдығын дамыту | **«Сол формадағы затты тап» дидактикалық ойыны**<br><br>**Мақсаты:** пәндер формасы туралы түсінікті нақтылау | **«Маймылдар» ойыны**<br><br>**Мақсаты**: шеңбер бойымен жүруге жаттығу, қозғалыстарды мәтінмен үйлестіру | **«Ұқсас - ұқсас емес» дидактикалық ойыны**<br><br>**Мақсаты**: заттарды салыстыруға үйрету; олардан айырмашылықтың белгілерін табу; ұқсастық, сипаттама |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеттер)** | | | | | бойынша заттарды тану |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 8 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | «Табиғи тісті одан әрі сақтау үшін саған...керек» ойын жағдайлары | Түспен-эмоциямен «Менің көңіл-күйімді тап» дидактикалық ойыны<br><br>Мақсаты: балаларды өз мінездерімен күресуге үйретуді жалғастыру | Табиғаттағы мінез-құлық ережелері туралы альбом қарау<br><br>«Қауіпсіз сөздер» дидактикалық ойыны<br><br>Мақсаты: үш тілде сөз тіркестерін құруды үйрету | «Кір-қожалақ қыз» драма-ойын<br><br>Мақсаты: ойын бейнелерінің қимыл мәнерлілігін дамыту | «Дені сау болу – бұл оңай» сурет салу<br><br>Мақсаты: салауатты өмір салтының алғышарттарын қалыптастыру |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **1.Сөйлеуді дамыту**<br><br>Сөз,сөйлем деген не түсіндіру.Ажарлы қыс үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету.<br><br>Далада қар борайды.<br><br>Ақ мамыққа орайды.<br><br>Мұз болады,қатады.<br><br>Жып-жылтыр боп жатады.Қыс мезгілі туралы әңгіме. Сөйлем дегеніміз – тиянақты жинақталған бір ой. Сөйлемдер сұраулы сөйлем, хабарлы сөйлем болып бөлінеді. Әр сөйлемнің өзінің тыныс белгілері бар. Хабарлы сөйлемнен соң нүкте | **1.Қоршаған орта таныстыру**<br><br>Жайлау,киіз үйдің құрылысы және оның ішкі жиһаздары тура<br><br>лы мәлімет беру.<br><br>Тақиятастамақойыны.<br><br>Балалар дөңгенеле отырады.Бір бала тақияныалып,балаларды айналып жүреді.<br><br>Балалар ойынсөздерін айтып отырады.Ойым бар,бір ойынбастамақ,<br><br>Аты оның тастамақ.<br><br>Ақырын,ақырын бастаймын.,Бірінің тұсына | **1.Сауат ашу негіздері**<br><br>Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды түсініктерін<br><br>қалыптастыру.<br><br>Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату.<br><br>Дыбыстармен жұмыс Балаларға дыбыстарды, буындарды сөздерді, кезектестіріп айтады, балалар «у»дыбысын естісе, жалаушаны көтереді.Мысалы: а, п, м, т, и, у, м, с, ч, я, ю, у, ж, а, у, ц, и, у, р, т, л, у...<br>Дидактикалық жаттығулар «Дауыссыз дыбыстан | **1.Көркем әдебиет**<br><br>Әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға жетелеу. Көркем тілдік дағдыларды қолдана білуін бекіту. Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі. Әңгіменің басқа жанрлардан ерекшелігі – болған оқиғаны қысқа баяндайды. Максим Зверевтің «Орман емшілері» әңгімесімен танысамыз. Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар: Авторы кім? Әңгіме не туралы? Тоқылдақ ағашта не істеді? Ағаштың қабығынан не төгілді? Ойыңды ортаға сал. Орман шымшықтары не істеді? Шымшықтар тоқылдаққа қандай көмек көрсетті? Орманды зиянды жәндіктерден не қорғайды? Дәптермен жұмыс: | **1.Сауат ашу негіздері**<br><br>Дыбыстық талдау жасауды жетілдіру. Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасатуға жаттықтыру.<br><br>**«**Не өзгерді?» ойын-жаттығуы.Балаларға<br><br>сөздер айтылды, балалар сөздердің қандай айырмашылығы, қандай<br><br>ұқсастықтары бар екенін, не өзгергенін ойланып айтады. Мысалы: тар, тер, тор; бар, бер, бор; кел, көл; доп, дөп; жар, жер, жыр; дем,жем, кем; қар, қор, қыр; бала, бөле, биле т.б.<br><br>Дидактикалық жаттығу: ≪Кім зейінді?≫ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қойылады. Қуанышты, көңіл күйді білдіретін сөздерге леп белгісі қойылады, сұраулы сөйлемнен кейін сұрақ белгісі қойылады. Демонстрациялық материалмен жұмыс. | келгенде,<br><br>сездірмей тақия тастаймын!Бала тақияны бір баланың тұсына келіп,тастап қашады.Ол бала тақияны ала салып,<br><br>қуады,егер қуып жетпесе,қашқан бала бос орынға отырып алады,қуып жете алмаған бала айыппұл төлейді.Балалардың сұрауы бойынша өлең,тақпақ айтады,<br><br>жан-жануардың дауысын салады.<br><br>Қ.Баянбай Киіз үй өлеңін оқу.Жайлау тақырыбында демонстрациялық материалдардағы суретпен жұмыс.<br><br>Жайлау жазғы қоныс.<br><br>Киіз үй сәулеттік құрылыс.Кереге,шаңырақ,уық,сырқырауық-киіз үйдің негізгі бөлшектері.Ұлттық ою түрлері:Балта,<br><br>қызғалдақ,қошқармүйіз,тарақ.Үй жиһаз<br><br>дары:кебеже,текемет,<br><br>сырмақ.Ұлттық<br><br>киімдер:камзол,мәсі,<br><br>сәукеле,шапан,тақия.Қай топ көп сөз | басталатын сөз жалға» балаларға суреттер көрсетеді, балалар сол суреттің мағынасына келетін,<br><br>дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер жалғаулары керек.<br><br>Мысалы: қызанақ ... (қызыл), қияр ...<br><br>(жасыл), балмұздақ ... (тәтті), кітап ... (қызық),<br><br>шалбар ... (қалың), су ... (суық), домбыра ... (кішкентай), арба ... (жалпақ), керует ... (жіңішке) «Сөзді аяқта» жаттығуы.Балаларға соңғы буынын айтпай сөздер айтамын, сендер буынды қосып, сөзді<br><br>айтасыңдар.Мысалы: кү...шік, көбе...лек, ба...нан, алжап...қыш, жұлдыз...ша,жылқы..<br><br>.шы,шах...мат, ине...лік, жолба...рыс, жас...тық, ағаш..тар, бақта..шы, береке...лі, күлкі...лі, Дәптермен жұмыс<br><br>«кілт» сөзінедыбыстық талдау жаса. Үзік сызықтарды бастыр. | Жұмбақты шеш. Суретте қай құс жасырынған? Боя. Ұйқасын тап. | – Балалар, алдарыңа көк түсті төртбұрыш, үшбұрыш, көк, сары және қызыл дөңгелектерді<br><br>алып. қатаң дауыссыз дыбысты айтса, көк төртбұрышты,үнді<br><br>дауыссыз дыбысты айтса, көк үшбұрышты, ұяң дауыссыз дыбысты айтса, көк, жуан дауысты<br><br>дыбысты айтсам сары, жіңішке дауысты дыбысты айтса, қызыл дөңгелекті<br><br>көтереді. Мысалы: «а-, -й-, -ц-, -у-, -к-, -е-, -н-, -г-, -ш-, -щ-, -з-, -х-, -ф-, -ы-, -в-, -а-, -п-,-р-, -о-, -л-, -д-, -ж-, -э-, -я-, -ч-, -с-, -м-, -и-, -т-, -б-, -ю т.б.» «Не артық?» дидактикалық ойыны<br><br>бір топқа жататын сөздерге тез-тез бір бөгде сөзді қоса айтады. Балалар сол артық сөзді табуы керек.Мысалы: нан, шай, май, тай – ...*(тай)*<br><br>Қызыл, жасыл, ақ, тақ, көк – ... *(тақ)*<br><br>Алма, шие, бөрік, өрік – ... *(бөрік)*<br><br>Екі, үш, төрт, бес, кес – ... *(кес)*Дәптермен жұмыс Екі бағандағы қатаң, үнді, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын заттардың<br><br>суреттерін сәйкестендір.<br><br>Р дыбысы бар заттарды қорша. Жануарларды ата. Буынға бөл, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | айтадыойыны.Дәптермен<br>жұмыс.Киіз үй<br>жабдықтары.Сандық<br><br>ты өрнектермен әсем<br><br>деп боя.Қоржынды асықпен<br>толтырайық ойыны. | | | неше буыннан тұратынын айт.<br>Дыбыстық талдау жаса.<br>(графикалық жұмыс) Нүктелерді<br>үзбей бастыр.Үзік сызықтарды<br>бастыр. |

**Үзіліс :**

| | | |
|---|---|---|
| ***Сюжетті - рөлді ойын:* «Тігінші»**<br>***Мақсаты:*** Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммунактивті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.<br>***Көрнекіліктер:*** Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар(ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар.<br><br>***Ойын барысы:***<br>Ұйымдастыру кезеңі.<br>Өнерім қол ұшында,<br>Боламын мен тігінші<br>Тігіншінің ішінде,<br>Бас бармақтай бірінші.<br>***Ойын: «Дұрысын тап»***<br>**Мақсаты:** Мамандықтарға байланысты киім үлгілерін бір - біріне үйлестіру.<br>***Тәрбиеші:*** Балалар әр мамандық иелері өздеріне сай киім киеді. Дәрігерлер ақ қалпақ пен халат кисе, ал құрылысшылар каска мен үстеріне арнайы халат киеді. Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табыңдар.<br>Балалар өздері ойлап, белгілей бастайды, сызады.<br>Тәрбиеші: Балалар аспазшы не киеді?<br>Шаштараз не киеді?<br>Балалар белгілеп береді.<br>- Ендеше, сендер түсінген боларсыңдар. Бұл - ойынды біз не үшін ойнағанымызды түсіндіріңдер. Бүгін біз қандай ойын ойнайтынымызды білдіңдер.<br>***Ойын:«Тігінші»***<br>***Тәрбиеші:*** Балалар тігіншілер не істейді? (киім тігеді)<br>Бірінші киім тігу үшін киініп алуымыз керек.<br>Балалар рөлдерді өздері бөліп алады. Бірі тігінші, бірі киім өлшеуші, бірі | ***Артикуляциялық жаттығулар:***<br>***Ойын:*** **« Часы» «Сағат»**<br>***Мақсаты:*** Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.<br>Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.<br>• ***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.<br>• ***«Саңырауқұлақ»*** - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.<br>***«Дәмді тосап»***<br>***Мақсаты:*** жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.<br>***Қысқаша сипаттамасы:*** Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.<br>***Әдістемелік нұсқау.***<br><br>1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау кере.<br><br>2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.<br><br>3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.<br><br>4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру | ***Саусақ ойыны:*** **« Тасбақа»**<br>***Мақсаты:*** Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді.<br>саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.<br>**1.Тасбақа**<br><br>Тасбақа, тасбақа,<br><br>Тас астында тұрады.<br><br>Басын баяу шығарып,<br><br>Тиіссең кері тығады.<br><br><br><br>Жұдырықты түйіп, бас бармақты шығарады да, тасбақаны бейнелейді.. Өлең мазмұнына қарай саусақты кері жасырады. Осы тектес келесі өлеңдерге де қимыл жасауға болады.<br><br>**Фонетикалық жаттығулар**<br>**Мақсаты:** Фонетикалық жаттығуды орындау барысындағы басты міндетіміз баланың нақты дыбыстарды дыбыстауы барысында дұрыс тыныс алуын және артикуляциясын қадағалау болып табылады.**1**<br>**.Баудағы кім?** Ара болсаң, ызыңда |

үтіктеуші болып бөлінеді. Айсара өзінің көйлегін қысқартып беруін сұрайды. Диляра қайшысын алып қиып, тігіп береді. Ал Сәния болса көйлекті үтіктеп береді. Келесі бала шалбар әкеледі. Одан қуыршаққа желетке тігеді. Ұшы жоқ қайшы болуы керек. Ойынды балалар өз қиялдары мен қалаулары бойынша әрі қарай жалғастырады. Бір - бірімен рөлдерді бөлісіп, ұйымшылдықпен ойнайды. Тәрбиеші әр уақытта балаларға көмек көрсетуі тиіс.







керек.

















**З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж**

Жұмыс істе, тығылма.

- Ара қалай дыбыстайды?

**(з- з-з)** - қатты\жай

**2.Жыланның ысылы.**

Жылан қалай дыбыстайды? Ыс-с—ыс-сссс....



**3.Шалқан**. Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «**О...о...о**!» деп таң қалды.







| | | |
|---|---|---|
| | | |

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2.Сауат ашу негіздері**<br><br>Дыбыстық талдау жасауды дамыту Сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету.<br><br>Дидактикалық ойын-жаттығулары «Жалауша»Дыбыстар айтылады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны,егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.«Тиісті белгіні көтер» жаттығуы.Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан<br><br>дауысты дыбысты айтқанда, қара түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда,қызыл дөңгелекті көтереді.<br><br>«Кім көп сөз ойлап айтады» ойыны<br><br>– Н дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар.– Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, неке, нақ, неліктен.<br><br>– Р дыбысынан басталатын сөз | **2.Көркем әдебиет**<br><br>Сюжеттік бірізділікті сақтап, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру Әңгіменің тілдік бейнелілігін сезінуге баулу.<br>Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет. Қазақстанның астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан (картадан көрсету). Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз. Қазақстан – біздің Отанымыз Әлия Дәулеткелдінің «Тәуелсіздігіміз мәңгілік» атты әңгімесімен танысамыз. Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар*:* Әңгіме қалай аталады? Саған әңгіме ұнады ма?<br>Авторы кім? Әңгіме не туралы? Бұл қандай мереке? Қазақстан халқы бұл мерекені қалай тойлайды?Тәуелсіздік мерекесін сен қалай сезінесің?Дидактикалық ойын: «Кім жылдам». Ойын шарты: Мақалдың басы айтылады, балаларжалғастырадыТуған жерге туыңды ... *(тік).* Батыр туса ел ырысы, жаңбыр жауса ... *(жер ырысы).* Дәптермен жұмыс: Суретті аяқтап, сал. | **2.Математика негіздері**<br><br>10 көлемінде тура және кері санау<br><br>дағдысын қалыптас<br><br>тыру. Келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру.<br><br>Сандық кесіндіден 1-діқосу және 1-діазайту арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қалыптастыру. 1-ді қосу және азайтуды үйрету. 10-ға дейін тура және керісанауды<br><br>жүргізу. Талдау, салыстыру, қарапайым<br><br>тұжырымдар жасауды үйрету. Карточкамен жұмыс демонстрация<br><br>лық материалмен жұмыс Топтан екі баланы шақырады, олар цифрды тез және дұрыс қояды, тура және кері санайды.Бір бала санауды | **2.Қоршаған ортамен таныстыру**<br><br>Жайлау,киіз үйдің құрылысы және оның ішкі жиһаздары туралы мәлімет беру.Тақия тастамақ<br><br>ойыны.Балалар дөңгенеле отырады.Бір бала тақияны алып,балаларды айналып жүреді.Балалар ойын<br><br>сөздерін айтып отырады.<br><br>Ойым бар,бір ойын<br><br>бастамақ,Аты оның тастамақ.Ақырын,ақырын бастаймын.,Бірінің тұсына келгенде,сездірмей тақия тастаймын!Бала тақияны бір баланың тұсына келіп,тастап қашады.Ол бала тақияны ала салып,<br><br>қуады,егер қуып жетпесе,<br><br>қашқан бала бос орынға отырып алады,қуып жете алмаған бала айыппұл төлейді.Балалардың сұрауы бойынша өлең,тақпақ<br><br>айтады,жан-жануардың дауысын салады.Қ.Баянбай | **2.Математика негіздері**<br><br>10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру. Келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру.<br><br>Сандық кесіндіден 1-діқосу және 1-діазайту арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қалыптастыру. 1-ді қосу және азайтуды үйрету. 10-ға дейін тура және кері санаудыжүргізу. Талдау, салыстыру, қарапайымтұжырымдар жасауды үйрету. Карточкамен жұмыс демонстрациялық материалмен жұмыс Топтан екі баланы шақырады, олар цифрды тез және дұрыс қояды, тура және кері санайды.Бір бала санауды бастайды,екіншісі жалғастырады деген тәсілді пайдаланамыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойлаңдар.<br><br>– Радио, раушан, рас, рет, резеңке, рең. Қолдарыншапалақтап, сөздерді буынға бөледі, сонан соң буындары ретімен айтады.Дәптермен жұмыс Дыбыстық талдау жаса.<br><br>Суреттерді штрихта.<br><br>Үзік сызықтарды бастыр. | Боя. | бастайды,екіншісі жалғастырады деген тәсілді пайдаланамыз. **Дәптермен жұмыс істеу.** Қандай вагондар<br><br>дың нөмірі жоқ? **Ойын жаттығуы**: «Жазбаны шеш». Балалар карточка<br><br>лардың көмегімен үстелде және тақтада математикалық жазбалар жасайды жұппен орындауды ұсынады,балалар суретте не бейнелен<br><br>генін санайды және атайды. Мысалдар құрастырып, оларды шығарады.Вагондар<br><br>ды бояйды. Әр қатарға неше вагон бояйдың?Әр қатарда неше вагоннан болды?«Математика лық жазулар» дәптері мен жұмыс. 16-ші беттегі № 21-ші тапсырманы орындауға ұсынады. | Киіз үй өлеңін оқу.Жайлау тақырыбында демонс<br><br>трациялық материал<br><br>дардағы суретпен жұмыс.<br><br>Жайлау жазғы қоныс.<br><br>Киіз үй сәулеттікқұрылыс.<br><br>Кереге,шаңырақ,уық,сырқыр ауық-киіз үйдің негізгі бөлшектері.Ұлттық ою түрлері:Балта,қызғалдақ,<br><br>қошқармүйіз,тарақ.<br><br>Үй жиһаздары:кебеже,<br><br>текемет,сырмақ.<br><br>Ұлттық киімдер:камзол,<br><br>мәсі,сәукеле,шапан,тақия.<br><br>Қай топ көп сөз айтады<br><br>ойыны.Дәптерменжұмыс.<br><br>Киіз үй жабдықтары.<br><br>Сандықты өрнектермен<br><br>әсемдеп боя.Қоржынды асықпен толтырайық ойыны. | |
| **Үзіліс:** | | | | | |

**Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ**

**Ойын:** *Жүретін саусақтар.*

**Мақсаты:** Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.

**Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар.

**Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.




**Үстел үстінде ойналатын ойындар.**

**Ойын: «Сарбаздарға не керек?»**(5-10 мин)

**Мақсаты:** Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

**Керекті құралдар:** ойынға керек ресурстар.

**Мазмұны:** Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Маңдайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады.

## 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | **3.Математика негіздері** | **3.Қазақ тілі** | **3.Қазақ тілі** | **3.Сөйлеуді дамыту** | **3.Шығармашылық іс-әрекет** |
|---|---|---|---|---|---|
| | «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру.<br><br>Балаларды«=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бір мәнді сәйкестікті анықтау;санау, салыстыру,санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту. Мөлдір дорбаны немесе тақтаның жоғарғы бөлігінде араластырылып бекітілген пішіндер | Шағын мәтіндер құрауды үйретуді жалғастыру.Шаттық шеңбері.Қол алысып,<br><br>кәне,біз.Достасайық бәріміз.Айтарым бар сендерге,Тезтұрыңдар шеңберге.Қандай жақсы біртұру,Қандай<br><br>жақсы дос болу.<br><br>Ғажайып сәт.Қонаққа қуыршақтар келеді.<br><br>Ойын:Алтын сақа.<br><br>Әсем қала-Алматы тақырыпты қайталау.<br><br>Жаңа сөздермен | Ертегіні сахналау,<br><br>диалогке қатысуға үйрету.Шаттық шеңбері.Аспан болсын көгілдір,Жайнай берсін бұл өмір.Ақ мамық қар жауып,біз аққала жасаймыз.Қима материалмен жұмыс.<br><br>Суреттер бойынша Қыс қызығы тақыры<br><br>быңдағы суреттерді көрсету,балалар<br><br>атайды,сөйлем құрастырады.Суреттің көмегімен Қолғап ертегісін айту.Ертегі мазмұны бойынша | Сөз,сөйлем деген не түсіндіру.Ажарлы қыс үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету.<br><br>Далада қар борайды.<br><br>Ақ мамыққа орайды.<br><br>Мұз болады,қатады.<br><br>Жып-жылтыр боп жатады.Қыс мезгілі туралы әңгіме. Сөйлем дегеніміз – тиянақты жинақталған бір ой. Сөйлемдер сұраулы сөйлем, хабарлы сөйлем болып бөлінеді. Әр сөйлемнің өзінің тыныс белгілері бар. Хабарлы сөйлемнен соң нүкте қойылады. Қуанышты, көңіл күйді білдіретін сөздерге леп белгісі қойылады, сұраулы | Елестету бойынша бірнеше бөліктерден зат жасау дағдыларын қалыптастыру.<br><br>Домбыра туралы әңгіме,<br><br>домбыра түрлері.Домбыра құрылысы.Домбыра жасаудың жолдары мен техникасын түсіндіру.<br><br>Қошқармүйіз оюы.Балалар шығармашылығы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жиынын көрсете отырып,сұрақ қойылады: бізде қандай печеньелер бар?Печеньенің пішінін анықтайды: дөңгелек,үшбұрыш,шаршы және сопақша. | таныстыру.Демонс<br><br>трациялық материал<br><br>дағы суретпен жұмыс.<br><br>Дыбыстық жаттығу.<br><br>Тақпақ жаттау.Қыста қармен ойнаймыз,<br><br>Қызыққа біз тоймай<br><br>мыз.Таудан төмен сыр<br><br>ғанап,Шаңғы,шана тебеміз.Жаңылтпаш.<br><br>Тұз-мұздай,Мұз-тұз<br><br>дай.Дәптерменжұмыс.Айдармасын айт  дидактикалық ойыны | сұрақтар.Ертегі кейіп<br><br>керлері:Қолғап,тыш<br><br>қан,бақа,аю.Ертегіні сахналау.Бетперделе<br><br>рін тағып ойнайды.<br><br>Дәптермен жұмыс.<br><br>Сыңарын тап,<br><br>сызықпен қос. | сөйлемнен кейін сұрақ белгісі қойылады.<br>Демонстрациялық материалмен жұмыс. | |
| **Үзіліс:   .** | | | | | |

| | |
|---|---|
| Балаларды үйге қайтару | Ата –аналарға кеңес<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | Ата –аналарға кеңес<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | Ата –аналарға кеңес<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | Ата –аналарға кеңес<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | Ата –аналарға кеңес<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы**: «Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі»МДШО МКМ
**Топ:** Мектепалды даярлық
**Топ жетекшісі:** Есенкелді Қаракөз Есенкелдіқызы
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың кезеңі : 9-13 қаңтар айы 2023ж**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі**<br>**9-қаңтар** | **Сейсенбі**<br>**10-қаңтар** | **Сәрсенбі**<br>**11-қаңтар** | **Бейсенбі**<br>**12-қаңтар** | **Жұма**<br>**13-қаңтар** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | **«Дұрыс көрсет, ажырат»**<br>**Мақсаты**: Балалардың тағамдар мен ыдыстар туралы біледі, олардың атауларын айта алады. | **«Өзім және отбасым»**<br>**Мақсаты**: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы айта алады бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді | **«Мамандықтың бәрі жақсы»**<br>**Мақсаты**: балалар әр түрлі мамандық иелерін біледі. | **«Бұны қай кезде киеді?»**<br>**Мақсаты**: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндай алады | **Бақша да ма,бау да ма?**<br>**Мақсаты**: Жемістер мен көкөністерді ажырата алады |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме:**Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | «Шарикті үрлеу».<br>(үстел үсті ойыны) | «Гүлді құрастыру»Топтық ойын | Жапырақ гүлін жасау | Фантикті жинау | Қағазды бүктеу,жазу |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Таңғы жаттығу кешені № 5** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттанамын, күлемін,<br>Бақытты боп жүремін.<br>Қатар тұрар шеңберде<br>Досым көбін білемін | Шаттанамын, күлемін,<br>Бақытты боп жүремін.<br>Қатар тұрар шеңберде<br>Досым көбін білемін | Шаттанамын, күлемін,<br>Бақытты боп жүремін.<br>Қатар тұрар шеңберде<br>Досым көбін білемін | Шаттанамын, күлемін,<br>Бақытты боп жүремін.<br>Қатар тұрар шеңберде<br>Досым көбін білемін | Шаттанамын, күлемін,<br>Бақытты боп жүремін.<br>Қатар тұрар шеңберде<br>Досым көбін білемін |
| **Білім беру ұйымының** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>«Л» – «Р» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынадай: ерін, тіл сәл ашылып, тілдің ұшы үстіңгі тістің түбіне тиеді. «Л» дыбысын айтқанда тілдің ұшы жоғары көтеріліп, тістің түбіне тиеді. Ал тілдің артқы жағы көтеріңкі, ортасы ашық болып, екі жағы тіске тимей, дем осы тілдің ортасынан шығады.<br>«Л» – дауыссыз дыбыс.<br>"Л" дыбысының буын арасында кездесуі.<br>Ла-Ла-Лақ<br>Лә-Лә-Ләззат<br>Да-Да-Дала<br>До-До-Долана<br>Құ-лақ<br>Құ-лан<br>**«Бір сөзбен айт»**<br>Ойынның барысы: Заттарды танып бір сөзбен айтуға үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: Ыдыстардың, ойыншықтардың, жануарлардың суреттері. | **1.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Топтық жұмыс.**<br>Балалар санамақпен екі топқа бөлінеді. 1-топқа үнтаспадағы әуендерді табу тапсырмасын беріледі. Ұсынылатын шығармалар үзінділері:<br>1.Құрманғазының «Сарыарқа» күйі;<br>2.Орыс халқының «Во поле березка стояла» әні;<br>3.Ұйғыр халқының «Аппақ қошақандар» әні.<br>Балалар әуендерді тыңдап, білгендерінше қай ұлт өкілдерінің туындылары екенін табуға тырысады.<br>2-топқа ұлттық музыкалық аспаптарды атауға тапсырма беріледі. Ұлттық аспаптарды көрсетіп, қай ұлт өкілдеріне тиісті екенін табуды ұсынады (домбыра, балалайка, дутар).<br>Балалар аспаптардың қай ұлт өкілдеріне тиесілі екенін ажыратып, қандай үн шығаратынын тамашалап, ұстап, | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Дидактикалық ойын «Бөлшектерін тап»**<br>Ойын барысы: бір заттың бөлшектерін тізіп айтады. Балалар ненің бөлшегі екенін тез табу керек.<br>1.Терезе, шатыр, қабырға – ...*(үй)*<br>2. Жапырақ, діңгек, бұтақ – ...*(ағаш)*<br>3. Дөңгелек, кузов, кабина, руль – ...*(көлік)*<br>4. Бас, аяқ, ауыз, өркеш – ...*(түйе)*<br>**Дидактикалық ойын «Сөз қос»**<br>Ойынның мақсаты: сөзге сөз қосып,сөйлем құрастырту арқылы баланың зейінін,шапшаң ойлауын дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: Шар, алма ойыншықтар.<br>Ойынның мазмұны: балаларды екі топқа бөліп өткізуге | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>«Л» – «Р» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынадай: ерін, тіл сәл ашылып, тілдің ұшы үстіңгі тістің түбіне тиеді. «Л» дыбысын айтқанда тілдің ұшы жоғары көтеріліп, тістің түбіне тиеді. Ал тілдің артқы жағы көтеріңкі, ортасы ашық болып, екі жағы тіске тимей, дем осы тілдің ортасынан шығады.<br>«Л» – дауыссыз дыбыс.<br>"Л" дыбысының буын арасында кездесуі.<br>Ла-Ла-Лақ<br>Лә-Лә-Ләззат<br>Да-Да-Дала<br>До-До-Долана<br>Құ-лақ<br>Құ-лан<br><br>**«Бір сөзбен айт»**<br>Ойынның барысы: Заттарды танып бір сөзбен айтуға үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: Ыдыстардың, ойыншықтардың, жануарлардың суреттері.<br>Ойынның мазмұны: Балаларға әртүрлі суреттер беріледі,сол | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Дидактикалық ойын «Мамандықты тап»**<br>1. Науқасты кім емдейді? *(Дәрігер)*<br>2. Шашты кім қияды? *(Шаштараз)*<br>3. Үйлерді кім салады? *(Құрылысшы)*<br>4. Көмірді кім табады? *(Шахтер)*<br>5. Кітапты кім жазады? *(Жазушы)*<br>**Дидактикалық ойын «Буынға буын қос»**<br>Ойын барысы:Балаларға суреттерді көрсетіп,бірінші буыны айтылады балалар сөзді жалғастырып соңғы буынды табады.<br>Мысалы: *ал...ма, бақта...шы, қар...быз, қа...уын, қала...қай, қыза...нақ, қор...жын, дәп...тер, қа...лам, қай...шы, жыл...қы, бе...сік, бал...та, көр...пе, сә...біз, бара...бан, қо...зы, құмырс...қа, шы...бын, қо...ян, ал...мұрт, май..мыл,*<br>**Дидактикалық жаттығу «Сөздегі дыбыстың орнын дұрыс анықта»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойынның мазмұны: Балаларға әртүрлі суреттер беріледі,сол суреттің ішінен бірдей заттарды тауып бір сөзбен атайды мысалы: ыдыстар, ойыншықтар, жануарлар | ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табады.<br>**Дидактикалық «Кім? Не?» (зат есімдер)**<br>Ойынның мақсаты: Жанды жансыз заттарды ажырата алады. Ойынның мазмұны:Балаларға суреттер беріледі. Балалар ол суреттерде не бейнеленгенін және оның жанды не жансыз екенін айтады. Жанды болса кім?,жансыз болса не? Сұрағы қойылады.<br><br><br><br>**Дидактикалық ойын: «Ойлан да аяқта»**<br>Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байыту, сөйлеу барысында қолдануларын қалыптастыру. Тілдің грамматикасын дұрыс сақтауын қалыптастыру, сөйлеу | болады. Тәрбиеші сөз айтады, балалар сөзге сөз қосып, сөйлем құрайды.<br>**Дидактикалық ойын «Көңілді доп»**<br>Мақсаты: Балалард ың ойлау қабілеттерін, сөйлеу мәдениетін одан ары қарай жетілдіру. Сөзден байланыстырып сөйлем құрастыруға үйрету.<br>Шарты: Тәрбиеші допты лақтырады, допты ұстап алған бала маманның іс-әркетін айтады<br>Дәрігер--- емдейді<br>Аспасшы-- пісіреді<br>Шаштаразшы- қиады<br>Тігінші- тігеді<br>Құрылысшы- үй салады<br>Жүргізуші- машина жүргізеді<br><br>Сатушы- сатады<br>**Дәптермен жұмыс**<br>1. Суреттегі көліктерді ата. Дауыссыз дыбыстардан басталатын | суреттің ішінен бірдей заттарды тауып бір сөзбен атайды мысалы: ыдыстар, ойыншықтар, жануарлар | Ойын барысы:Балаларға қандай да бір дыбыстан сөздер айтылады,балалар дыбыс сөздің басында болса, қызыл жалаушаны желбіретесіңдер, соңында болса, көк жалаушаны, ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер.<br>**-р-** (*ара, арман, арық, рақмет, қарбыз, қырық, рахат, рауғаш, ару, Ардақ, көзілдірік,көрік, көмір, күрес, күрек, рухани, қару, қарыз, қорық, қар, қарақат, қора, сиыр, сырмақ, қоңыр, қарға, қарлығаш, қарт, қырғыз, қырыққабат* т.б.);<br>**-ә-** ( *әтеш, әткеншек, әңгіме, кәрі, әтір, күнә, Күләш, бәтеңке, бәліш, әріп, Мәлік, Әлімжан, Әмір, тәтті, тәкәпар, тәрелке т.б.*);<br>**-м-** (*мақта, мал, мамық, қамыр, монша, моншақ, Әмина, қамзол, қаймақ, тамыр, тамыз,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | іскерліктері мен сөздік<br><br>қорын байыту.<br>Шарты: Берілген сурет бойынша тәрбиеші сөздерді айтады, ал балалар аяқтайды.<br>Қарға  ұшады,ал ат ...(шабады)<br>Ит үреді, ал қарға...(қарқылдайды)<br>Жылан жорғалайды, ал балық...(жүзеді)<br>Қасқыр ұлиды, ал қой...(маңырайды)<br>Түйе боздайды, ал жылқы...(кісінейді)<br>Лимон қышқыл, ал қант...(тәтті)<br>**Дәптермен жұмыс**<br>1.Ұлттық киімдерді әшекейле. Ою-өрнектерді боя | көліктер туралы сөйлем құра.<br>Сызбасын сыз.<br>2. Үзік сызықтарды бастыр. | | *көмір, комбайн, мата, мысық, том, әмір, темір, жемір т.б.).*<br>**Дәптермен жұмыс**<br>1.Дыбыстық талдау жаса:<br>**Кесе** сөзінде 2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс бар.<br>К – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс.<br>С – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс.<br>**Асық** сөзінде-2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс.<br>А – жуан дауысты дыбыс.<br>С – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Ы – жуан дауысты дыбыс.<br>Қ – қатаң, дауыссыз дыбыс.<br>2.Суретті штрихта<br>3.Бастыр |

**Үзіліс :  Жүгіруге арналған ойындар «Аюдың апанында»**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Тілді жаттықтыратын жаттығулар...** |  |  | **Ойын: « Аюдың апанында»**<br>**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>**Ойынның шарты:** Бір жақта аюдың апаны болады. Екінші |

| | | | |
|---|---|---|---|
| <br>**1. « Айнаға қарап жаттығу жасау»**<br>***2. Бағынбайтын тілді жазала.***<br>**Мақсаты:** Тіл еттерін бағыныштты етіп, кең түрде жалпийтып ұстауға үйрету;<br>**Бейнелеуі :** Ауызды кішкене ашып, тілді астынғы ерінге салу керек. Ерінді еппен қимылдатып, мынадай дыбысты шығару керек: «пя-пя-пя». Жалпақ тілді қалыпты жағдайда ұстай отырып, ауызды ашып, 1-10 дейін санау.<br>**Әдістемелік нұсқау :**<br>Төменгі ерінді бұрап, астынғы тістерге тартпау керек;<br>Тіл жалпақ болып , қырлары ауыздың бұрыштарына тимеу керек;<br>Тілді ерінмен бірнеше рет, бір дем шығаруда шапалақтау керек. Бала демді бөгемеу керек. Жаттығудын орындауын былай бақылауға болады: мақтаны баланың аузына қарай әкеліп ұстау. Бала жаттығуды дұрыс істеп отырса, мақта ауытқып кетеді. Бұл жаттығу басқасымен қатар, бағытталған ауа ағынын істеп шығаруына мүмкіндік жасайды. | <br> | <br> | жақта балалар тұратын үй болады.Тәрбиеші аюды балалардың ішінен біреуін тағайындайды.Тәрбиеші: «Балалар қыдырып келіңдер»,- дегенде балалар үйлерінен шығып, саңырауқұлақ теріп, көбелек ұстап,орман қыдырады /еңкееді, түзеледі, басқа қозғалыс жасайды/.<br>Олар дауыстап айтады:<br>-Біз аюдың қасында<br>Жеміс- жидек тереміз,<br>Аю ұйықтамайды,<br>Аю ырылдайды.<br>«Ырылдайды»,- деген сөзден кейін аю үйлеріне қашып бара жатқан балаларды ұстай бастайды. Аюдың қолы тиген балалар акюдың апанында қалады. Бірнеше рет ұсталғаннан кейін аюдың рөліне басқа бала тағайындалады. Ойын 3-4 рет қайталанады.<br>**Ұсыныс:** Ойынның басқа нұсқасы болуы мүмкін- екі аюмен ойнауға болады. |

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2.Математика негіздері**<br>**«Жанды апта».**<br>Ойынға 7 бала қатыстырылады. Олардың қолына аптаның күндері жазылған түрлі түсті шеңберлер ұстатамыз. Содан соң балалар апта күндерінің реті бойынша қатарға тұруы тиіс. Кейін ойынды қиындатуға болады. Мысалы, балалар аптаның кез келген күнінен бастап қатарға тұруы тиіс.<br>Балаларға шаршылар, дөңгелектер,сопақшалар, тіктөртбұрыш геометриялық фигуралар таратылады.Одан кейін тақтаға геометриялық | **2.Қазақ тілі**<br>**Дидактикалық ойын: «Біздің көңіл - күйіміз»**<br>Мақсаты: балаларды суреттегі бет- әлпет бойынша ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету.<br>Көңіл күйді білдіретін сөздерді дұрыс айтқызу.<br>Шарты: бет- әлпеттің мимикасына қарап, көңіл күйді білдіретін сөздерді бөліп айтады. Сөйлем құрайды, әр түрлі көңіл күйді білдіретін сәттерді салу.<br>Күліп тұрған бала<br>Ренжіп тұрған бала | **2.Математика негіздері**<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**1тапсырма.**Суретті қарайды,есеп құрастырады, шығарады. Есеп құрастырудың үлгісін көрсету:аквариумда қызғылт сары түсті 3 балық және күлгін түсті 2 балық жүзіпжүрді.Аквариумда қанша балық жүзіп жүр? Балалар үлгіге сүйене отырып,қалған суреттердегі тапсырмаларды құрастырады,шешеді, жауабын атайды<br>**Демонстрациялық материалмен** | **2.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Топтық жұмыс.**<br>Балалар санамақпен екі топқа бөлінеді. 1-топқа үнтаспадағы әуендерді табу тапсырмасын беріледі.<br>Ұсынылатын шығармалар үзінділері:<br>1.Құрманғазынің «Сарыарқа» күйі;<br>2.Орыс халқының «Во поле березка стояла» әні;<br>3.Ұйғыр халқының «Аппақ қошақандар» әні.<br>Балалар әуендерді тыңдап, білгендерінше қай ұлт өкілдерінің туындылары екенін | **2.Математика негіздері**<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**1тапсырма.**Суретті қарайды,есеп құрастырады, шығарады.Есеп құрастырудың үлгісін көрсетеді:аквариумда қызғылт сары түсті 3 балық және күлгін түсті 2 балық жүзіпжүрді.Аквариумда қанша балық жүзіп жүр? Балалар үлгіге сүйене отырып,қалған суреттердегі тапсырмаларды құрастырады,шешеді, жауабын атайды<br>**Демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>**«Сонша жина» дидактикалық ойыны**<br>Балалар топқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пішіндердіңбөлшектері нен құрастырылған жапсырманы іледі.Балалар жапсырманы талдап,пішін бөліктерінің атауымен танысады.<br><br>**«Дөңгелекті құрастыр» ойыны (практика жүзінде)**<br>Балаларға шаршының бөліктерін түсіндіру<br>1.Шаршының жиектерін сәйкестендіріп екіге бүктейді,бұл «жарты»<br>2.Шаршының жиектерін сәйкестендіріп төртке бүктейді,бұл «ширек»<br>3.Шаршыны теңдей екіге кессе,бұл «тіктөртбұрыш»<br>Осыдан кейін тақтаға бүтін және жарты шаршының суреті ілініп,<br><br>балалар жарты көппе әлде бүтін көппе сұрағын талқылайды.<br><br>**Дәптермен жұмыс:** | Аузын ашып тұрған бала. Аузын томпайтып тұрған бала т,б суреттер<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Суретке қара. Қай жыл мезгілі бейнеленген? Жануарларды ата. Тиін қайда отыр? | **жұмыс**<br>**«Сонша жина» дидактикалық ойыны**<br>Балалар топқа бөлінеді.Әр топтың үстелінде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер,«Лего»бөлшектері,геометриялық фигуралар, бұршақтар,қыстырғыш немесе басқа материалдар)<br>Балаларға 1-ден 10-ға дейінгі сан жазылған карточканы көрсетеді, балалар сол санға байланысты заттарды жинайды<br>**Дәптермен жұмыс**<br>2,3 тапсырмаларды орындау<br>**«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**<br>18-беттегі № 26 тапсырманы орындау | табуға тырысады.<br>2-топқа ұлттық музыкалық аспаптарды атауға тапсырма беріледі. Ұлттық аспаптарды көрсетіп, қай ұлт өкілдеріне тиісті екенін табуды ұсынады (домбыра, балалайка, дутар). Балалар аспаптардың қай ұлт өкілдеріне тиесілі екенін ажыратып, қандай үн шығаратынын тамашалап, ұстап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табады.<br>**Дидактикалық «Кім? Не?» (зат есімдер)**<br>Ойынның мақсаты: Жанды жансыз заттарды ажырата алады.<br>Ойынның мазмұны:Балаларға суреттер беріледі. Балалар ол суреттерде не бейнеленгенін және оның жанды не жансыз екенін айтады. Жанды болса кім?,жансыз болса не? Сұрағы қойылады. | бөлінеді.Әр топтың үстелінде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер,«Лего»бөлшектері,геометриялық фигуралар, бұршақтар,қыстырғыш немесе басқа материалдар)<br>Балаларға 1-ден 10-ға дейінгі сан жазылған карточканы көрсетеді, балалар сол санға байланысты заттарды жинайды<br>**Дәптермен жұмыс**<br>2,3 тапсырмаларды орындау<br><br>**«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**<br>18-беттегі № 26 тапсырманы орындау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1,2,3,4 тапсырмаларды орындау. Фигураларды теңестіріп, суреттерді аяқтап бояу.<br><br>**«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**<br>17-ші беттегі № 23-ші тапсырманы орындау | | | <br><br><br><br>**Дидактикалық ойын: «Ойлан да аяқта»**<br><br>Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байыту, сөйлеу барысында қолдануларын қалыптастыру. Тілдің грамматикасын дұрыс сақтауын қалыптастыру, сөйлеу іскерліктері мен сөздік<br>қорын байыту.<br>Шарты: Берілген сурет бойынша тәрбиеші сөздерді айтады, ал балалар аяқтайды.<br>Қарға ұшады,ал ат ...(шабады)<br>Ит үреді, ал қарға...(қарқылдайды)<br>Жылан жорғалайды, ал балық...(жүзеді)<br>Қасқыр ұлиды, ал | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қой...(маңырайды)<br>Түйе боздайды, ал жылқы...(кісінейді)<br>Лимон қышқыл, ал қант...(тәтті)<br><br>**Дәптермен жұмыс**<br><br>1.Ұлттық киімдерді әшекейле. Ою-өрнектерді<br>боя | |

**Үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар**
**« Дөңгелекті лақтыру »**

| | | |
|---|---|---|
| **Тіл ұстарту жаттығуы**<br>1) Ша-ша-ша<br>Жап жасыл шырша.<br>2) Ар-ар-ар<br>Қандай аппақ қар.<br>3) Ыс-ыс-ыс<br>Келіп қалды қыс.<br>4) Лар-лар-лар<br>Далада ойнаиды балалар. |  | **Ойын: « Дөңгелекті лақтыру »**<br>**Мақсаты:** Балаларды белгіленген бағыты көздей білуге,ептілікке,шапшаңдыққа үйрету.<br>**Ойынның шарты:** Ойын дөңгелектерді көздеп лақтырудан тұрады,доңгелектің диаметрі 15-20см. Ал таяқшаның ұзындығы 30-40см.<br>Балалар қатарға түрып 1,5-2метр ара қашықтықта дөңгелектерді таяқшаға дәлдеп лақтырып кіргізу керек.Балалар ойынды бірін кейін бірі жалғастырып ойнай береді. |

**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3.Сауат ашу негіздері**<br>**«Жалпы атауын ата» ойыны**<br>1. Құлпынай, таңқурай, қарақат – ... *(жидектер)*<br>2. Түймедақ, қызғалдақ, раушан – ... *(гүлдер)*<br>3. Көбелек, қоңыз, маса, құмырсқа – ... *(жәндіктер)*<br>4. Сиыр, ешкі, қой, жылқы | **3.Көркем әдебиет**<br>**Жаңа жыл келді**<br>Жаңа жыл да келеді<br>Бізге қарай жылыстап. Өлең де әзір, ән де әзір,<br>Ойын да әзір, бәрі әзір.<br>Кел, Жаңа жыл, біздерге,<br>Кел, Жаңа жыл, | **3.Қазақ тілі**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Не артық?».**<br>Тақтадағы суреттерді атап, ондағы артық суретті табады.<br>(Жануарлар және көйлек суреттері). | **3.Көркем әдебиет**<br><br>**Жақсы мен жаман**<br><br>Жақсы бала ол анық, Істемейді шалалық.<br>Тап-таза боп жуынып, Жүреді ол таранып. | **3.Шығармашылық іс-әрекет**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**“Қандай пішін жетіспейді?”**<br>Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – ... *(малдар)*<br>5. Күн, түн, таңертең, кеш – ... *(күн уақыты)*<br>**«Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны**<br>Балаларға дыбыстарды айтады: а, б, у, о, и,с, п, р, л, д, ф, ж. Балалар тиісті түсті көтереді,егер дыбыс дауысты болса, қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек.<br>**«Сөз айт, тез айт» дидактикалық ойыны**<br>Балаларды үш топқа бөлінеді. Бірінші топқа дауысты дыбыстардан басталатын сөздер, екінші топқа қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын, үшінші топқа ұяң және үнді дыбыстардан басталатын сөздер айтуға тапсырма беріледі. Сөз айтқан командаға жалауша беріп отырады. Ойын соңында жеңімпаз команда анықталады.Мысалы: дауысты дыбыстардан басталатын сөздер: *алма, ана, арна, ай, алқа, ауыз, орындық, от, Омар, он, оң, ол, ыдыс, ымырт,ірімшік, ілгіш, үтік, үй, үйшік, үлкен, өрмекші,* | Жаңа жыл!<br>**Дидактикалық ойын: «Нені жақсы көреді?»**<br>Мақсаты: Байланыс тыра сөйлеуге үйрету, сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру.<br><br>Шарты: қамқорлық, жануарларын қоректендіруге көмектесу Ойында Магнитті тақтада ойнайды. Балалар жануардың біреуін алып атайды оның не жақсы көретінін айтып суретін жанына орналастырады<br><br>**Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?»**<br><br>Ойын шарты: екі шырша қойылады. Балалар екі топқа бөлінеді. Шыршаны өздері жасаған ойыншықтармен, қағаз қолшаммен (фонарик) безендіру. Жылдам | **Дидактикалық ойын «Қайтала, көрсет».**<br>Балаларға киімдердің атауларын жекеше, көпше түрде және олардың түр-түстерін атайды. Балалар сөздерді қайталап, сөзге сәйкес суретті көрсетеді. Мысалы: көйлек, көйлектер, сары көйлек, қысқа жең жейде.<br><br>**Дидактикалық ойын «Керісінше айт»**<br>Ойынның мақсаты: Антоним сөздерді дұрыс айтуға үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: **доп**<br>Ойынның мазмұны: Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызады да допты лақтырып кез келген сөзді айтады. Балалар сол сөзге керісінше сөзді айтады. Мысалы: ақырын- | **Дәптермен жұмыс:**<br>1.Суретте не бейнеленген? Қай баланың ісі дұрыс? Қай баланың ісі дұрыс емес? Дұрысын – жасыл, дұрыс емесін қызыл түспен белгіле.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Біздің көңіл - күйіміз»**<br>Мақсаты: балаларды суреттегі бет-әлпет бойынша ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету. Көңіл күйді білдіретін сөздерді дұрыс айтқызу.<br>Шарты: бет-әлпеттің мимикасына қарап, көңіл күйді білдіретін сөздерді бөліп айтады. Сөйлем құрайды, әр түрлі көңіл күйді білдіретін сәттерді салу. | Шарты: Түрлі суреттер беріледі. Ол суреттердің жетіспейтін жерлерін толықтырып, сәйкес пішіндерді түстері бойынша тауып орналастыру.<br><br><br>**«Қысқы спорт түрлерін ата»**<br>Мақсаты:қыс мезгіліндегі спорт түрлері туралы білімдерін қалыптасады<br>Шарты: жасырынған суреттердің қандай спорт түрі екенін айтады.<br><br><br>**Балалар шығармашылығы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *өшіргіш, уық, уыз т.б.*<br>Қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер:<br>*қаймақ, қалта, қазан, қоңыз, қора, қап,қатық, құй, қасқыр, қоқыс, таң, ферма, шаш, сабын, хат, циркуль, щетка, картоп, парта,*<br>*сағыз т.б.*<br>Ұяң және үнді дыбыстардан басталатын сөздер: *бақа, вагон, гараж, ғарыш, доп, жаңбыр, зәкір, лақ, мақта, нағашы, радио, суық, гүл, балық, май, литр, жұлдызқұрт, жұдырық, жұмыртқа, дақ, Дана т.б.*<br>**«Сөйлемді жалғастыр» дидактикалық ойыны**<br>**Ойын шарты:** Балалар сөйлемнің басын айтады, балалар сөйлемді аяқтау керек.Мысалы:<br>Балалар бақта *жүгірді.*<br>Атам шалғымен *шөп шапты.*<br>Анам сиыр *сауды.*<br>Ағаштың түбі – *қалың қар.*<br>Аю қыста *ұйықтайды.*<br>Малдар жайлауда *жайылды.*<br>Балалар доп *ойнады.*<br>Үсен мәшинені *жуды.*<br>**Дәптермен жұмыс** | безендірген топ жеңімпаз атанады<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>1. Суретте балалар не істеп жатыр?<br>Әр балаға ат қой, олардың немен айналысқанын әңгімеле.<br>Жаңа жыл мерекесі қалай тойланады?<br>2. Жұмбақты шеш.<br>3. Жасыл ине киімім,<br>Жайлаймын тау биігін.<br>Жаңа жылды тойласаң,<br>Төріндемін үйіңнің.<br>*(Шырша)* | жылдам, суық-ыстық...<br><br>**Дәптермен жұмыс**<br>1.Киімдерді ата. Атауында қазақ тіліне тән Ұ дыбысы бар киімдерді қызыл, І дыбысы бар киімдерді көк қарындаштармен белгіле. | Күліп тұрған бала<br>Ренжіп тұрған бала<br>Аузын ашып тұрған бала<br>Аузын томпайтып тұрған бала т,б суреттер<br><br>**«Сиқырлы қапшық»**<br>Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар.<br>Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1. Суреттерді қара. Әр сурет бойынша сөйлем құра. Сызбасын сыз.<br>2. С дыбысының орнын анықта. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті, соңында болса – үшінші бөлікті көк түспен боя. | | | | |

**Үзіліс: Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Оң жақта» .**

| | | |
|---|---|---|
| **Саусақ гимнастикасы**<br>Саусақ ойындарын ойнату үшін алдымен балаларға қарапайым саусақ жаттығуларын жасату қажет. Саусақтары жаттыққан бала сөзді немесе өлеңді ойын қимылдарын тез орындап үйренеді.<br>**1. «Кір жуамыз».** Балалар жұдырығын қысып, «кір жуамыз» дегенде екі жұдырығын бір-біріне тигізбей қарама-қарсы қозғалтады.<br>**2. Тары мен күрішті жинау**. Балаға кішкене кесеге араластырылып салынған тары мен күріш беріледі. Тарыны бір кесеге, күрішті екінші кесеге салу тапсырылады.<br>**3. Қуыршақтың белбеуін байла**. Балаға қуыршақ және үш өрімді белбеу беріліп, «қуыршақтың белбеуін байла» деп тапсырма беріледі. Алғашында қиынсынса көмектесу керек. Біртіндеп жаттығу күрделенеді. Әрі қарай баланың өзі де қуыршақтың, кейін өзінің белбеуін, аяқ киімінің бауын еркін байлайтын болады. | <br> | ***Ойын: «Оң жақта»***<br>**Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** балалар кілемді жағалай отырады. Кілемнің барлық жағында 5-6 ойыншықтан орналасқан.<br>**1 нұсқа:** педагог балалардың оң қолдарын көрсетуін өтінеді. Кейін бір балаға ортаға шығып оң жағында қандай ойыншықтар тұрғанын атауын сұрайды. Ойын барысында келесі балалар да ойыншықтарды атайды, бірақ әр бала өз бағыттарын өзгертіп тұрады.<br>**2 нұсқа:** педагог не бала бір қатарда тұрған ойыншықтарды атап шығады да, кілемнің ортасында тұрған баладан оның оң жағында қандай ойыншықтар барын атауын өтінеді.<br>**3 нұсқа:** педагог бір баладан өзі атаған қатардағы ойыншықтардың (ойыншықтар атауын атайды) оң жағында орналасындай тұруын өтінеді.<br>**Қажетті заттар:** әртүрлі ойыншықтар. |

## 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4.Дене шынықтыру**<br>1.Бір, екі тізбекпен жүру; кең және қысқа адыммен, қолдарын сермеп, бір бүйірмен жүру. У-шу кешені бойынша тыныс алуларын қалпына келтіру.Сапқа тұрып, бірінші-екінші санағы бойынша санайды. Тізбекпен жүреді, залдың ортасында екі тізбек құрып жүреді. | **4.Музыка**<br>. Әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау.<br><br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева). Балалар музыкаға ілесіп, қорбаңдап, аюлардың жүрісін салады. | **4.Дене шынықтыру**<br>1.Бір-бірден тізбекке тұру. Қолдарды ауыстырып, жартылай отырып, тапсырмаларды орындау. Бір тізбекке сап құрып жүру. Қолдарын еркін ұстап, ырғақпен қимылдауға тырысады.Үш-үштен тізбекке қайта тұру.<br><br>2.Түзету | **4.Музыка**<br>Әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау.<br><br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева). Балалар музыкаға ілесіп, қорбаңдап, аюлардың жүрісін | **4.Дене шынықтыру**<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойыны «Кім зейінді?»** «Ғарышкерлердің» әрқайсысы зымырандағы өз орнын есте сақтап алуы керек.Басқарушылардың артынан төрт тізбекке тұрады. белгі берілгенде көздерін жұмады. Бастаушылар көрсетілген жерге барып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагогтің бұйрығына сәйкес бір іс-әрекеттен екінші іс- әрекетке көшеді. Қолмен аяқты үйлестіріп қозғайды. Баяу қарқынмен жүгіру.<br><br>2.Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Нөмірлері бойынша топ болып сапқа тұрады.30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру. Нұсқау – екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады.Заттардың жанында екі тізбекке тұрады. Топтарға ат қояды. Поролон текшелерден секіріп, құрсауды айналып өтіп, таяқшаны келесі балаға алып келіп, өзі тізбектің соңына тұрады. Келесі жолы топ болып секіріп барып, қайтарда жүгіріп қайтып келеді. Екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады.<br>**Ойын жаттығуы «Қатып қал»** | Ауыр қимылдап отырып-тұрады, отырғанда аяқтарын кезек-кезек созады, айналады.<br><br>**Музыка тыңдау.** «Вальс» (С. Майкапар).<br><br>***Ән айту**:* «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев).<br><br>**Билер:** «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан). Балалар биге жұптасып қатысады.<br><br>**«Қай аспапта ойнаймын?» ойыны**<br>**Мақсаты:** Қазақтың ұлттық аспаптарының (ішекті,ұрмалы,үрле ме ли) өзіндік тембрлік дыбысталуымен таныстыру, ажырата білуге үйрету. Аспаптарда ойнауға машықтандыру, | жаттығуларын орындау:«Көз – қол» «Пілді бейнелеу» Пілдің отырысындай отыру, немесе тұру. Аяқтарын аздап бүгу, басын иығына қисайту, қолдарын алдыға созып, үлкен қылқаламмен салғандай бір нәрсені бейнелеу. Сосын екінші қолмен сол қимылдарды қайталау.<br>3.Сол қолмен оң қолдың білезігін ұстап, уқалау. Оң қолмен сол қимылдарды қайталау. 4.Қолдарын көздің деңгейіне дейін көтеріп, түйістіру. Мұрнымен бір қолдың алақанынан бастап, бойымен жүргізе отырып, иығына дейін сызық салу. Сосын көз алдына шеңбер сызып, келесі қолмен осы қимылдарды қайталау.<br><br>**«Дегелек» жаттығуы.**<br>Тізелерін аздап бүгіп, иығын аздап алдыға еңкейтіп, қолдарын | салады.<br>Ауыр қимылдап отырып-тұрады, отырғанда аяқтарын кезек-кезек созады, айналады.<br><br>**Музыка тыңдау.** «Вальс» (С. Майкапар).<br><br>***Ән айту**:* «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев).<br><br>**Билер:** «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан). Балалар биге жұптасып қатысады.<br><br>**«Қай аспапта ойнаймын?» ойыны**<br>**Мақсаты:** Қазақтың ұлттық аспаптарының (ішекті,ұрмалы,үрлем елі) өзіндік тембрлік дыбысталуымен таныстыру, ажырата білуге үйрету. Аспаптарда ойнауға машықтандыру, қызығушылықтарын арттыру. | орналасады да жалауды көтереді. Ойыншылар өз командирлерін тез тауып, зымыранға отырып үлгеруі керек. Командир қолына батареялы ойыншық рөлді алады. Балалар «паровоз» жасап, төрт тізбекке бес-бестен тұрып, залмен командирлерінің артынан шеңбер бойымен түрлі бағытта жүре бастайды.<br><br>**Ойын жаттығуы: «Зымыранның ұшуы».**<br>Ойны барысы: Бастушынын артынан ұшу<br>Зымырандарды басқару тетігін қосу, «1-2-3 – кеттік!» сигналы<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойыны «Музыкалық ғаламшар»**<br>Ойын барысы: Біркелкі тыныс алып, ырғақтық гимнастика жасау. Жаттығуларды дұрыс, басқалармен бірдей жасауға тырысады.<br>**«Секектегіш»** ғаламшары.<br>Бұл ғаламшарда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойын барысы: Шашырап жүру, жүгіру. «Қатып қал!» бұйрығы бойынша бір орындарында қатып қалады.<br>**«Ержүректілікке жаттықтыру»**<br>«Бұлтқа қол жеткізу» Гимнастикалық қабырғада қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру. Тапсырмаларды бұлжытпай орындап, өздерін ержүрек екендіктерін көрсетуге тырысады.<br>**Тепе-теңдік:**<br>Гимнастикалық орындық үстінде бір аяқпен отырып, ал екінші аяқты орындықтың бір қырымен алып жүру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.Орындықтан түскенде жерге аяқтарының ұшымен түседі.<br>**Қимыл-қозғалыс** | қызығушылықтарын арттыру. | төмен салбыратып, алдыға қарап тұру.Тізесін бүккен бір аяғын көтереді де, шаңғыны көлденең ұстап, кідіріс жасайды.<br><br>**Шаңғы жолымен сырғыта аттап, бірінің артынан бірі жүру.**<br>Шаңғымен қозғалыста жылдамдық дұрыс қадам аттағаны мен қадамдар жиілігіне тікелей байланысты екендігіне басты назар аударту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Алшақ бас!».**<br>*Ойын барысы:* алшақ адымдар тек аяғымен жақсы итерілу, қолын екпінмен дұрыс сермеу, аздап бүгілген аяқпен барынша ұзаққа сырғығанда ғана мүмкін болатынына басты назар аудару керек.15 метр қашықтықты ойыншылар қанша қадам жасап жүріп өтетінін есептеп байқау. Ойыншылар шаңғы жолымен 15 | | балалар секіріп жүреді. Екі аяқтап биіктігі 20-30см заттардан аттап секіру.<br>**«Түрлі түсті ғаламшар»** – бұл ғаламшардың тұрғындары түрлі түсті доптарды жақсы көреді. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып қайта саусақтың басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу.Себеттен түрлі доптарды алып, қалауынша тұра қалады. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып, саусақтың басымен қарсы алып, қайта қайтарып аяқтың жанына қарай еденге соғуға тырысады.<br>Допты соққанда күш мөлшерін есептеп, дұрыс пайдалануға тырысады<br>**«Жорғалаушылар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойыны: «Кім шапшаң?»** Төрт бастаушыны таңдап, оларға түрлі жұлдызшалар береді.Төрт тізбекке тұрады. Бастаушы – командир. Көздерін жұмып тұрады. Осы кезде бастаушылар көрсетілген жерге барып тұрады. Белгі бойынша көздерін ашып, орындарын жылдам табуға тырысады,қалғандары бастаушының артына тізбекке тұрады. | | метр жүріп өтеді. Әр аяғымен мүмкіндігінше алысқа сырғуға тырысады. Қайтадан орнына жай жүріп қайтады. | | **ғаламшары»** – бұл ғаламшардың тұрғындары тек еңбектеп, жорғалап қозғалады. Модульдерден аттап шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп жүруге жаттығу.Шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп залдың келесі жағына модульдерден асып өтеді.Қолдары мен аяқтарының жұмысын үйлестіруге, бағытын сақтап қозғалуға, басқа балаларға соғылмауға тырысады.<br>«**Сиқырлы ғаламшар»** – бұл ғаламшардың тұрғындары алыптардан қортықтарға айнала алады.<br>Залға шашырап бытырыңқы жүрісті орындайды. Әртүрлі музыка әуенімен сәйкес қимылдар жасайды: шапшаң әуенге үлкен адымдап, қолын жоғары көтеріп жүреді. Баяу әуенге кішкентай қадамдар жасап, қолдарын беліне қойып жүреді |

| Серуенге дайындық | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуен** | ***Бақылау: Шықты бақылау.<br>Мақсаты: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы.<br>Еңбек : Ағаш бұтақтарын жинау.<br>Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аягына дейін тыңғылықты жасауға үйрету.<br>Жеке жұмыс: « Менің Отаным » өлеңін жаттату.<br>Отан – менің ата-анам,<br>Отан-досым , бауырым.<br>Отан-өлкем, астанам,<br>Отан-туған ауылым.<br>Мақсаты: Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Патриоттық сезімдерін арттыру.<br>Ойын: « Қояндар секіреді » .<br>Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Қимылдық ойын: « Қаздар мен бақташы » .<br>Ойын барысы: Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдап алады.Басқа балалар болады.Ортадан бір сызық созылады.Ол-қаздардың үйі болады.Бақташы қаздарды жайып шығады.Олар далада жайылып жүреді.<br>Бақташы: Қаздар, қаздар!?<br>Қаздар: га,га,га<br>Бақташы:тамақ жейсіңдер ме?<br>Қаздар: иә, иә, иә.<br>Бақташы: Ендеше ұшыңдар.<br>Қаздар:жоқ , аш қасқыр бар<br>Жібермейді ол жолда<br>Бақташы: тез ұшыңдар қалайда !<br>Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақташыға қарай жүгіреді.<br>Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет оянгандарында ауысып басқа балаларға кезек береді.<br>Еркін ойындар.<br>Тренинг: « Қаздар болып ұшайық » .*** | *Бақылау: Өткінші жаңбырды бақылау.<br>Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру.<br>Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру.<br>Еңбек : Ағаш түптерін қопсыту.<br>Мақсаты: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.<br>Жеке жұмыс: « Еңбекпен ел көгерер,<br>Жаңбырмен жер көгерер » .<br>Мақсаты: Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.<br>Қимылдық ойын : « Допты қуып жет » .<br>Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу.<br>Қимылдық ойын: « Кім тезірек? »<br>Мақсаты: Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.<br>Ойын барысы: Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады.Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланган жіп тартылады.<br>Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді.Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады.<br>Тренинг: « Қолшатыр » .* | *Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.<br>Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деәсер ететіндігін түсіндіру.<br>Еңбек : Біздің ойын алаңы<br>Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу.<br>Жеке жұмыс : Жел тынымсыз гуілдеп,<br>Болып кетті тым бұзық<br>Шуылдайды тал терек,<br>Жапырағын жұлғызып.<br>Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету..<br>Қимылдық ойын: « Айгөлек-ау, айгөлек » .<br>Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br>Қимылдық ойын: « Фигура жасап шық »<br>Ойын барысы : Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады.<br>Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса ( ирек жүріспен) алаң бойы секіреді.<br>Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе « тоқта » деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады.Басқарушы барлық « фигураларды » айналып шығып , ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да , ойын қайталанады.<br>Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру:<br>Қуаласпақ.<br>Тығылыспақ.<br>Тренинг: « Киіз үй » .* | ***Бақылау: Ауа-райын бақылау.<br>Мақсаты: Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру.<br>Еңбек : Гүл тұқымдарын жинау.<br>Мақсаты: Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан гүл өсетіндігін түсіндіру.<br>Жеке жұмыс: Сипап өткен самалға,<br>Тербеледі сары алма.<br>Көз салып едім бақшаға,<br>Қауын біткен сары ала.<br>Дидактикалық ойын: « Жемістер мен көкөністер » .<br>Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырату.Олардың адам ағзасына тигізер пайдасын түсіндіру.<br>Қимылдық ойын: « Тышқан мен мысық »<br>Мақсаты: Балаларды тату ойнауға үйрету .Тез жүгіруге , ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Қимылдық ойын: . « Доппен ұрып алу » .<br>Ойын барысы: Балалар дөңгеленіп тұрады.Тәрбиеші жүргізушіні таңдап алады да , допты береді. « Бір, екі , үш » дегенде балалар жан-жаққа қашады.<br>Жүргізуші доппен ұрады.Кімге тисе сол ойыннан шығады:Ойын осылай жалғасады.<br>Еркін ойын:<br>« Қуыршақты киіндіреміз » . « Отбасы »<br>Тренинг: « Біз көңілді балалар » .*** | ***Бақылау: Көгершінді бақылау.<br>Мақсаты: Балаларға көгершінің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні , тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп , оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>Еңбек : Ауладағы құстарға жем беру.<br>Мақсаты: . Табиғатты аялай білуге , құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>Жеке жұмыс: Жылы жаққа ұшпайтын<br>Біздің жақта қыстайтын<br>Құстар жүрсе жуықта,<br>Жем шашуды ұмытпа!<br>Мақсаты: Балаларға тақпақ жаттата отырып , есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуге мүмкіндік туғызу.<br>Ойын: « Шымшық доп » .<br>Мақсаты: Допты қатты тебуге, оны ұстап алуға үйрету.Ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Қимылдық ойын: « Ұстаушы, лентаны ал » .<br>Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа , тапқырлыққа , жылдам шешім қабылдауға үйрету.<br>Ойын барысы: Ойнаушылар шеңбер жасап тұрады, ұстаушыны таңдап алады.Ұстаушыдан басқасы түсті матаның немесе лентаның қиындысын алады да, оны мойынынан айқара айналдыра байлайды.<br>Ұстаушы шеңбердің ортасында тұрады.Тәрбиешінің « Жүгір » деген сигналы бойынша балалар бет-бетімен алаңға кетеді.Ұстаушы ойнаушылардың соңынан жүгіріп, біреуінің лентасын сыпырып алуға тырысады.Лентасынан айрылғандар уақытша бір жаққа шығып тұрады.Тәрбиешінің: « Бір, екі, үш, тездете шеңберге жүгір! » деген сигналы бойынша балалар шеңбер құрып тұрады. Ұстаушышы алынған лентаалардың санын есептеп, оны балаларға қайтып*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ***береді.Ойывн жаңадан ұстаушы тағайындаудан басталып , қайталанады.***<br>***Тренинг: « Құс болып ұшайық »*** |
| **Балаларды үйге қайтару** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы**: «Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі»МДШО МКМ
**Топ:** Мектепалды даярлық
**Топ жетекшісі:** Есенкелді Қаракөз Есенкелдіқызы
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
Жоспардың кезеңі : 16-20 қаңтар айы 2023ж

| Күн тәртібі | Дүйсенбі<br>16-қаңтар | Сейсенбі<br>17-қаңтар | Сәрсенбі<br>18-қаңтар | Бейсенбі<br>19-қаңтар | Жұма<br>20-қаңтар |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау **$8^{30}$** | | | | | |
| Ата –аналармен әңгімелесу кеңес беру,балаларды жан-жақты қарап қабылдап алу,дене қызуын бақылау,ата-анасынан түнгі ұйқысы қалай болғандығын сұрау,күнделікті мектепке әкеліп,алып кетулерін қадағалау. Мәдени-гигиеналық әрекеттер мен дағдылар,ұйымдастыру шаралары ,балалардың қызығушылығына,көңіл күйіне назар аудару<br>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)**$8^{40}$-$8^{50}$** | | | | | |
| Таңғы жаттығу **$8^{50}$-$8^{55}$** | Гимнастика №1 | | | | |
| Балалармен ойындар<br>ҮІӘ дайындық | 1.Сөйлеуді дамыту<br>2. Математика негіздері<br>3. Сауат ашу негіздері<br>4. Дене шынықтыру | 1. Қоршаған ортамен танысу<br>2. Қазақ тілі<br>3. Көркем әдебиет<br>4. Музыка | 1. Сауат ашу негіздері<br>2. Математика негіздері<br>3. Қазақ тілі<br>4. Дене шынықтыру | 1. Сөйлеуді дамыту<br>2. Қоршаған ортамен танысу<br>3. Көркем әдебиет<br>4. Музыка | 1.Сауат ашу негіздері<br>2. Математика негіздері<br>3.Шығармашылық іс-әрекет<br>4.Дене шынықтыру |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Сөйлеуді дамыту Дидактикалық ойын «Торғай мен мысық» Ойын барысы:**<br>Педагог – «мысық», ал қалғандары «торғайлар» болады. Бөлмеде жағымды баяу әуен ойналады. «Торғайлар» алаңқайда секіріп, ұшып-қонып жүреді. Мысықтың | **1.Қоршаған ортамен танысу**<br>Ш. Мәмбетовтің «Бейбіт өмір солдаты» өлеңін мәнерлеп оқу<br>**Демонстрациялық материалдармен жұмыс. «Жерде, әуеде, суда» ойыны.**<br>Шарты: жерде, әуеде, суда қызмет ететін | **1.Сауат ашу негіздері «Қарама-қарсы іс-әрекетті айт» ойыны**<br>Ойын барысы: Сөйлемдегі іс-әрекеттерге қарама-қарсы сөздерді айту<br>1. Үміт жылады, Іңкәр ... (жыламады)<br>2. Марат үндемей отыр, Таңат ... отыр. (шулап)<br>3. Ардақ жазып отыр | **1.Сөйлеуді дамыту Дидактикалық ойын «Торғай мен мысық» Ойын барысы:**<br>Педагог – «мысық», ал қалғандары «торғайлар» болады. Бөлмеде жағымды баяу әуен ойналады. «Торғайлар» алаңқайда секіріп, ұшып-қонып жүреді. Мысықтың дауысын естісімен «торғайлар» өз ұяларына ұша | **1.Сауат ашу негіздері «Қарама-қарсы іс-әрекетті айт» ойыны**<br>Ойын барысы:<br>Сөйлемдегі іс-әрекеттерге қарама-қарсы сөздерді айту<br>1. Үміт жылады, Іңкәр ... (жыламады)<br>2. Марат үндемей отыр, Таңат ... отыр. (шулап)<br>3. Ардақ жазып отыр , Асыл ... (жазбай отыр)<br>4. Қыздар биледі, ұлдар ... (билемеді)<br>5. Ақтөс үрді, Құтжол ... |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дауысын естісімен «торғайлар» өз ұяларына ұша жөнеледі. Ұсталған «торғай» «мысық» болып ауысады. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**М.Зверевтің «Су торғайы» әңгімесін оқу**<br>**«Ж» – «Ш» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы:**<br>«Ш» – «Ж» дыбыстарын айтқанда ерін дөңгеленеді де алға қарай жиырылады.Тіл ұшы жалпақтанып, тістердің түбіне жуықтайды, бірақ тимейді.<br>**«Ш» дыбысын дұрыс естіп, ажыратуға арналған жаттығулар:**<br>1)Ша-ша-ша – шана. Шу-шу-шу – шуда. Шы-шы-шы – шыны. Ше-ше-ше – шелек. Ши-ши-ши – шие.Шө-шө-шө – шөп.<br>2)Аш-аш-аш – | сарбаздардың және шегара бағаны, танк т.б. суреттері көрсетіледі. Педагог «Жерде» деп танкистің суретін көрсетеді. Осы кезде балалар аяқтарымен адымдайды. «Әуеде» деп ұшқыштың суретін көрсеткенде, қолдарын жанжаққа жайып, ұшқан сияқты болады. «Суда» дегенде суда жүзген секілді қимылдар көрсетеді. Балаларға Ұлы Отан соғысы және атақты қаһармандар туралы әңгімелеу.<br>**Дәптермен** | , Асыл ... (жазбай отыр)<br>4. Қыздар биледі, ұлдар ... (билемеді)<br>5. Ақтөс үрді, Құтжол ... (үрмеді)<br>**Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»**<br>**Ойын барысы: Балаларға** қандай да бір дыбысты айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**Дидактикалық жаттығуы: «Жуан дауысты сөзден баста»**<br>**Жаттығу барысы:** Қойған сұрақтарға балалар жуан дауысты дыбыстан басталатын сөздермен жауап беру керек.<br>1. Қандай көлікпен бардың? (Ұшақпен ұштым т.б.)<br>2. Сүйікті сусының? (Айран т.б.)<br>3. Достарыңның аты? (Орал, Ұлпан, | жөнеледі. Ұсталған «торғай» «мысық» болып ауысады. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**М.Зверевтің «Су торғайы» әңгімесін оқу**<br>**«Ж» – «Ш» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы:**<br>«Ш» – «Ж» дыбыстарын айтқанда ерін дөңгеленеді де алға қарай жиырылады.Тіл ұшы жалпақтанып, тістердің түбіне жуықтайды, бірақ тимейді.<br>**«Ш» дыбысын дұрыс естіп, ажыратуға арналған жаттығулар:**<br>1)Ша-ша-ша – шана. Шу-шу-шу – шуда. Шы-шы-шы – шыны. Ше-ше-ше – шелек. Ши-ши-ши – шие.Шө-шө-шө – шөп.<br>2)Аш-аш-аш – ашық. Ұш-ұш-ұш – ұшқыш. Ыш-ыш-ыш – қыш. Өш-өш-өш – көш.<br>**Қадыр Мырза Әлидің жаңылтпаштарын балаларға айтқызу:**<br>1)Шемішке шақсан шақ, | (үрмеді)<br>**Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»**<br>**Ойын барысы: Балаларға** қандай да бір дыбысты айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**Дидактикалық жаттығуы: «Жуан дауысты сөзден баста»**<br>**Жаттығу барысы:** Қойған сұрақтарға балалар жуан дауысты дыбыстан басталатын сөздермен жауап беру керек.<br>1. Қандай көлікпен бардың? (Ұшақпен ұштым т.б.)<br>2. Сүйікті сусының? (Айран т.б.)<br>3. Достарыңның аты? (Орал, Ұлпан, Омар, Асқар, Ынтымақ, Олжас.)<br>4. Сүйікті ойыныңның аты қандай? («Асық», «Арқан тартыс» т.б.)<br>**Ойын: «Дұрыс қос»**<br>**Ойын барысы:** тақтаға екі қатарға суреттер іледі. Балаларға әр қайсысын атап айтқызады. Балаларды бір-бірден тақтаға шақырып, тапсырманы орындатады.<br>1. Бір буыннан тұрып, тамақты білдіретін екі суретті қос (нан- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ашық.<br>Ұш-ұш-ұш – ұшқыш. Ыш-ыш-ыш – қыш. Өш-өш-өш – көш.<br><br>**Қадыр Мырза Әлидің жаңылтпаштарың балаларға айтқызу:**<br>1)Шемішке шақсан шақ,<br>Шапшаң шақ.<br>Шөбіңді шапсан шап,<br>Шапшаң шап.<br>2)Жоғалды бес шыбыш,<br>Жоқ әлі еш сыбыс.<br>Жоқ әлі еш сыбыс,<br>Жоғалды бес шыбыш.<br>**Дидактикалық ойын: «Не жақсы, не жаман?»**<br>Ойын шарты: Берілген суреттерден жақсы және жаман істерді тауып көрсету керек Дәптердегі тапсырма бойынша орындалады. | **жұмыс**<br>1.Артық суреттерді тап. Белгіле.<br>2.Ардагерлерге арналған «Жеңіс күні» атты ашықхаттың суретін сал. | Омар, Асқар, Ынтымақ, Олжас.)<br>4. Сүйікті ойынынының аты қандай? («Асық», «Арқан тартыс» т.б.)<br>**Ойын: «Дұрыс қос»**<br>**Ойын барысы:** тақтаға екі қатарға суреттер іледі. Балаларға әр қайсысын атап айтқызады. Балаларды бір-бірден тақтаға шақырып, тапсырманы орындатады.<br>1. Бір буыннан тұрып, тамақты білдіретін екі суретті қос (нан-қант).<br>2. Екі буыннан тұрып, төсек-орынды білдіретін екі суретті қос (жастық, көрпе).<br>3. Үш буыннан тұрып, көгөністі білдіретін екі суретті қос ( асқабақ, қызанақ).<br>**Ойын-жаттығу: «Сөз таңда»**<br>Ойын барысы:Балалар суретттегі заттардың тиістісін | Шапшаң шақ.<br>Шөбіңді шапсан шап,<br>Шапшаң шап.<br>2)Жоғалды бес шыбыш,<br>Жоқ әлі еш сыбыс.<br>Жоқ әлі еш сыбыс,<br>Жоғалды бес шыбыш.<br>**Дидактикалық ойын: «Не жақсы, не жаман?»**<br>Ойын шарты: Берілген суреттерден жақсы және жаман істерді тауып көрсету керек Дәптердегі тапсырма бойынша орындалады | қант).<br>2. Екі буыннан тұрып, төсек-орынды білдіретін екі суретті қос (жастық, көрпе).<br>3. Үш буыннан тұрып, көгөністі білдіретін екі суретті қос ( асқабақ, қызанақ).<br>**Ойын-жаттығу: «Сөз таңда»**<br>Балалар суретттегі заттардың тиістісін айтып, мақалды толықтырады. Суреттегі заттардың атын буынға бөледі.<br>**Мақал – сөздің мәйегі.**<br>1) Оқу ... құдық қазғандай.<br>*и-не, кү-рек, қа-сық.*<br>2) Ата көрген ... жонар<br>*оқ, оқ-тау, ер.*<br>3) Ана көрген ... пішер.<br>*жей-де, тон, көй-лек.*<br>4) Асықпаған арбамен . . . алады.<br>*түл-кі, қо-ян, а-ю.*<br>**Дәптермен жұмыс**<br>1.Дыбыстық талдау жаса<br>2.Үзік сызықтарды бастыр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | зат. Ақ, тәтті, қатты. *(қант)*<br>2. Бұл – жеміс. Сары, сопақ, қышқыл. *(лимон)*<br>3. Бұл – аң. Ақ, мамық, құлағы ұзын. *(қоян)*<br>4. Бұл – ойыншық. Домалақ, үлкен, жеңіл.*(доп)*<br>***Дидактикалық ойын: «Бірінші дыбысты қайтала» (доппен).***<br>бірінші дыбысын анығырақ етіп, қандай да бір сөзді айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап допты, кері лақтырады. (Ойынға барлық бала қатысады.)<br>Мысалы:<br>*рррадио(р), ууыылдырық(у), ааалма(а), қққасқыр(қ), мммақта(м), қққияр(қ), сссағат(с),* | Жолбарысқа ұқсайды,<br>Тек тышқанды ұстайды.<br>*(Мысық)*<br>Өзі айлакер, өзі бір қу,<br>Жүрген жері айғай-шу.<br>*(Түлкі)*<br>**Орыс халқының «Мысық,әтеш және түлкі» Ертегісін мәнерлеп оқу**<br>Ертегінің өлеңнен айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады.<br>**«Сиқырлы қапшық»**<br>Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар.<br>Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.<br>**Дидактикалық ойын «Мен қандаймын»**<br>Ойын барысы: Балаларға сұрақ қойылады сәйкесінше балалар сол сұраққа жауап береді<br>– Сен қандай баласың? *(Мен әдепті баламын.)*<br>– Арман, сен қандай баласың? *(Мен жақсы баламын.)* т.б. | төмен қаратып ұстап тұрады. Балалар сұқ саусақтарын алақанның ішіне тигізіп тұрады. Үшке дейін санап, алақанын жұмады, осы кезде балалар жылдам қолдарын алуға тырысады. Қай баланың қолын ұстап қалса, сол бала ойыннан шығады.<br>**Ойын: «Кім жылдам?»**<br>Ойын шарты: Балалар себетке көгөністерді жинайды, атайды, сипаттайды.<br>**«Дүкен» ойыны.**<br>Балалармен қима материалдарды қолданып, сұрақ-жауап әдісі арқылы диалог құру. Жемістердің қазақша атауын қайталау, есте сақтау.<br>Санамақпен сатушыны таңдайды. Бала дүкенге келеді.<br>– Сәлеметсіз бе!<br>– Сәлеметсіз бе!<br>– Маған өрік беріңізші.<br>– Алыңыз.<br>– Рақмет. Сау болыңыз.<br>Ойынды күрделендіруге болады. Бала жемісті сипаттайды. Сатушы оның қандай жеміс екенін табады. | ***«Ғажайып қоржын».***<br>Ойынның шарты: Ғажайып қоржынның ішінде заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар. Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып, бөлек жинайды, атайды<br>***Дидактикалық ойын: «Дәмін тат».***<br>Ойынның шарты: Ойынға қатысушылардың көзін кезекпен байлап, кесілген дайын жемісті аузына салады. Бала дәмі бойынша қандай жеміс екенін табады.<br>***Дидактикалық ойын: «Бұл қандай ойыншық?»***<br>Ойын шарты: Қоржын ішінде бірнеше ойыншық болады. Балалар қоржынға қолын салып, көрмей, сипап сезу арқылы қандай ойыншық екенін табады.<br>Ойыншық туралы өз ойын айтады. | **мәнерлеп оқу**<br>**Түрлі-түсті қағаздармен жұмыс жасау**<br>**Дидактикалық ойын: “Қандай пішін жетіспейді?”**<br>Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.<br>Шарты: Түрлі суреттер беріледі. Ол суреттердің жетіспейтін жерлерін толықтырып, сәйкес пішіндерді түстері бойынша тауып орналастыру.<br><br>**«Фотоаппарат» ойыны**<br>**Ойын шарты:Сұрақтарға жауап беріп суреттерді тақтаға ілу**<br>1)Жан-жағына алақ-жұлақ етіп келе жатқан аң?<br>2)Апанында ұйықтап жатқан аң?<br>3) Ағаштың басында жаңғағын кеміріп отырған сүйкімді аң? |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *қққыс(қ), ааалжапқыш(а), тттышқан(т), сссазан(с), өөөшіргіш(ө), жжжұлдыз(ж), жжжастық(ж), дддиректор(д), жжжарық(ж), шшшұлық(ш), мм727мектеп(м), ууыз(у), тттиін(т), қққолшатыр(қ), бббақа(б), иит(и),* т.б<br>***Дидактикалық жаттығу: «Жуан дауысты дыбысты тап»***Ойын шарты: Балалар,сендерге жуан дауысты дыбыстан басталғансөзді естісеңдер, бір рет шапалақ ұрыңдар. Мысалы: *гүл, жүзім, алма, қатық, апорт, от, пима, Ұлбала, қайшы, ұл, ыдыс, оқтау,аққу, әтеш, тауық, Ұлжан, көбелек, ымырт, Алпамыс, айна, етік, қарлығаш,* | **Дәптермен жұмыс:**<br>1.Ертегінің мазмұнын сурет бойынша баянда.Ертегіде қандай кейіпкерлер кездеседі? Мысықтың, әтеш пен түлкінің дауысын және жүрісін сал.<br>2.Қай аң жасырынғанын тап. | | | 4)Аяғының ұшымен, білдірмей жүріп, құлығын асырып жүретін аң?<br>**Балалар шығармашылығы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *ұлу, жүген,түйе, ұста, ожау, тамаша, алмұрт, ірімшік, сыпырғыш, Олжас, жылан, отын, алақан т.б.* | | | | |

**Үзіліс: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны.**

| | | |
|---|---|---|
| **Тіл гимнастикасы**<br>**«Р»-ға тілің келе ме?**<br><br>**Қаламқасқа «тұр», - деші,**<br>**Қарындашқа «жүр», - деші.**<br>**«Қара қарындашты**<br>**Қаламқас алып тұр», - деші,**<br>**Ал енді өзің-ақ**<br>**«Р-р-р-р», - деші.** | **Ойын:«Торғайлар мен тор»** қимылды ойыны<br>**Мақсаты:**Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.<br>**Ойынның шарты:**Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ алаңның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ- торғайлар. Тәрбиеші торды ашыңдар дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын көтереді.( Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шеңбердің ішіне кіреді, тез қайта шығуға тырысады. Тәрбиеші «торды жабыңдар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар шеңберге қосылады. Сөйтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды. |  |

**4 - ұйымдастырылғаніс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4.Дене шынықтыру**<br>**Корданацияны дамыту жаттығулары: «Көз-қол»**<br>«Көздерімен атыс» оңға – солға, жоғары – төмен (6рет).көздерімен сағат тілімен 6 шеңбер, сағат тіліне қарсы 6 шеңберсалу.1–9 сандарын көздеріменжазу. Көздерімен көлденең 6 сегіздіжазу.Көздерімен | **4.Музыка**<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**«Қоян», «Аю» (Е. Тиличеева).<br>Балалар шеңбер бойында тұрып, қосаяқтап қоянша секіреді де, музыка өзгергенде аюдың жүрісін салып, қорбаңдап жүреді.<br>**Музыка тыңдау:**«Бесік жыры» (Ш.Мұхамеджанов).<br>**Ән айту:**«Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев).<br>**Билер:**«Полька» хорват | **4.Дене шынықтыру**<br>**Сезімдік ойын: «Табиғаттың төрт құдіреті»**<br>Жайлаудағы ойындар мен шопандардың, жылқышылардың шаруасы жайлы әңгімелерді жалғастыру.Балалар залда бытырап жүреді. Бастаушының нұсқауларын | **4.Музыка**<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**«Қоян», «Аю» (Е. Тиличеева).<br>Балалар шеңбер бойында тұрып, қосаяқтап қоянша секіреді де, музыка өзгергенде аюдың жүрісін салып, қорбаңдап жүреді.<br>**Музыка тыңдау:**«Бесік жыры» (Ш.Мұхамеджанов).<br>**Ән айту:**«Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев).<br>**Билер:**«Полька» хорват | **4.Дене шынықтыру**<br>**Жаңылысқан ұтылады»**<br>«Доп» тақтайшасын көрсеткенде секіре жөнеледі, «тас» тақтайшасын көрсеткенде арқасын дөңгелетіп отыра қалады, «тырна» тақтайшасын көрсеткенде бір аяқпен тұра |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сағат тілімен 6 үшбұрыш, сағат тіліне қарсы 6 үшбұрышсалу. Сағат тілімен көздерімен үшбұрыш, шаршы, шеңбер салу, сағат тіліне қарсы сол фигуралардысалу. **«Желпуіш саламыз»** айнала Шаңғының ұшын 180 қозғалып, бұрылады. **«Тоннель».** Алаң бойымен бағандарға байланған бауларды түрлі биіктікте тартып қою. Осы баулардың астымен өткенде биіктігіне байланысты әртүрлі әдісті пайдаланатынын ескеру керек.Балалардың қажетті арақашықтықты, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауын қадағалау керек. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ақшақарлар мен тентек жел» (тыныс алу гимнастикасын орындау)** Балалар екі топқа бөлінеді. «Ақшақарлар» аяғының ұшымен билеп, айнала ұшып жүреді. «Тентек желдер» дем алады. Педагог: «Жел тұрды!» – дегенде «тентек | халық әуені (өңдеген В. Герчик). Балалармен полька музыкасына жеңіл, аяқты жеңіл көтеріп секіру (подскоки) биін үйрену **Ойындар, хороводтар:**«Көлеңке» (К. Қуатбаев). Ойын шарты: Балалар шеңбер бойымен тұрады.Топ ішінен бойы ұзын бір бала және бойы аласа бір баланы таңдап алады. Бойы қысқа баланың «көлеңке» болатынын түсіндіреді.Яғни, әнді айта жүріп, бойы ұзын бала қандай қимыл жасаса, «көлеңке» соның қимылын шатаспай қайталауы тиіс. Ойын шарты бұзылса, айып ретінде тақпақ немесе ән орындап береді. **Музыкалық аспапта ойнау**:«Құлыншақ» (С. Урбах). | бұлжытпай орындайды. Егер«жер» десе, қолдарын төмен түсіреді, егер «су» десе, қолдарын алға созып, суда малтаған сыңай көрсетеді, «ауа» десе, құстай ұшып бара жатқандай болады, «от» десе, қолдарын созып алай-дүлей айналдыра бастайды. **Түрлі биіктіктегі арқандардан секіру.** Әр арқанға сай екпін алу, аяқпен тірелу және қолдарын уақытылы сермеп секіру.Бірінен соң бірі қажетті арақашықтықты сақтай отырып, секіреді. Осы уақытқа дейін білген-үйренгендерін қолданады. Әр арқанға өз екпінін таңдап алады. Қажет болса, орнынан итеріліп секіріп өтеді. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қарсыласыңды көтер» Балалар бір-біріне қарама-қарсы отырады. Түзу қолдарына гимнастикалық | халық әуені (өңдеген В. Герчик). Балалармен полька музыкасына жеңіл, аяқты жеңіл көтеріп секіру (подскоки) биін үйрену **Ойындар, хороводтар:**«Көлеңке» (К. Қуатбаев). Ойын шарты: Балалар шеңбер бойымен тұрады.Топ ішінен бойы ұзын бір бала және бойы аласа бір баланы таңдап алады. Бойы қысқа баланың «көлеңке» болатынын түсіндіреді.Яғни, әнді айта жүріп, бойы ұзын бала қандай қимыл жасаса, «көлеңке» соның қимылын шатаспай қайталауы тиіс. Ойын шарты бұзылса, айып ретінде тақпақ немесе ән орындап береді. **Музыкалық аспапта ойнау**:«Құлыншақ» (С. Урбах). | қалады.Топтарға бөлініп, негізгі жаттығуларды орындау. Қауіпсіздік ережелерін үнемі еске салып отыру керек. Топтардағы бастаушылардың дұрыс ауысып тұруын қадағалау.Арқанмен айналмалы жаттығулар **«Қайтпас қайсарлар» Арқандармен қырындапжүру.**Аяқ басы еденде, өкшелерін арқан үстіне басып, қырындап жүру.Арқан үстіне аяғының өкшелерін қойып, аяғының басын жерге қойып, дұрыс жүруін қадағалау. **«Ең шапшаң» – айналдырып тұрған арқаннан жүгіріпөту.** Айналдырып тұрған арқаннан арқанның ең биік нүктеден өтер шағында Бір-біріне кедергі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | желдер» шығып, «ш-ш-ш-ш-ш» деп оларды ұшыра бастайды. «Ақшақарлар» қашып, жата қалады, тығылады. | | таяқшаны ұстап, табанымен тіреледі. Белгі бойынша, әр ойыншы таяқты өзіне тартып, қарсыласын орнынан жұлып алуға тырысады.Қарсыласын жұлып тұрғызған бала жеңеді.Таяқты жоғары көтеріп, жан-жаққа сермеуге болмайды. | | жасамауға тырысады.«Мың бұралып майысқан» – арқан төмендеген сайын, арқасын артқа шалқайтып тартылған арқаннан өтіп кетуде күшсынасады. Топтарға бөлініп, ең аласа бойы бар баламен өлшеп тартылған арқанның астынанөтеді.Тепе-теңдікті сақтап, артқа қарай тек қана арқанның тұсына келгенде қайырылып өтуге машықтанады. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «**Арқаннан секіру**» Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрып алып, арқанның бір ұшынан ұстап екінші ұшын жерге домалата отырып, айналдырады.Айналдыруды баяулап, тездетіптұрады. Айналдырып тұрып, ойыншыларғы тигізуге тырысады. Ойыншылар аяғының дәл астына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | келген сәтте арқаннан секіріп, аяғын алып қашып үлгереді.<br><br>: |
| **Серуенгедайындық** | Киімдердіреттіліктісақтапдұрыскиінугеүйрету. | Киімдердіреттіліктісақтапдұрыскиінугеүйрету. | Киімдердіреттіліктісақтапдұрыскиінугеүйрету. | Киімдердіреттіліктісақтапдұрыскиінугеүйрету. | Киімдердіреттіліктісақтапдұрыскиінугеүйрету. |
| | | | | | |
| **Серуен** | **Серуен-Бақылау №1**<br>**Бақылау**: Қыстап қалатын құстарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатынқұстар туралы мағлұмат беру.қамқорлықпен карауға үйрету.<br>**Еңбек:** Құстарға жем шашу.<br>**Мақсаты:** Қыста құстарға аштықтың қатерлігін түсіндіре отырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Қыс келгенде торғайым<br>Үй алдына қон<br>дәйім.Ойна,жүгір желкілде,<br>Тисем саған оңбай<br>мын.<br>**Мақсаты:** Тақпақ жаттата отырып, балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру.<br>**Қимылды ойын:** «Кім жылдам?»<br>**Мақсаты**: Ептілікке, | **Серуен-Бақылау №2**<br>**Бақылау:** Қарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту.Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту.<br>**Тақпақ:**<br>Аппақ көше, бар дала,<br>Аппақ ой мен қыраттар.<br>Ақ шатырлы қар қала,<br>Ақ жамылып тұр бақтар.<br>**Еңбек:** Ағаштар түбіне қар үю.<br>**Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру.Сөздік | **Серуен-Бақылау №3**<br>**Бақылау:**Ауа-райын бақылау.<br>**Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br>**Еңбек:** «Таза алаң».<br>**Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>**Е.Өтетілеуов «Күшік».**<br>**Мақсаты:** Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.<br>Е.Өтетілеуов. «Күшік».<br>Үреді үйшікте<br>Аулада күшіктер<br>Біреуі оның қап-қара,<br>Біреуі сары ала | **Серуен-Бақылау №4**<br>**Бақылау:** Аязды бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де колғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру.<br>**Еңбек:** Ауладағы карды күреу.**Мақсаты:** Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету.<br>**Қим.ойын**: «Сырғанақ тебу».<br>**Мақсаты:** Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** Жұмбақ.<br>Терезеге қонады,<br>Әсем ою ояды.(Аяз). | **Серуен-Бақылау №5**<br>**Бақылау:** Күнді бақылау.<br>**Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру.<br>**Еңбек:** «Қыс қызығы».<br>**Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен карауға тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:** Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды.<br>(Күн)<br>**Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Қимылды ойын:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шапшаңдыққа баулу.<br>Балалардың бойында<br>ғы зейінділік, сезім<br>талдық қабілеттерін дамыту. | қорын дамыту, ойын<br>жүйелеп жеткізе<br>білуге үйрету.<br>**Ойын:** «Қардан түрлі бейнелер жасау».<br>**Мақсаты:** Ойынға қызығушылығын арттыру. | Біреуі қардай ақ,<br>Біреуі сұр жолақ<br>Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ:<br>Үреді абалап<br>**Ойын:** «Қасқыр мен қаздар».<br>**Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br>**Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи». | **Мақсаты:** Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілет<br>терін дамыту, сөздік қорларын молайту. | «Айгөлек».<br>**Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшан-<br>дыққа , ептілікке баулу. |
| **Балалар дыңүйге қайтуы** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы**: «Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі»МДШО МКМ
**Топ:** Мектепалды даярлық
**Топ жетекшісі:** Есенкелді Қаракөз Есенкелдіқызы
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 20– 24 ақпан 2022-2023 оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі<br>20-ақпан | Сейсенбі<br>21-ақпан | Сәрсенбі<br>22-ақпан | Бейсенбі<br>23-ақпан | Жұма<br>24-ақпан |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме:**Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Үстел үсті театры:** «Өсімдіктер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.<br>**Мақсаты:**қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Әңгіме құрастыру **«Өзің жақсы көретін гүлдерің туралы әңгімелеп бер.»**<br>**Мақсаты:** баланың сөздік қорын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту. | **Ойын– жаттығу:** «Топтағы өсімдіктерге күтім жасау»; Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. | **Ойын:** «Гүлдерді тауып, оларды атап бер»<br>Топтағы өсімдік бұрышы туралы әңгімелесу | **«Менің тобымдағы өсімдіктер»** картиналар топтамасынан суреттер қарастыру |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 9 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)** | **Шаттық шеңбері:**<br>Асапан ашық,көгілдір,<br>Күн шуағын төгіп тұр!<br>Қол ұстасқан біздерді,<br>Тереземнен көріп тұр | **Шаттық шеңбері:**<br>**«Ақ тілек»**<br>Адал жақсы ниетпен<br>Бар адамға бақ тілеп.<br>Жарып шыққан жүректен,<br>Сөздің бәрі – Ақ тілек! | **Шаттық шеңбері:**<br>**«Сиқырлы таяқша»**<br>Мен бәріңе Қуаныш тілеймін!<br>Мен бәріңе Мейірім тілеймін!<br>Мен бәріңе шуақты күн тілеймін!<br>Мен бәріңе көңілді ойын тілеймін!<br>Мен бәріңе Денсаулық | **Шаттық шеңбері:**<br>**«Қыс»**<br>Боран соғар оң жақтан,<br>Боран соғар сол жақтан.<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Суық өтер қолғаптан. | **Шаттық шеңбері:**<br>**«Шана»**<br>Тонса біздің қолымыз,<br>Қолғап киіп аламыз.<br>Сарт, сарт, сарт<br>Алақанды соғамыз.<br>Тонса біздің аяғымыз<br>Етік киіп аламыз.<br>Топ, топ, топ<br>Топылдатып билейміз.<br>Тонса біздің денеміз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тілеймін! | | Тонды киіп аламыз<br>Зу, зу, зу<br>Шанаменен зулаймыз |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Дидактикалық ойын: «Жасырынған ойыншықты тап».**<br>Ойын шарты: балалар тығылған ойыншықтарды тауып, неден жасалғанын, қайда қолданылатынын түсін айтып береді.<br>**Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?»**<br>Ойын шарты: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек.<br>Дидактикалық ойын: «Белгілі дыбысқа сөз таңда». Ойын шарты: Ертегідегі кейіпкерлердің бас әрпіне сөз ойлап айтады.Мысалы:<br>«Әже» сөзіндегі «Ә» дыбысына;<br>«Қыз» дегендегі «Қ» | **1.Қоршаған ортамен танысу**<br>Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындау<br>Шымшық ұшып-қонады, *(Бір орында тұрып қос аяқтап секіреміз).* Бір орнында отыра алмас, *(бір орында тұрып сол аяқпен секіреміз).* Бір-екі, бір-екі, *(Бір орында тұрып оң аяқпен секіреміз).*Зуылдады тоқтамай. *(Бір орында тұрып айналамыз)* Міне, бір минутқа отырды, *(Отырамыз.)*<br>Тұмсығымен кеудесін қасыды,*(Орнымыздан тұрып, басымызды оңға-солға иеміз).* Ұшты, қонды, *(Бір орында тұрып сол аяқпен секіреміз).* Шыр-шыр, *(Бір орында тұрып оң аяқпен секіреміз).*<br>Шыр-шыр! *(Бір орында тұрып қос аяқтап секіреміз).*<br>**«Үйшік» ойыны**:<br>Ойын шарты: өз | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Дидактикалық ойын «Төлін айт» ойыны**<br>1. Ешкінің төлі – . . . *(лақ)*<br>2. Қойдың төлі – . . . *(қозы)*<br>3. Сиырдың төлі – . . . *(бұзау)*<br>4. Жылқының төлі – . . . *(құлын)*<br>5. Түйенің төлі – . . . *(бота)*<br>***Дидактикалық ойын: « Көпше түрін айт»***<br>Ойын шарты:– Мен сендерге допты лақтырып бір сөз айтамын, сендер сол сөздің көпше (көп) түрін айтып допты кері лақтырасыңдар. Мысалы*: қыз-қыздар, ұл-ұлдар, аға-ағалар, дәптер-дәптерлер, қозы-қозылар, жүзім-жүзімдер,*<br>*орындық-* | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Дидактикалық ойын: «Жасырынған ойыншықты тап».**<br>Ойын шарты: балалар тығылған ойыншықтарды тауып, неден жасалғанын, қайда қолданылатынын түсін айтып береді.<br>**Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?»**<br>Ойын шарты: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек.<br>Дидактикалық ойын: «Белгілі дыбысқа сөз таңда». Ойын шарты: Ертегідегі кейіпкерлердің бас әрпіне сөз ойлап айтады.Мысалы:<br>«Әже» сөзіндегі «Ә» дыбысына;<br>«Қыз» дегендегі «Қ» | **1.Сауат ашу негіздері**<br>***Дидактикалық жаттығу: «Сөз тіркесі не дейді?»***<br>Ойын шарты:: – Мен сөз тіркесін айтамын, не туралы екенін айтыңдар.<br>1. Онымен салат жейміз – . . .(шанышқы).<br>2. Нан кесеміз – . . .(пышақ).<br>3. Оған тамақ пісіреміз – . . .(қазан).<br>4. Онымен шай ішеміз – . . . (кесе).<br>5. Оған отырамыз – . . . (орындық).<br>6. Оған нан саламыз – . . . (нан салғыш).<br>7. Оған ыдыс саламыз – . . . (сөре).<br>8. Онымен сорпа құямыз – . . . (ожау).<br>9. Оған тамақ саламыз – . . . (табақ).<br>***Дидактикалық ойын: «Буынды жалға»***<br>Ойын шарты:– Мен сендерге сөздің басы буынын айтамын да допты лақтырамын, |

<table>
<tr><td></td><td>дыбысына;<br>«Тауық» және «тышқан» деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлайды.</td><td>қолындағы заттың тәрбиеші қолындағыдан айырмасын немесе ұқсастығын табуды ұсынады.<br>Б: Түк-түк. Үйшікте қай жануар тұрады? П: Бұл – мен, әтеш. Өзіңше?<br>Б: Мен қарғамын. Кіргізші мені үйіңе.<br>П: Кіргізейін. Бірақ сен ол үшін біз бір-бірімізге ұқсаймыз деуің керек.<br>Б: Біз құстармыз ғой. Сен де сайрай аласың, мен де... сенің де қанатың бар, менің де қанатым бар. Мен астықпен қоректенемін, сен де...<br>П: Ал енді біздің айырмашылықтарымызды айтып бер.<br>Б: Сен әтешсің, үй құсысың. Ал мен дала құсымын. Бір-бірімізге түсіміз де ұқсамайды. Мен жақсы ұшамын, ал сен ұша алмайсың…<br>«Үшіншісі артық» атты дидактикалық ойыны<br>Ойын шарты: Балаларға құстардың аттарын араластырып, шатастырып айтады. Қатені байқаған бала қол шапалақтауы тиіс (торғай, қарға, шыбын, суықторғай және т.б.).</td><td>орындықтар, алма-алмалар, қоян-қояндар, түлкі-түлкілер, жіп-жіптер, ине-инелер, көбелек-көбелектер,<br>Дидактикалық ойын: «Тиісті белгіні көтер»<br>Ойын шарты: Балаларға дыбыстар, буындар, сөздер айтады, балалар -и- дыбысын естісе қызыл белгіні көтереді.<br>Мысалы: а, р, о, и, м, и, а, к, е, и, т, и, б, ...<br>Бар, ки, сық, ға, ман, ай, пи, ма, па, ға, қай, ти....<br>Лақ, ит, мал, ау, ми, сөз, тиін, кілем, киіз, түйе, ала, каймақ...</td><td>дыбысына;<br>«Тауық» және «тышқан» деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлайды.</td><td>сендер сөздің екінші буынын жалғап допты кері қайтарасыңдар.<br>Мысалы: ба-нан, сүл- гі, ора-мал, кі-тап, қай-шы, жү-зім, са-рай, ар-ман, ал-мұрт,<br>күй-ші, са-ғат, шал-бар, көй-лек, қал-пақ, қам-шы, қа- мыс, құ-лын, қи-яр, қа-ғаз, ке-се, қо-быз, қол-тық, жү-рек, тыр-нақ т.б.<br>Дидактикалық ойын: «Сөз тізбегі»<br>Ойын шарты: Баларға бір сөз айтып допты лақтырады, допты қағып алған бала сол сөздің соңғы дыбысынан басталатын сөз айтып, допты бір балаға лақтырады. Ойын осылай<br>жалғасын табады.<br>Мысалы: ( ана-арба-алмұрт- тарақ- қармақ-қалта- айран-нан-нағашы-<br>ыдыс-сағыз- зәкір-рауғаш- шана-алтын-неге- етік-көмір т.б.)</td></tr>
<tr><td colspan="6">Үзіліс:»</td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td colspan="2">**Қимылды ойын:**<br>**« Күн мен түн »**<br>**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.<br>**Ойын мазмұны:**<br>Балалар бірі « Күн»,<br>екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.</td>
<td colspan="2">**Қимылды ойын:« Көги-гөк »**<br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br>**Ойын мазмұны:** Тақпақ айтып, бір қызды « кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. « Кемпір» шетке шығып тұрады, баска ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап:<br>Гөк, гөк, көги көк,<br>Гөк, гөк, көги гөк.<br>Гөк, гөк, көги гөк,-деп қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып, « кемпірдің» қасына келеді.<br>Бірінші келген балаға беріп: « Жоғалтпаңдар!»-деп тапсырады.<br>Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп « кемпірге» келеді.<br>« Кемпір»<br>Әлгің қайда?<br>Қалды сайда!-деп сұрайды.<br>Балалар бәрі бірдей.<br>Әлгің қайда?-<br>Қалды сайда!-деп жауап береді. Олай болса сендердің біріңді алып қаламын, деп « кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек.<br>Қолға түскен біреуін « кемпір» қасына алып қала береді.<br>Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді.</td>
<td colspan="2">**Қимылды ойын:**<br>**« Аққу-қаздар »**<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын мазмұны:** Алаңның бір шетіне қаздар тұратын үй белгіленеді, қарсы шетіне бақташы тұрады. Үйдің бір жақ бүйірінде қасқыр тұратын үңгір болады. Алаңның қалған жері жайылым болады. Бақташы қаздарды жайылымға қуып шығады, олар жайылып жүреді.<br>**Бақташы:** Қаздар, қаздар, қаңқылдап,<br>Барасыңдар қай жаққа.<br>Қаздар: Айна көлі жалтылдап,<br>Жатқан жасыл аймаққа.<br>Бақташы: Біздің жерге түсе кет,<br>Түсіп сусын іше кет.<br>Қаздар: Сіздің жерге түсеміз<br>Түсіп сусын ішеміз.<br>Бақташы: Болсын онда жол жайлы!<br>Қаздар: Бізге ол жаққа болмайды,<br>Жолды тосып тұр сұр қасқыр.<br>Бақташы: Олай болса, қалаған,<br>Жақтарыңа бар аман.<br>Қаздар қанаттарын жайып, жайылым арқылы үйлеріне ұшады, ал қасқыр үңгіршек жүгіріп шығып, оларды ұстауға тырысады. Ұсталған қаздар қасқырдың үңгіріне қарай жүреді. Бірнеше рет жүгірістен кейін қасқырдың ұстаған қаздарфын санайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>**2.Математика негіздері «Суретті тап» дидактикалық ойыны**<br>Карточкалармен жұмыс ұсынады:Әрбір топта суреттері бар карточкаларды қарандар.</td>
<td>**2.Қазақ тілі**<br>**Ойын жаттығуы: «Бір сөзбен айт»**<br>– Таңқурай, қарақат, құлпынай бір сөзбен қалай аталады?<br>– Жидектер.<br>– Алма, өрік, құрма бір сөзбен қалай аталады?<br>– Жемістер.</td>
<td>**2. Математика негіздері «Суретті тап» дидактикалық ойыны**<br>Карточкалармен жұмыс ұсынады: Әрбір топта суреттері бар карточкаларды қарандар.</td>
<td>**2. Қоршаған ортамен танысу**<br>**Қимыл-қозғалыс жаттығуы**<br>Тақпақ жолдарын айта отырып, соған сәйкес келетін қимылдар жасайды.<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынай көп екен.</td>
<td>**2.Математика негіздері**<br>**«Бұл қашан болады?»ойыны**<br>Ойын шарты:Жыл мезгілдерін көрсетеді, ал балалар оларды атайды. Әлия мен Тимур балалардан қандай ойындар қыста,</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Одан кейін, мысалы, оң жақтағы жоғарғы бұрышта орналасқан суреттікөрсетуді (фишкамен жабуды) ұсынады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады.Мұқият тыңдап,заттардың орналасуын атайды. Карточкаларды қарайды.Нұсқау бойынша іс қимыл жасайды.<br><br>Талқылап, сұрақтарға жауап береді.<br>**Дәптермен жұмыс 1,2,3-тапсырмаларды орындау**<br>Шағын топпен жұмыс.<br>«Суретті жұмбақта».<br>Ойын шарты: Сөздерді жұмбақтап бастуға ұсынады: ол парақтың төменгі сол жағында. | – Қияр, қызанақ, сәбіз, пияз бір сөзбен қалай аталады?<br>– Көгөністер.<br>**Дидактикалық ойын: «Аудармашы».**<br>Ойын шарты: Балаларға сөздерді орыс тілінде айтады, балалар қазақ тіліне аударады.<br>Фрукты – ... (жемістер).<br>Овощи – ... (көгөністер).<br>Ягоды – ... (жидектер).<br>**Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?».**<br>Ойын шарты: Балалар бірден онға дейін сандарды ретімен қояды, санайды.<br>2 3 4 1 5 7 6 10 8 9 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 10 9 8 7 6 5 4 3 2 1 | Одан кейін, мысалы, оң жақтағы жоғарғы бұрышта орналасқан суретті көрсетуді (фишкамен жабуды) ұсынады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады.<br>Мұқият тыңдап,заттардың орналасуын атайды. Карточкаларды қарайды.<br>Нұсқау бойынша ісқимыл жасайды.<br><br>Талқылап, сұрақтарға жауап береді.<br>**Дәптермен жұмыс 1,2,3-тапсырмаларды орындау**<br>Шағын топпен жұмыс.<br>«Суретті жұмбақта».<br>Ойын шарты: Сөздерді жұмбақтап бастуға ұсынады: ол парақтың төменгі сол жағында. | Теріп-теріп алайық, Қалтамызға салайық.<br>**«Пайда-зиян» ойыны**<br>Балаларды екі топқа бөледі және белгілі бір нысанның атын айтады.<br>**Ойын соңында «Пайдасы көп пе әлде зияны көп пе?» деген сұраққа жауап іздейді.**.<br>1-ші команда сол нысанның пайдалы жақтарын іздейді. Ал 2-ші команда зиянын іздейді.<br>П: Қасқыр. Пайдасы және зияны.<br>1 ші командадағы балалар: Қасқыр ормандағы өліп қалған жануарларды жейді; оның терісінен малақай, тон тігуге болады. Егер қасқырлар болмаса, қоян көбейіп кететін еді. Ал олар ағаштарды кеміріп құртар еді.<br>2-ші командадағы балалар: Қасқыр ормандағы кішкентай аңдарды құртады. Тіпті адамға да шабуыл жасауы мүмкін. Қасқырлар қойларды, ешкілер мен өзге де үй жануарларын жейді.<br>**«Жерде, әуеде, суда» ойыны.**<br>Шарты: жерде, әуеде, суда қызмет ететін | жазда ойнағанды ұнатасыңдар соны мимика мен қимылдармен көрсетуін сұрады. Маусымдық ойындарды (шанамен сырғанау, шаңғытебу,коньки тебу, жүзу және т.б.)ұсынылды.<br>**Демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>1,2,3,4-тапсырмаларды орындау<br>***«Жыл бойы»*** (доппен) **дидактикалық ойыны**<br>**Ойын шарты:** допты лақтырып, сұрақ қояды:Ақпан жыл ішінде нешінші ай?<br>Жылдың соңғы айы қандай?<br>Қазаннан кейінгі қандай ай?<br>Жазайларын ата жәнет.б.<br>**«Жыл мезгілі» Ойын жаттығуы: «Мен бастаймын, сен жалғастыр»**<br>Ойын шарты: Алдымен көктем, содан кейін ... жаз Алды мен бүгін, содан кейін ... ертең Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан.<br>**«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>Балалар карточкаларды қарайды, заттарды ойластырады, орналасуын сипаттайды.<br>**«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**<br>59-беттегі №3 графикалық диктантты орындауды ұсынады | | <br>Балалар карточкаларды қарайды, заттарды ойластырады, орналасуын сипаттайды.<br>**«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**<br>59-беттегі №3 графикалық диктантты орындауды ұсынады | сарбаздардың және шегара бағаны, танк т.б. суреттері көрсетіледі. Педагог «Жерде» деп танкистің суретін көрсетеді.Осы кезде балалар аяқтарымен адымдайды. «Әуеде» деп ұшқыштың суретін көрсеткенде, қолдарын жанжаққа жайып, ұшқан сияқты болады. «Суда» дегенде суда жүзген секілді қимылдар көрсетеді. Балаларға Ұлы Отан соғысы және атақты қаһармандар туралы әңгімелеу. | 59-беттегі №4графикалық диктантты орындау |

**Үзіліс:**

| | |
|---|---|
| **Қимылды ойын:**<br>**« Шарлармен алмасу »**<br>**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.<br>**Ойын мазмұны:**<br>Балалар орындықтарда дөңгеленіп отырады. Тәрбиеші қатар отырған екі балаға бір-бірден шар береді де ары қарай басқаларға ауыстырады ( біреуі оңға, біреуі солға ұсынады ). Шарлар бір-бірімен екі жақтан кездескенде балалар « Соқтығысты» деген сөзбен оларды соқтықтырады. Одан кейін балалар орындарынан тұрып, дөңгелекті айналып, қарсы жаққа барады, қалғандары орындықтарынан тұрып: « Жүгірдік, жүгірдік...,» деп дауыстайды. Балалар өз орындықтарына жүгіріп келіп: « Ол шарды басқа балаларға береді де ойын қайталанады. | **Қимылды ойын:**<br>**« Кішкене өзен арқылы »**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу<br>**Ойының шарты:**<br>Ойынға бір топ (6-8 адамнан) бала тартылады. Алаңда бір-бірінен 1,5-2м қашықтықта екі сызық сызылады. Бұл өзен.<br>Ойнаушылар сызықтың жанында-өзеннің жағасында тұрады. Олар өзеннен анық сызылған дөңгелектер арқылы аяғын суламай, тастан-тасқа секіріп өтуі керек. Дөңгелектердің арасының қашықтығы балалардың оларға бірінен-біріне секіре алатындай болуы керек. Өзеннен қатарынан 2-3 бала өтеді, ал қалғандары тәрбиешімен бірге оларды бақылап тұрады. Секіре алмай, аяғын сулап алғандары оны күнге кептіруге кетеді-орындыққа отырады. Кейін олар |

<table>
<tr><td colspan="3">Бұл ойынды даладағы сазды алаңда өткізуге болады, онда балалар көк шөптің үстінде отырады</td><td colspan="3">ойынға қайтып араласады, тәрбиеші оларды қалай болса да мақтап, жағаның екінші жағына өтуге көмектеседі.</td></tr>
<tr><td colspan="6">3 - ұйымдастырылған іс-әрекет</td></tr>
<tr>
<td></td>
<td>3.Сауат ашу негіздері<br>Дидактикалық ойын «Төлін айт» ойыны<br>1. Ешкінің төлі – . . . (лақ)<br>2. Қойдың төлі – . . . (қозы)<br>3. Сиырдың төлі – . . . (бұзау)<br>4. Жылқының төлі – . . . (құлын)<br>5. Түйенің төлі – . . . (бота)<br>Дидактикалық ойын: « Көпше түрін айт»<br>Ойын шарты:– Мен сендерге допты лақтырып бір сөз айтамын, сендер сол сөздің көпше (көп) түрін айтып допты кері лақтырасыңдар.<br>Мысалы: қыз-қыздар, ұл-ұлдар, аға-ағалар, дәптер-дәптерлер, қозы-қозылар, жүзім-жүзімдер, орындық-орындықтар, алма-алмалар, қоян-қояндар, түлкі-түлкілер, жіп-</td>
<td>3.Көркем әдебиет<br>«Үш қыз» ертегісін мәнерлеп оқу<br>Дидактикалық ойын: «Ғажайып коржын».<br>Ойынның шарты: Ғажайып коржынның ішінде заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар. Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып, бөлек жинайды, атайды<br>Дидактикалық ойын: «Дәмін тат».<br>Ойынның шарты: Ойынға қатысушылардың көзін кезекпен байлап, кесілген дайын жемісті аузына салады. Бала дәмі бойынша қандай жеміс екенін табады.<br>Дидактикалық ойын: «Бұл қандай ойыншық?»<br>Ойын шарты: Қоржын ішінде бірнеше ойыншық болады. Балалар коржынға қолын салып, көрмей, сипап сезу арқылы қандай ойыншық екенін табады. Ойыншық туралы өз ойын айтады.</td>
<td>3. Қазақ тілі<br>Дидактикалық ойын: «Өзіңнің досың туралы әңгімеле».<br>Ойын шарты:Балалар өздері туралы және достары туралы әңгімелеу.<br>Менің атым – Наташа. Мен бес жастамын. Менің досымның аты – Сәуле. Біз тату ойнаймыз.<br>Менің атым – Артем. Мен бес жастамын. Менің достарымның аттары – Арлан, Рома. Біз достарымызбен татумыз.<br>Ойын: Кім не істейді?<br>Ұшқыш ұшады.<br>Ғарышкер ұшады.<br>Дәрігер емдейді.<br>Құрылысшы үй салады.<br>Сатушы сатады.<br>Балалар сөйлемдерді қайталайды.<br>Дидактикалық ойын: «Жалғастыр»<br>Ойынның шарты: ойынды бастаушы сөздің бірінші буынын айтады, басқа балалар жалғастырып, сөз құрайды. Сөйлем құрауға жаттықтыру үшін бірінші сөзі</td>
<td>3.Көркем әдебиет<br>«Түлкі мен қоян» ертегісін мәнерлеп оқу<br>Дидактикалық ойын: «Жануардың дауысын сал».<br>Қасқырдың дауысын сал – у-у-у-у.<br>Ешкінің дауысын сал – бе-е-е-е.<br>Қойдың дауысын сал – мә-ә-ә.<br>Интерактивті тақтамен жұмыс:«Қайсысы артық?» ойыны.<br>Ойын шарты: Тақтаға әр мезгілдің киімдері ілінеді. Осылардың ішінен артық киімді табады.<br>Дидактикалық ойын: «Кім жылдам».<br>Ойын шарты: Мақалдың басын педагог айтады, балалар жалғастырады.<br>Туған жерге туыңды ... (тік).<br>Батыр туса ел ырысы, жаңбыр жауса ... (жер ырысы).</td>
<td>3.Шығармашылық іс-әрекет<br>Жұмбақ жасыру<br>Сызылған үні,<br>Сүйкімді тілі.<br>Үрлесең ойнайтын,<br>Аспаптың бірі.<br>(Сыбызғы)<br>Бір нәрсе қараңғыда қаймалайды, Азынаса көмейінде мал жылайды.<br>Құйрығын қара жерге тіреп алып, Келеді баяғының әнін салып.<br>(Қобыз)<br>Жеті ішектен жеті түрлі үн шығар, Әуезінен жеті тарау мұң шығар. Ойнап кетсең, түрлі-түрлі жыр шығар, Қандай аспап табуға кім құлшынар?<br><br>(Жетіген)<br>«Таны және ата» дидактикалық ойыны.<br>Ойын шарты:Балаларға слайд арқылы аспаптардың түрі көрсетіліп және үні, дыбысы тыңдатылады.<br>Балалар жасырынған аспапты табады<br>«Алақан, үш саусақ, жарайсың» ойын жаттығуы.<br>Ойын шарты:Балалар шашылып жатқан</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *жіптер, ине-инелер, көбелек-көбелектер,*<br>**Дидактикалық ойын: «Тиісті белгіні көтер»**<br>Ойын шарты: Балаларға дыбыстар, буындар, сөздер айтады, балалар -и- дыбысын естісе қызыл белгіні көтереді.<br>Мысалы: а, р, о, и, м, и, а, к, е, и, т, и, б, ...<br>Бар, ки, сық, ға, ман, ай, пи, ма, па, ға, қай, ти....<br>Лақ, ит, мал, ау, ми, сөз, тиін, кілем, киіз, түйе, ала, каймақ... | | айтылады. Бұл ойынды екі топ болып ойнауға да болады. | | музыкалық аспаптардың суреттерін алып, жалпы және ұлттық музыкалық аспаптарды ажыратып екі шеңбер ішіне орналастырады.<br>Балалар шығармашылығы |

**Үзіліс: . Секіруге арналған қозғалмалы ойын: «Сызықтан секіру»**

| | | |
|---|---|---|
| **Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты:**<br>Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту<br>**1.Т: Күй сандықты ашайық**<br>Б до- до- до<br>Т: тілдерін біз бастайық<br>Б: ре - ре - ре<br>Т: бас дыбысты бастайық<br>Б: ми - ми - ми<br>Г Жайлап әнге салайық<br>Б: до - до - до<br>2. Шалқып шығар сонда күй<br>Б: фа - фа - фа |  | **Секіруге арналған ойын: «Сызықтан секіру»**<br>**Ойынның мақсаты:** Қос аяқтап секіру тәсілдерін үйрету.<br>**Мазмұны:** Ойын алаңының бір шетінен түзу сызық сызылады. Сыныптағы оқушылар санау арқылы төрт командаға бөлініп, олардың біріншілері сол сызықтың үстінде тұрады. Осы сызықтан 4-5 қашықтықта бір-бірінен ара қашықтығы 40-50 см болатындай өзара параллель 8-10 сызық жүргізіледі.<br>Мұғалімнің белгісі бойынша әр команданың бірінші тұрған ойыншысы бірінші сызыққа дейін жүгіріп келіп , аяқтарын біріктіріп ұстап, паралелль сызықтардан қос аяқтап секіріп өтеді де, қайтып келіп, тізбектің артына барып тұрады.<br>Мұғалім секіріп өткен балалардың секіру әдістерін |

| | | |
|---|---|---|
| Т: Бәрі до - дан басталар<br>Б: до- до -до<br>Т: До -ны қоштар басқалар<br>Б: До, ре, ми, фа, соль,ля , си, до<br> |  | бағалап, басқа ойыншыларды көмекке шақырады. Бұдан соң келесі қатардағы төрт ойыншы секіріп өтеді.<br>Ойын осылай барлық ойыншылар секіріп өткенше жалғасабереді. Ойынның соңында әр қатардағы қос аяқтап жақсы секіретін балалардың аты аталады. Ойынды бірнеше рет қайталап ойнатуға болады.<br>**Ойынның ережесі**<br>1. Ойыншылардың тез секіргені емес, дұрыс секіргені бағаланады.<br>2. Секіру кезінде балалар арасындағы ара қашықтықтар сақталуы керек.<br>3. Оқулықта көрсетілген секіру техникасы орындалуға тиіс.<br>Әдістемелік нұсқаулар.<br>Ойынды 1-2 рет өткізгеннен кейін, сыныптағы қос аяқтап секіру техникасын жақсы меңгерген екі-үш баланың секіргенін басқа ойыншыларға көрсетіп , басқа ойыншылардан солар сияқты секіруді талап ету керек.<br>Ойынның педагогикалық маңызы.<br>Секіру жаттығулары бала аяқтарының бұлшық еттерінің ,қарын, арқа,бұлшық еттерінің жетілуіне ықпалын тигізеді. Қимыл-қозғалыс әдістерін көбейтіп, қимыл сапаларының үйлесімі артады. Бала өз күшіне сенуге үйренеді. |

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4.Дене шынықтыру**<br>**Тепе-теңдік сақтау жаттығулары**<br>Тепе-теңдікті сақтап жаттығулар орындау. Нұсқауларды толық орындауға тырысады. Орындау барысында тепе-теңдікті сақтап, арқаны тік ұстау ұсынылады.Тақтайдың шетіне қарап, қолдарын екі жаққа қойып, тепе- | **4.Музыка**<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен).<br>Балалар шеңберде тұрып, бір-бірінің қолынан ұстап ортаға жиналып, кері қайтып, қимылдар жасайды.<br>**Музыка тыңдау:** «Жан анам» (Е. Өміров).<br>**Ән айту:** «Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев). | **4.Дене шынықтыру**<br>**Топтарға бөлініп негізгі қимылдарды жасау. Баскетбол себетіне доп лақтыру.**Допты кеуде деңгейінде ұстап, балалар қолдарын өзіне қарай төмен айналдырып, сосын түзете жазып жоғары көтереді де, қолының басы мен саусақтарын | **4.Музыка**<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен).<br>Балалар шеңберде тұрып, бір-бірінің қолынан ұстап ортаға жиналып, кері қайтып, қимылдар жасайды.<br>**Музыка тыңдау:** «Жан анам» (Е. Өміров).<br>**Ән айту:** «Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев). | **4.Дене шынықтыру**<br>**Тренинг-ойын: «Өзіңді тыңда»**<br>«Өзіңе қалай ыңғайлы, солай тұр. Көздеріңді жұмыңдар. Не естідіңдер?Сендерге не кедергі жасайды? Қандай дыбыстар кедергі жасайды? Сендерге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | теңдік сақтауға көмектеседі.<br>**Себетке доп лақтыру.** Допты кеуде тұсында ұстап, төменнен доға сызады. Саусақтары жазылып, сермейді. Баскетбол қалқанынан 2 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады.Денесі алдыға итеріліп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді.Қолдар шынтақтан аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек.Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеудеден себетке лақтырады.<br>**Гимнастикалық қабырғаға қиғаш өрмелеу**. Қол мен аяқтың қимылын үйлестіру. Гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеп, төмен қарай қиғаш түсу.Қолмен сатылардан ұстап алып отырады. Сосын аяқтарын сатыларға қояды.Қолды дұрыс қойып ұстау. Төрт | ***Билер:*** «Тырналар биі» (Д. Абиров).Балалар екі топқа бөлініп, екі бұрыштан шығады. Жеңіл, құстарға тән қимылдар жасайды. Екі шеңберде жүруді үйренеді.<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Төлдер» (Д. Ботбаев). ойын шарты:Шеңбер бойында жүріп әндетіп сұрақ қойып, оған жауап береді. Төлдердің қылығына лайық қимылдар жасайды.<br>**Музыкалық аспапта ойнау:** «Атқа мініп шабамыз» (В. Агафонников). | ашып, итерген қимыл жасайды. Доптан көзін алмай, шынтақтарын екі жаққа жібермей, жинап ұстайды.Баскетбол қалқанынан 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады.<br>Денесі алдыға итеріліп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді. Қолдар шынтақтан аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек. Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеудеден себетке лақтырады.**Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу.** Гимнастикалық қабырғаға аяқты аяқтың қасына қоя отырып, қиғаш қозғалып өрмелеп, алма-кезек адымдап түсу.<br>Қолдарымен сатыдан мықтап ұстап, алма-кезек адымдап қозғалады. Сатыдан | ***Билер:*** «Тырналар биі» (Д. Абиров).Балалар екі топқа бөлініп, екі бұрыштан шығады. Жеңіл, құстарға тән қимылдар жасайды. Екі шеңберде жүруді үйренеді.<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Төлдер» (Д. Ботбаев). ойын шарты:Шеңбер бойында жүріп әндетіп сұрақ қойып, оған жауап береді. Төлдердің қылығына лайық қимылдар жасайды.<br>**Музыкалық аспапта ойнау:** «Атқа мініп шабамыз» (В. Агафонников). | шыныққан, дені сау болуға не кедергі болуы мүмкін?»<br>Балалар қоршаған ортадағы денсаулыққа зиянды, жағымсыз факторларды атап айтады. Денсаулығын қалыптан тыс жабдықтарды пайдаланып, нығайту ұсынылады».<br>**«Шарларды қуалау».**<br>Баумен жасалған жіңішке дәліз бойымен имек ағаштарды пайдаланып, целлулоид шарларды алаңқайдың қарама-қарсы шетіне жеткізу.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жердің төрт күші».** Ойыншылар шеңбер бойында тұрады. Жүргізушінің нұсқауларын орындайды. Егер «жер» десе, қолдарын төмен түсіреді, «су» десе, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | саусақты үстінен, бас бармақты астынан қойып ұстайды.Қимыл-қозғалыс ойыны: **«Ұсталып қалма!»Ойыншылар еденге шеңбер жасап қойылған жіп бойымен тұрады. Шеңбер ортасында екі бастаушы тұрады. Педагогтің белгісімен балалар алдымен екі аяқтап шеңберге, сосын шеңберден сыртқа секіреді.** Бастаушылар оларды тек шеңбердің ортасында ғана ұстай алады. «Ұсталған» ойыншы ойыннан шығады. | | ұстағанда төрт саусағын сатының үстінен, басбармағын астынан келтіріп, дұрыс ұстайды. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тұзақ»** Ойыншылар бірінің ішінде бірі орналасқан екі шеңберге тұрады. Екі шеңбер екі бағытта қозғалады. Бастаушының белгісімен екі шеңбер бір уақытта тоқтап, ішкі шеңбердегі балалар қолдарын жоғары көтеріп, «қақпа» жасайды. Сыртқы шеңбердегі балалар«қақпадан» бір кіріп, бір шығып жүреді. Бастаушы тағы белгі бергенде ішкі шеңбер «қақпаны» күрт жабады да, шеңбер ішінде қалып қойған балалар тұзаққа түседі. Олар енді ішкі шеңберге қосылады. Ойын осылайша жалғаса береді. | | қолдарын алға созып, жүзу қимылдарын жасайды,«ауа» десе, құстай ұшады, «от» десе, қолдарын айналдырады. Қателескен бала ойыннан шығады. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| | | | | | |
| **Серуен** | Серуен-Бақылау №5 | Серуен-Бақылау №6 | **Серуен**-Бақылау **№7** | **Серуен**-Бақылау **№8** | **Серуен**-Бақылау **№9** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3.Сауат ашу негіздері**<br>***Ойын:***<br>***≪ Жалауды көтер≫*** (дыбыс, буын, сөз)<br>Педагог дыбыстарды, буындарды, сөздерді айтады: д,р,у, п, ш,н,у, к...<br>Па, шу, ио, уын, қу, ти, са, лау, сур , ту, лақ, ми, ри, на, ту, на, пақ.....<br>Апа, саумал, садақ, шулама, шалбар, аққу, дала, сақина, қауын......<br>Балалар «у» дыбысын естігенде, қызыл жалаушаларын желбіретеді.<br>***Дидактикалық жаттығуы: ≪Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға≫***<br>– Мен сендерге суретін көрсетіп сөз айтамын сендер тек дауыссыз дыбыстардан басталатын мағынасына келетін сөздер жалғауларың керек. Мысалы: *алма (қызыл), тон(жылы), мысық* | **3.Көркем әдебиет**<br>***Дидактикалық ойын: «Не істеу керек?»***<br>Ойын шарты: Сұрақтарға жауап алу арқылы балаларды әдептілікке жетелеу.<br>– Үлкен кісіні ... керек.<br>– Үлкендердің ... алу керек.<br>– Кішілерге ... керек.<br>– Ойыншықтарды ... керек.<br>***Дидактикалық ойын: «Жануардың дауысын сал».***<br>*Қасқырдың дауысын сал – у-у-у-у.*<br>*Ешкінің дауысын сал – бе-е-е.*<br>*Қойдың дауысын сал – мә-ә-ә.*<br>***Дидактикалық ойын: «Кім жылдам».***<br>Ойын шарты: Мақалдың басын педагог айтады, балалар жалғастырады.<br>– Туған жерге туынды ... *(тік).*<br>– Батыр туса ел ырысы, жаңбыр жауса ... *(жер ырысы).* | **3. Қазақ тілі**<br>**Ойын: «Қолшатыр».**<br>«Жаңбыр» деген сөзден кейін, балалар алақанын төмен қаратып ұстап тұрады. Балалар сұқ саусақтарын алақанның ішіне тигізіп тұрады. Педагог үшке дейін санап, алақанын жұмады, осы кезде балалар жылдам қолдарын алуға тырысады. Қай баланың қолын ұстап қалса, сол бала ойыннан шығады.<br>**Дидактикалық ойын: «Тыңда, есте сақта, қайтала».** Қуыршақ Сәуле сан тіркесімен отбасы мүшелерін айтады, балалар тыңдап алып, қайталаулары керек. Мысалы: *менің 2 әжем, 1 атам, анам, 3 інім бар.*<br>**Дидактикалық ойын**: «Өзіңнің досың туралы әңгімеле».<br>Балалар өздері туралы және достары туралы әңгімелеу.<br>*Менің атым – Наташа. Мен бес жастамын. Менің досымның аты –* | **3.Көркем әдебиет**<br>***Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?»***<br>Ойын шарты: екі шырша қойылады. Балалар екі топқа бөлінеді. Шыршаны өздері жасаған ойыншықтармен, қағаз қолшаммен (фонарик) безендіру. Жылдам безендірген топ жеңімпаз атанады.<br>***Дидактикалық ойын: «Тамаша»***<br>Ойын шарты: тәрбиеші сөздер айтады. Жақсы, тамаша сөз болса, балалар жұдырығын түйіп, басбармағын көтеріп көрсетеді. Ал жаман сөз болса, басбармақты төмен қаратып жауап береді.<br>– Гүлдің иісі қандай?<br>– Лай суды ішуге бола ма?<br>– Құстардың даусы қандай?<br>– Құстарды таспен атуға бола ма?<br>– Жайқалып өскен көк шөп қандай? т.б.<br>***Дидактикалық ойын: «Бұл қай ертегі?»***<br>Ойын шарты: Таныс ертегінің кейіпкерлерін тану, қимыл-қозғалысын айту. Сиқырлы қоржынға ертегі кейіпкерлеріне ұқсас ойыншықтар салынады. Педагогтің ұсынысымен бір бала | **3.Шығармашылық іс-әрекет**<br>«Желкенді қайық» сюжетті суретіне балалардың назарын аударады. Сурет бойынша балаларға сұрақ қояды. Қайықтың бөліктерін геометриялық пішіндермен салыстыру жұмысын жүргізеді.<br>— Қайық қандай геометриялық пішіндерден тұрады?<br>— Желкені неге ұқсайды?<br>— Балалар, мына теңізші досымызға ат қояйық.<br>— Мақсатқа теңізге саяхатқа шығу үшін (61-беттегі суретке назар аударту) қайық жасауға көмектесеміз.<br>— Балалар шығармашылығы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *( сары), тышқан (кішкентай), қасық (темір), жастық (жұмсақ), кітап (қызық), доп (жеңіл), ат (жүйрік), үстел (биік), кірпі (кішкентай), саңырауқұлақ (көп), алма (үлкен), нан (жұмсақ), сабын (сопақ), арба (жалпақ), таңқурай (майда), құлпынай (дәмді),банан (сары), кесе (әдемі), қалам (жасыл), етік (жылы), қозы (сүйкімді)... т.б.*<br>***Дидактикалық жаттығу: ≪Түсіп қалған буынды жалға≫***<br>– Мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын сендер түсіп қалған буынды жалғап отырасыңдар. Мысалы: *сауын...шы, асқа...бақ, таңқу...рай, құлпы...най, жас...тық, мақ...та, балмұз...дақ, қар...быз, жаң..ғақ,* | | *Сәуле. Біз тату ойнаймыз. Менің атым – Артем. Мен бес жастамын. Менің достарымның аттары – Арлан, Рома. Біз достарымызбен татумыз.* | шығып, қоржын ішінен бір ойыншықты алады, оны сипаттайды.<br>– Бұл қандай жануар?<br>– Қандай ертегіде кездеседі? | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *бақта...шы,*<br>*қуыр..шақ,*<br>*құмырс...қа,*<br>*қам...шы,*<br>*қа..йық, қал..қан,*<br>*ли..мон, апель..син,*<br>*домбы..ра, дор..ба,*<br>*жапы..рақ, көр..пе* | | | | |

**Үзіліс: . Қозғалмалы зерек ойындар «Өзен»ойыны**

| | | |
|---|---|---|
| **Еліктеу ойындары:**<br>"Кім жақсы айтады"<br>**Р-р-р-ррр Ы-ы-ыы-ыыы**<br>  | ***Гүлдерді иіскейік.*** Балалар, біз өзімізді гүлдер бағында жүрміз деп елестетейік. Гүлдер әдемі және хош иісті болады. Кәне, гүлдерді иіскеп көрейікші. Жаттығу 2-3 рет қайталанады. | ***Ойын: «Өзен»***<br>**Кішкене өзен арқылы.**<br>**Мақсаты:** **б**алаларды ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Бірі бәрі үшін, Бәрі бір үшін. Сезімін қалыптастырады және достыққа тәрбиелейді.<br>**Көрнекіліктер:**тақтай,жіп.<br>**Шарты:** Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – «өзен», - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: «Көпір арқылы жүруді үйренейік», - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді**.** |

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4.Дене шынықтыру**<br>Допты аяқ басымен қысып жүреді.Залдың бір жағына екі қатарға тұрады. Допты аяқ басымен қысып, залдың екінші жағына дейін секіріп барады. Допты түсірмеуге тырысады.<br>Жерден шұғыл итеріліп секіргенде қолмен серпіп көмектеседі. Бірқалыпты тыныс алуға тырысады.<br>**«Шапшаң доп»** | **4.Музыка**<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт).<br>Түрлі түсті ленталармен әуенді сезіне ырғақтық қимылдарды бірге, мәнерлеп орындауға үйретуді жалғастыру.<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады:<br>Сулар ағып жылғадан,<br>Құстар әнін жырлаған.<br>Бұлт айдары желбірейді,<br>Бұл мезгілді қалай дейді?<br>Балалармен көктем | **4.Дене шынықтыру**<br>**«Қорғаушылар»** (6 рет).<br>**Аяқ басының арасына доп қыстырып секіріп жүру.**<br>Аяқтың ұшымен секіріп қонып, допты түсіріп алмауға тырысады.<br>Алдымен 1 бала екіншіге қарай барып, орнына қайтып келеді | **4.Музыка**<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт).<br>Түрлі түсті ленталармен әуенді сезіне ырғақтық қимылдарды бірге, мәнерлеп орындауға үйретуді жалғастыру.<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады: Сулар ағып жылғадан,<br>Құстар әнін жырлаған.<br>Бұлт айдары желбірейді,<br>Бұл мезгілді қалай дейді?<br>Балалармен көктем | **4.Дене шынықтыру**<br>**«Саусақтарды жаттықтыру» – допты кез келген бағытта бір қолмен домалату.**<br>Педагогтің нұсқауымен алдымен допты сол қолмен, сосын оң қолмен, кейін екі қолмен бірақ дөңгелетеді.<br>Доптың бағытын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Баскетбол)<br>Өлең жолдарына сәйкес қимылдар орындау. Допты жоғары лақтырып, қайта қағып алады. Допты жерге соғып, қағып алады.Қайта жоғары лақтырып, қағып алады да, қайта жерге соғады. Допты кеуде деңгейінен аспай секірту үшін күшін дифференциялау.<br>Түрлі-түсті жүйрік доп<br>Шалынбайды, шабады,<br>Жиі, жиі жерге соғылып, Аласа секіріп барады.<br>Секір, секір, секекте,<br>Секір, төбеге жетпекке,<br>Секір, секір, жетпейсің,<br>Бізден қашып кетпейсің!<br>**«Допты дәл беру»** (Футбол)<br>Футбол добын бір-біріне дөңгелене тұрып оң аяғы және сол аяғымен беру.<br>Қалауынша шеңберге тұрады.Допты оң аяқ пен сол аяқты алмастырып, күшін дифференциялайды. Допты аяқ басының ішкі жағымен тебеді. | туралы, көктемде қайтып оралатын жыл құстары туралы сұхбат жүргізу.<br>Көктемде табиғатта болатын құбылыстар туралы әңгімелесу.<br>Интерактивті тақтада көктем көріністері, жыл құстары туралы суреттер көрсету.<br>***Музыка тыңдау:*** «Қараторғай» (Ақан сері, өңдеген Б. Ерзакович). Көптеген әндер табиғатпен байланысты, тау-тас, өзен-сумен байланысты болса, енді біреулер табиғат аясында жүрген құстарды әнге қосқан.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:*** «Көктем» (Д. Гусинцев).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Бұл әнде құстардың қайтуы, өлкенің жаңаруы көтеріңкі көңіл күймен жырланады. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.Үйренген «Домбыра сазы» әнін (И. Нүсіпбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен | де, сосын 2 бала біріншіге қарай қозғалады. Допты басымен итеріп, еңбектеп қозғалу.<br>Алдымен 1 бала екіншіге қарай барып, орнына қайтып келеді де, сосын 2 бала біріншіге қарай қозағалады.<br>**«Шабуылшылар» Допты 2,5 м қашықтыққа әртүрлі тәсілмен апару – оң аяқпен, сол аяқпен, екі аяқпен.(9 рет). Аяқ басының ішкі жағымен сергек қимылдап, алдыға қарай, жұбына дейін алып бару. Педагогтің командасымен допты алдымен бір аяқпен, сосын екінші аяқпен, сосын екі аяқпен бірге жүргізеді. Допты алысқа жібермей, доптың артынан үлгеруге тырысады. Доптың бағытын жоғалтпайды.**<br>**«Қақпашылар»** (4 рет).<br>«Артпен қарап, аяқтарының арасында допты қысып отыру» – бастапқы қалпынан допты лақтырады. 1– | туралы, көктемде қайтып оралатын жыл құстары туралы сұхбат жүргізу.<br>Көктемде табиғатта болатын құбылыстар туралы әңгімелесу.<br>Интерактивті тақтада көктем көріністері, жыл құстары туралы суреттер көрсету.<br>***Музыка тыңдау:*** «Қараторғай» (Ақан сері, өңдеген Б. Ерзакович).<br>Көптеген әндер табиғатпен байланысты, тау-тас, өзен-сумен байланысты болса, енді біреулер табиғат аясында жүрген құстарды әнге қосқан.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:*** «Көктем» (Д. Гусинцев).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Бұл әнде құстардың қайтуы, өлкенің жаңаруы көтеріңкі көңіл күймен жырланады. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Үйренген «Домбыра сазы» әнін (И. Нүсіпбаев) еске түсіру, сөздерін анық | өзгертпеуге, допты алысқа жібермеуге, доптың артынан үлгеруге тырысады.<br>**«Допты керілген жіптен асырып лақтыру. Шапшаңдыққа жаттықтыру» Волейбол добын керілген жіптен асырып лақтырып, астынан өтіп, шапшаң аттап, екінші жағынан қайта қағып алады.**<br>**«Секіргіштікті жаттықтыру»**<br>20 см биіктікке жүгіріп келіп, секіріп шығу.<br>Секіріп бір аяғына қонады.<br>Еденнен шұғыл итеріледі. Секірген сәтте қолдарымен серпіліп көмектеседі. Қайта еденге қонғанда аяқтарын тізесінен бүгіп, қолдарын алдыға созады.<br>**Зейінді дамытуға арналған Сезімдік ойын: «Еріккендер».** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | айту.<br>***Билер:*** «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Өткен сабақта үйренген би қимылдарын әрі қарай жалғастырып, биді таза үйлесімді билеуге талпыну. Әуенді тыңдай отырып, ырғаққа ілесе нық қимылдар жасау.<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Шеңберде тұрып, ырғаққа ілесіп шапалақпен қимылдар жасайды.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Латыш полькасы» (М. Раухвергер).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. | ойыншыға допты лақтырады. 1-ойыншы шапшаң орнынан атып тұрып,допты қағып алады.<br>Барлық қимылдарында шапшаңдыққа тырысады.<br>**Ойын жаттығулары «Епті саусақтар» – допты жұпта екеулеп кішкентай бармақтарымен, сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да дене мүшелерімен ұстап қалу.**<br>**Допты екеулеп кішкентай бармақтарымен ғана ұстап тұруға тырысады. Сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да дене мүшелерімен ұстап тұрады. Әрқайсысы өз әрекетін жұбымен келісіп істейді.** | айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту.<br>***Билер:*** «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Өткен сабақта үйренген би қимылдарын әрі қарай жалғастырып, биді таза үйлесімді билеуге талпыну. Әуенді тыңдай отырып, ырғаққа ілесе нық қимылдар жасау.<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Шеңберде тұрып, ырғаққа ілесіп шапалақпен қимылдар жасайды.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Латыш полькасы» (М. Раухвергер).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. | **Ойыншылар қолдарынан ұстанып, шеңбер бойымен жүреді. Белгі бойынша тоқтап, бір шапалақ ұрып, шұғыл бұрылып, енді артпен жүгіре береді. Әрбір белгі бойынша қозғалыс бағыты өзгереді. Дұрыс бұрылмаған ойыншы ойыннан шығады.** |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Бақылау:** Аязды бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жібе руі де мүмкін екенін, сол үшін де қолғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру.<br>**Еңбек:** Ауладағы қарды күреу.**Мақсаты:** Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету.<br>**Қим.ойын:** «Сырғанақ тебу».<br>**Мақсаты:** Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету.<br>**Жеке жұмыс:**<br>**(** Нұрали, Бекарыс, Тілекжан, Аяулым**)**<br>Жұмбақ. Терезеге қонады,<br>Әсем ою ояды.(Аяз).<br>**Мақсаты:** Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілет терін дамыту, сөздік қорларын молайту. | **Бақылау:** Мұзды бақылау.<br>**Мақсаты:** Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру.<br>**Еңбек:** Тайғанақ жерге құм себу.<br>**Мақсаты:** Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне беріл ген тапсырманы тия- нақты орындауларын қадағалау.<br>Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату.<br>Жаңа жыл,жаңа жыл,<br>Жаңа жылда-жаңа нұр. | **Бақылау:**Ауа-райын бақылау.<br>**Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br>**Еңбек:** «Таза алаң».<br>**Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін кадірлей білуге тәрбиелеу.<br>***Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік».***<br>**Мақсаты:** Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.<br>Е.Өтетілеуов. «Күшік».<br>Үреді үйшікте<br>Аулада күшіктер<br>Біреуі оның қап-қара,<br>Біреуі сары ала<br>Біреуі кардай ақ,<br>Біреуі сұр жолақ<br>Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ:<br>Үреді абалап<br>**Ойын:** «Қасқыр мен қаздар».<br>**Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br>**Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи». | **Бақылау:** Қарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшелік терін айту.Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту.<br>**Тақпақ:**<br>Аппақ көше, бар дала,<br>Аппақ ой мен қыраттар.<br>Ақ шатырлы қар қала,<br>Ақ жамылып тұр бақтар.<br>**Еңбек:** Ағаштар түбіне қар үю.<br>**Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру.<br>**Жеке жұмыс:** «Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату.<br>(Абдубақыт, Айару, Данагүл, Дильназ)<br>**Мақсаты:** Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету.<br>**Ойын:** «Қардан түрлі бейнелер жасау».<br>**Мақсаты:** Ойынға қызығушылығын арттыру. | **Бақылау:** Күнді бақылау.<br>**Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру.<br>**Еңбек:** «Қыс қызығы».<br>**Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен карауға тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:** Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды.<br>(Күн)<br>**Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықта- рын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Қимылды ойын:**«Айгөлек».<br>**Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшан- дыққа ,ептілікке баулу. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы**: «Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі»МДШО МКМ
**Топ:** Мектепалды даярлық
**Топ жетекшісі:** Есенкелді Қаракөз Есенкелдіқызы
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың кезеңі : 3-7 сәуір айы 2023ж**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі<br>3-сәуір | Сейсенбі<br>4-сәуір | Сәрсенбі<br>5-сәуір | Бейсенбі<br>6-сәуір | Жұма<br>7-сәуір |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау **$8^{30}$** | | | | | |
| Ата –аналармен әңгімелесу кеңес беру,балаларды жан-жақты қарап қабылдап алу,дене қызуын бақылау,ата-анасынан түнгі ұйқысы қалай болғандығын сұрау,күнделікті мектепке әкеліп,алып кетулерін қадағалау. Мәдени-гигиеналық әрекеттер мен дағдылар,ұйымдастыру шаралары ,балалардың қызығушылығына,көңіл күйіне назар аудару<br>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)**$8^{40}$-$8^{50}$** | | | | | |
| Таңғы жаттығу **$8^{50}$-$8^{55}$** | Гимнастика №1 | | | | |
| Балалармен ойындар<br>ҮІӘ дайындық | 1.Сөйлеуді дамыту<br>2. Математика негіздері<br>3. Сауат ашу негіздері<br>4. Дене шынықтыру | 1. Қоршаған ортамен танысу<br>2. Қазақ тілі<br>3. Көркем әдебиет<br>4. Музыка | 1. Сауат ашу негіздері<br>2. Математика негіздері<br>3. Қазақ тілі<br>4. Дене шынықтыру | 1. Сөйлеуді дамыту<br>2. Қоршаған ортамен танысу<br>3. Көркем әдебиет<br>4. Музыка | 1.Сауат ашу негіздері<br>2. Математика негіздері<br>3.Шығармашылық іс-әрекет<br>4.Дене шынықтыру |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**«Сипаттамасы бойынша таны»**<br>Ойынның мақсаты: Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: жануарлардың, құстардың ойыншығы.<br>Ойынның мазмұны: балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын | **1.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Дидактикалық «Кім? Не?» (зат есімдер)**<br>Ойынның мақсаты: Жанды жансыз заттарды ажырата алады.<br>Ойынның мазмұны: Балаларға суреттер беріледі. Балалар ол суреттерде не | **1.Сауат ашу негіздері**<br>***Дидактикалық жаттығу: “Қарама-қарсы сөзін айт”***<br>Ал енді мен айтқан сөздің қарама-қарсы сөзін тауып айтыңдар.<br>жіңішке – . . . (жуан)<br>үлкен – . . . (кіші)<br>ұзын – . . . (қысқа)<br>пысық – . . . (жалқау)<br>ашты – . . . (жапты)<br>құрғақ – . . . (ылғал)<br>қара – . . . (ақ) биік – . . . (аласа) | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**«Сипаттамасы бойынша таны»**<br>Ойынның мақсаты: Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: жануарлардың, құстардың ойыншығы.<br>Ойынның мазмұны: балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын | **1.Сауат ашу негіздері**<br>***Дидактикалық жаттығу: “Қарама-қарсы сөзін айт”***<br>Ал енді мен айтқан сөздің қарама-қарсы сөзін тауып айтыңдар.<br>жіңішке – . . . (жуан) үлкен – . . . (кіші)<br>ұзын – . . . (қысқа) пысық – . . . (жалқау)<br>ашты – . . . (жапты) құрғақ – . . . (ылғал)<br>қара – . . . (ақ) биік – . . . (аласа)<br>жұмсақ – . . . (қатты) ыстық – . . . (суық) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарастырады. Әр ойыншықты анықтап атын атайды. Ойнаушылардың біреуі бөлмеден шығып кетеді,басқа ойнаушылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады.<br>**«Керісінше айт»**<br>Ойынның мақсаты: Антоним сөздерді дұрыс айтуға үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: **доп**<br>Ойынның мазмұны: Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызады да допты лақтырып кез келген сөзді айтады. Балалар сол сөзге керісінше сөзді айтады. Мысалы: ақырын-жылдам, суық-ыстық...<br>**«Бір сөзбен айт»**<br>Ойынның мақсаты: Заттарды танып бір сөзбен айтуға үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: Ыдыстардың, ойыншықтардың, жануарлардың суреттері.<br>Ойынның мазмұны: Балаларға әртүрлі суреттер беріледі,сол суреттің ішінен бірдей заттарды тауып бір сөзбен атайды мысалы: ыдыстар, | бейнеленгенін және оның жанды не жансыз екенін айтады. Жанды болса кім?,жансыз болса не? Сұрағы қойылады.<br>**Дидактикалық ойын: «Ойлан да аяқта»** Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байыту, сөйлеу барысында қолдануларын қалыптастыру. Тілдің грамматикасын дұрыс сақтауын қалыптастыру, сөйлеу іскерліктері мен сөздік қорын байыту. Шарты: Берілген сурет бойынша тәрбиеші сөздерді айтады, ал балалар аяқтайды. Қарға ұшады,ал ат ...(шабады) Ит үреді, ал қарға...(қарқылдайды)<br>Жылан жорғалайды, ал балық...(жүзеді) | жұмсақ – . . . (қатты)<br>ыстық – . . . (суық)<br>***Дидактикалық жаттығу: “Жасырылған сөз”***<br>**Шарты:** бала бір сөздің атын тура атамай, оны сипаттайды. Балалар сол сөзді табады.<br>Мысалы: “*Ол күз мезгілінен кейін келеді*”, “*Ол келмесе, Аязата мен Ақшақар келмейді*”.Жауабы: қыс.<br>***Дидактикалық жаттығу: ≪Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос≫***<br>– Балалар мен сендерге заттың сипатын айтамын сендер сол сипатқа сай суреттен көрген дауыссыз дыбыстан басталатын затты айтыңдар.<br>Мысалы: *әдемі ...(көлік), заманауи ...(қала), биік ...(ғимарат), жасыл ... (желек), ұзын ...(көше), жедел ..(жәрдем), үш түсті ...(бағдаршам), жылдам ...(метро), аппақ ... (бұлт), үлкен ...(терезе) т.б.* | қарастырады. Әр ойыншықты анықтап атын атайды. Ойнаушылардың біреуі бөлмеден шығып кетеді,басқа ойнаушылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады.<br>**«Керісінше айт»**<br>Ойынның мақсаты: Антоним сөздерді дұрыс айтуға үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: **доп**.Ойынның мазмұны: Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызады да допты лақтырып кез келген сөзді айтады. Балалар сол сөзге керісінше сөзді айтады.<br>Мысалы: ақырын-жылдам, суық-ыстық...<br>**«Бір сөзбен айт»**<br>Ойынның мақсаты: Заттарды танып бір сөзбен айтуға үйрету.Ойынның құрал-жабдықтары: Ыдыстардың, ойыншықтардың, жануарлардың суреттері.<br>Ойынның мазмұны: Балаларға әртүрлі суреттер беріледі,сол суреттің ішінен бірдей заттарды тауып бір сөзбен атайды мысалы: ыдыстар, ойыншықтар, жануарлар. | ***Дидактикалық жаттығу: “Жасырылған сөз”***<br>**Шарты:** бала бір сөздің атын тура атамай, оны сипаттайды. Балалар сол сөзді табады.<br>Мысалы: “*Ол күз мезгілінен кейін келеді*”, “*Ол келмесе, Аязата мен Ақшақар келмейді*”.<br>Жауабы: қыс.<br>***Дидактикалық жаттығу: ≪Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос≫***<br>– Балалар мен сендерге заттың сипатын айтамын сендер сол сипатқа сай суреттен көрген дауыссыз дыбыстан басталатын затты айтыңдар.<br>Мысалы: *әдемі ...(көлік), заманауи ...(қала), биік ...(ғимарат), жасыл ... (желек), ұзын ...(көше), жедел ..(жәрдем), үш түсті ...(бағдаршам), жылдам ...(метро), аппақ ... (бұлт), үлкен ...(терезе) т.б.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншықтар, жануарлар. | Қасқыр ұлиды, ал қой...(маңырайды) Түйе боздайды, ал жылқы...(кісінейді) Лимон қышқыл, ал қант...(тәтті) | | | |
| <br> | | **Қозғалмалы зерек ойындар «Жер,су,ауа »ойыны**<br><br>***«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»***<br>**Мақсаты:**Қассиетіне қарай:қар мен жаңбырды ажырата білу,табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту,катты,жұмсақ,ериді,буға айналады.<br>**Көрнекіліктер:**қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер.<br>**Ойын барысы:** Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп,олардың біp-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек. | | ***Ойын: «Жер,су,ауа»***<br>**Мақсаты:** балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге,жерде ,ауада,суда не болатынны дұрыс айтуға төселдіру,қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу.<br><br>**Көрнекіліктер:**асық<br>**Шарты:**балалар дөңгелеіп отырады.Бір бала ортаға шығып балалардыі кез келгінене асық лақтырып жібереді де жер су ауа деген сөздің бірін айтады.Егер бала жер десе асықты қағып алған сезіммен тәбиелеу.Біл бала отатаға шығып,балалардың кез келгеніне асықта лақтырып жібреді де жер, су ауа деген сөздік бірін айтады.Егер бала жер десе,асықты қағып алған бала жерде тіршілік ететін құстарды,адамдарды,өсімдіктерді атайды.Ал су сөзі айтылса,балық балардың аты аталады.Ауа дегенде құстарды айтуы тиіс.<br>Осылй ойын жалғаса береді. | |
| | **2.Математика негіздері**<br>**Ойын жаттығуы: «Ұқыпты бол»**<br>ойын шартын түсіндіреді:мен апта күндерін атаймын, сендер алақан соғасындар.<br>Аптаның Сәрсенбі күнін атағанда алақан соқпайсындар.<br>**«Келесі апта күнін ата» (доппен)** | **2.Қазақ тілі**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Не артық?».**<br>Тақтадағы суреттерді атап, ондағы артық суретті табады. (Жануарлар және көйлек суреттері).<br>**Дидактикалық ойын «Қайтала, көрсет».**<br>Балаларға | **2. Математика негіздері**<br>**Ойын жаттығуы: «Ұқыпты бол»**<br>ойын шартын түсіндіреді:мен апта күндерін атаймын, сендер алақан соғасындар.<br>Аптаның Сәрсенбі күнін атағанда алақан соқпайсындар.<br>**«Келесі апта күнін ата» (доппен) дидактикалық ойыны .**Балалар шеңберге тұрады. Бір бала допты | **2. Қоршаған ортамен танысу «Кім адасты?» ойынын ойнайды.**<br>Ойын шарты:<br>Балаларға бірнеше нысанды атап көрсетеді. Оның біреуі қалғандарымен бір топқа жіктеуге келмейді. | **2.Математика негіздері «Сиқырлы қапшық»**<br>Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар.<br>Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дидактикалық ойыны** Балалар шеңберге тұрады. Бір бала допты лақтырады, аптаның күнін атайды. Екінші бала допты ұстап алып, аптаның келесі күнін атауы керек. **«Жыл он екі ай» ойыны.** Балалар шеңбер құрап тұрады. Жүргізуші допты лақтырады және түрлі сұрақтар қояды: «Ақпан нешінші ай? Жыл қандай аймен аяқталады? Қазаннан кейінгі ай қалай аталады? Жаз айларын айтып бер» және т.б. Сұраққа жауап берген адам басқа сұрақ қойып, допты басқа ойыншыға лақтырады. Бұл ойындар балалардың аптадағы күндерді, айларды, олардың ретін, «кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдарының мәнін оңай жаттауына көмектеседі | киімдердің атауларын жекеше, көпше түрде және олардың түр-түстерін атайды. Балалар сөздерді қайталап, сөзге сәйкес суретті көрсетеді. Мысалы: көйлек, көйлектер, сары көйлек, қысқа жең жейде. **Дидактикалық ойын «Керісінше айт»** Ойынның мақсаты: Антоним сөздерді дұрыс айтуға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: **доп**.Ойынның мазмұны: Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызады да допты лақтырып кез келген сөзді айтады. Балалар сол сөзге керісінше сөзді айтады. Мысалы: ақырын-жылдам, суық-ыстық... | лақтырады, аптаның күнін атайды. Екінші бала допты ұстап алып, аптаның келесі күнін атауы керек. **«Жыл он екі ай» ойыны.** Балалар шеңбер құрап тұрады. Жүргізуші допты лақтырады және түрлі сұрақтар қояды: «Ақпан нешінші ай? Жыл қандай аймен аяқталады? Қазаннан кейінгі ай қалай аталады? Жаз айларын айтып бер» және т.б. Сұраққа жауап берген адам басқа сұрақ қойып, допты басқа ойыншыға лақтырады. Бұл ойындар балалардың аптадағы күндерді, айларды, олардың ретін, «кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдарының мәнін оңай жаттауына көмектеседі | Ойынға кірісіп, кімнің адасып кеткенін табады. Мысалы:Сиыр, маймыл, ит, тасбақа, кенгуру Тасбақа. Қалған жануарлардың бәрі – сүтқоректілер, ал, тасбақа олай емес. Немесе кенгуру. Оның қалтасы бар, басқаларда қалта жоқ.**Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындау** Шымшық ұшып-қонады, *(Бір орында тұрып қос аяқтап секіреміз).* Бір орнында отыра алмас, *(бір орында тұрып сол аяқпен секіреміз).* Бір-екі, бір-екі, *(Бір орында тұрып оң* | пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады. **«Үйдің есігін жабайық»** Ойынның мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері. Ойынның мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну. |

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
<td>аяқпен секіреміз).Зу ылдады тоқтамай.<br>(Бір орында тұрып айналамыз)<br>Міне, бір минутқа отырды,<br>(Отырамыз.)<br>Тұмсығымен кеудесін қасыды,(Орнымыздан тұрып, басымызды оңға-солға иеміз).<br>Ұшты, қонды, (Бір орында тұрып сол аяқпен секіреміз).<br>Шыр-шыр, (Бір орында тұрып оң аяқпен секіреміз).<br>Шыр-шыр! (Бір орында тұрып қос аяқтап секіреміз).</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">Тілді жаттықтыратын тақпақ<br>Кім келді?<br>Қане, қане кім келді?<br>Біз, біз, біз!<br>Апа, апа бұл сіз бе?<br>Иә, иә, иә!<br>Әке, әке бұл сіз бе?<br>Иә, иә, иә!<br>Ағатайым бұл сіз бе?<br>Иә, иә, иә!<br>Қарындасым бұл сен бе?<br>Иә, иә, иә!<br>Біздер тату жан ұя<br>Иә, иә, иә!</td>
<td colspan="2"><br></td>
<td colspan="2">Ойын: «Айдаһардың құйрығы»<br>Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.<br>Ойынның шарты: Өте қызық ойын! Ойынға қатысушылар бірінің артына бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған бала - «айдаһардың басы». Ең соңғысы – «құйрығы» болады. «Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады.<br>Ұсыныс: Оның мақсаты – ұстап алу, «құйрықтың» мақсаты ұстатпау, қайткені де қашып құтылу. Егер «құйрық» ұсталып қалса, ол – «бас» болады. Ойын өз жалғасын табады.</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | **3.Сауат ашу негіздері**<br>***Дидактикалық жаттығу: “Қарама-қарсы сөзін айт”***<br>Ал енді мен айтқан сөздің қарама-қарсы сөзін тауып айтыңдар.<br>жіңішке – . . . (жуан)<br>үлкен – . . . (кіші)<br>ұзын – . . . (қысқа)<br>пысық – . . . (жалқау)<br>ашты – . . . (жапты)<br>құрғақ – . . . (ылғал)<br>қара – . . . (ақ) биік – . . . (аласа)<br>жұмсақ – . . . (қатты)<br>ыстық – . . . (суық)<br>***Дидактикалық жаттығу: “Жасырылған сөз”***<br>**Шарты:** бала бір сөздің атын тура атамай, оны сипаттайды. Балалар сол сөзді табады.<br>Мысалы: “*Ол күз мезгілінен кейін келеді*”, “*Ол келмесе, Аязата мен Ақшақар келмейді*”.<br>Жауабы: қыс.<br>***Дидактикалық жаттығу: ≪Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос≫***<br>– Балалар мен сендерге заттың сипатын айтамын сендер сол сипатқа сай | **3.Көркем әдебиет**<br>**Дидактикалық ойын: «Нені жақсы көреді?»**<br>Мақсаты: Байланысты ра сөйлеуге үйрету, сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру.<br><br>Шарты: қамқорлық, жануарларын қоректендіруге көмектесу Ойында Магнитті тақтада ойнайды. Балалар жануардың біреуін алып атайды оның не жақсы көретінің айтып суретін жанына орналастырады<br><br>**Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?»**<br><br>Ойын шарты: екі шырша қойылады. Балалар екі топқа бөлінеді. Шыршаны өздері жасаған ойыншықтармен, қағаз қолшаммен (фонарик) безендіру. Жылдам безендірген топ жеңімпаз атанады | **3. Қазақ тілі**<br>**Дидактикалық ойын: «Не артық?».**<br>Тақтадағы суреттерді атап, ондағы артық суретті табады. (Жануарлар және көйлек суреттері).<br>**Дидактикалық ойын «Қайтала, көрсет».**<br>Балаларға киімдердің атауларын жекеше, көпше түрде және олардың түр-түстерін атайды. Балалар сөздерді қайталап, сөзге сәйкес суретті көрсетеді.<br>Мысалы: көйлек, көйлектер, сары көйлек, қысқа жең жейде.<br>**Дидактикалық ойын «Керісінше айт»**<br>Ойынның мақсаты: Антоним сөздерді дұрыс айтуға үйрету.Ойынның құрал-жабдықтары: **доп**<br>Ойынның мазмұны: Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызады да допты лақтырып кез келген сөзді айтады. Балалар сол сөзге керісінше сөзді айтады. Мысалы: ақырын-жылдам, суық-ыстық... | **3.Көркем әдебиет**<br>**Дидактикалық ойын: «Нені жақсы көреді?»**<br>Мақсаты: Байланыстыра сөйлеуге үйрету, сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру.<br>Шарты: қамқорлық, жануарларын қоректендіруге көмектесу Ойында Магнитті тақтада ойнайды. Балалар жануардың біреуін алып атайды оның не жақсы көретінің айтып суретін жанына орналастырады<br>**Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?»**<br>Ойын шарты: екі шырша қойылады. Балалар екі топқа бөлінеді. Шыршаны өздері жасаған ойыншықтармен, қағаз қолшаммен (фонарик) безендіру. Жылдам безендірген топ жеңімпаз атанады | **3.Шығармашылық іс-әрекет**<br>**Дидактикалық ойын: “Қандай пішін жетіспейді?”**<br>Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.<br>Шарты: Түрлі суреттер беріледі. Ол суреттердің жетіспейтін жерлерін толықтырып, сәйкес пішіндерді түстері бойынша тауып орналастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суреттен көрген дауыссыз дыбыстан басталатын затты айтыңдар.<br>Мысалы: *әдемі ...(көлік), заманауи ...(қала), биік ...(ғимарат), жасыл ...(желек), ұзын ...(көше), жедел ..(жәрдем), үш түсті ...(бағдаршам), жылдам ...(метро), аппақ ... (бұлт), үлкен ...(терезе) т.б.* | | | | |
| **Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Допты қуып жет»** | | | | | |
| **Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:**<br>Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.<br>Ағайынды аралар.<br>Ағайында арарармыз,<br>Еңбек үшін жаралғанбыз.<br>-з-з-з-з-з<br>Шырын іздеп күні бойы<br>Гүл бақшаны аралаймыз<br>-з-з-з-з-з<br>(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.)<br>Жаман ара<br>Қалмай ұшып соңынан,<br>Ара қуды Мұратты.<br>-з-з-з-з<br>Шағып алып қолынан,<br>Досымызды жылатты.<br>-у-у-у-у<br>(Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал) | | <br><br> | | **Ойын: *«Допты қуып жет»***<br>**Мақсаты:** Балаларды ептіліке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.<br>**Ойынның шарты:**<br>Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.<br>Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын. | |
| | **4.Дене шынықтыру**<br>**«Саусақтарды жаттықтыру» – допты кез келген бағытта бір қолмен** | **4.Музыка**<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Аюлар биі» (Е. Тиличеева). Балалар | **4.Дене шынықтыру**<br>**Көз бұлшық еттерін белсендіру жаттығулары.**<br>Бұл жаттығулар | **4.Музыка**<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Аюлар биі» (Е. Тиличеева). Балалар музыкаға ілесіп, қорбаңдап, | **4.Дене шынықтыру**<br>**«Қазан»** – асықтырды көлденең нысанаға 3 метрден лақтыру. (4 рет). Бастапқы қалыпта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **домалату.**<br> Алдымен допты сол қолмен, сосын оң қолмен, кейін екі қолмен<br>бірақ дөңгелетеді. Доптың бағытын өзгертпеуге, допты алысқа жібермеуге, доптың артынан үлгеруге  тырысады.<br>«Допты керілген жіптен асырып лақтыру. Шапшаңдыққа жаттықтыру»<br>Волейбол добын керілген жіптен асырып лақтырып, астынан өтіп, шапшаң аттап, екінші жағынан қайта қағып алады. «Секіргіштікті жаттықтыру»<br>20 см биіктікке жүгіріп келіп, секіріп шығу. Секіріп бір аяғына қонады.Еденнен шұғыл итеріледі. Секірген сәтте қолдарымен серпіліп көмектеседі. Қайта еденге қонғанда аяқтарын тізесінен бүгіп, қолдарын алдыға созады.<br>**Зейінді дамытуға арналған Сезімдік ойын:  «Еріккендер».**<br>Ойыншылар | музыкаға ілесіп, қорбаңдап, аюдың жүрісін салады.<br>***Музыка тыңдау:*** «Ақ сиса» (Жаяу Мұса).<br>***Ән айту:*** «Наурыз тойы» (Т. Мұратов).<br>***Билер:*** «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев).<br>Халық биінің элементтерін үйрену: жүн түту, ұршық иіру, жүнді сабау. Қолды білек буынынан бұрап жаттығу.<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Үйшік» (В. Витлин).<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Сәулем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай). | статикалық күйзелістен айырылуға, көз бұлшық еттеріндегі қан айналымының жақсаруына, көлденең жазықтықтағы қимыл әрекеттерін бағдарлау-басқаруының жақсаруына, вестибуляр аппаратының реакцияларын жалғастыруға, көз қимылдарының жақсаруына септігін тигізеді.<br>30 сек интервалмен көзді қатты ашып-жұмуды 5–6 рет қайталау.2-3 сек көзді айналдыру. 3–4 рет. 1–2 мин ішінде тез-тез жыпылықтау.30–40 сек алысқа қарап тұру, көзді 25–30 см қашықтықта тұрған саусақтың ұшына ауыстыру (3–5 сек) 3–5 рет.Екі қолдың үш саусағымен әр көздің үстіңгі жағын ақырындап 1-2 сек басып тұру (3–5 рет) Бір қолын алдыға, мөлшері беттің орта тұсына созып ұстау. Қолынан көз алмастан оны мұрнына қарай жақындату (3–4 рет)<br>**«Арқаннан секіру»** ( 6 рет).Арқанды біресе | аюдың жүрісін салады.<br>***Музыка тыңдау:*** «Ақ сиса» (Жаяу Мұса).<br>***Ән айту:*** «Наурыз тойы» (Т. Мұратов).<br>***Билер:*** «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев).<br>Халық биінің элементтерін үйрену: жүн түту, ұршық иіру, жүнді сабау. Қолды білек буынынан бұрап жаттығу.<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Үйшік» (В. Витлин).<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Сәулем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай). | аяқтары иық енінен кеңірек, оң аяғы аздап артқа таман, оң қолы кеуде тұсына қойылады. Асық ату кезінде оң қолы барынша төмен-артқа қайырылып, сосын алдыға-жоғары серіліп қозғалады.<br>Негізгі қимылдарды орындайды.<br>Құрсауларды айналып тұрып (4 шеңберді 3 м қашықтықтан айналып тұрады), асықтарды ортаға лақтырады. Шеңберге «қазанға» түсірген асығына байланысты жеңімпаздар анықталады. **«Малдас құрып отырған қалыптан»** асықтарды лақтырып, қағып алу. Алақанын ауыстырады. Көрпешелерге малдас құрып отырады. Асықтарды жеке-жеке қағып алып, лақтырады. Алақанын дөңгелетіп қояды. Келесі лақтырғанда алақанын сыртымен айналдырып қояды. «Шабандоз»<br>Ойыншы-шабандоз санау біткенше қамшымен жерден тақияны көтеріп алуы керек. Жүргізуші шақырады:«Ау, жігіттер, келіңдер! Күш сынасып көріңдер! Тақияны алыңдар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолдарынан ұстанып, шеңбер бойымен жүреді. Белгі бойынша тоқтап, бір шапалақ ұрып, шұғыл бұрылып, енді артпен жүгіре береді. Әрбір белгі бойынша қозғалыс бағыты өзгереді. Дұрыс бұрылмаған ойыншы ойыннан шығады. | | тез, біресе ақырын, ойыншылардың біріне тигізу үшін шатастырып айналдыру.Арқанның аяғының астынан өту сәтінде, жүргізушінің алдағанына көнбей, секіріп немесе қашып үлгеруге тырысады. **«Аңшылар»** ( 6 рет). Балалардың назарын ұшып келе жатқан доптан қаша білуге, ол үшін түрлі тактикаларды қолдана білуге, шапшаң қимылдауға аударту.Балалар екі топқа бөлінеді. «Қасқырлар» диаметрі 4 м шеңбердің ішінде жүреді.<br>«Аңшылар» оларды шеңбердің сыртында тұрып, доппен атып алуға тырысады.Барлық аңшы қолындағы доптарымен атып біткенде, шеңберде қалған қасқарларды санап, оларға ұпай беріледі. Енді олар орын ауыстырады. Көп ұпай алған команда жеңіске жетеді.**«Тосқауыл»** ( 4 рет)<br>Ойыншылар бірінің ішінде бірі тұрған екі шеңберге бөлініп | | Шауып келіп кідірмей, Күміс теңге алыңдар!Ер тоқымнан айрылмай, Шапқан атқа мініңдер! Ат астынан өте шығып, Бірінші боп келіңдер!Жеңіп ойнақ салыңдар, Бас жүлдені алыңдар!» Өз күшін көрсеткісі келген ойыншы жауап береді: «Бір, екі, үш, Жастар алып күш! Теңгеге дәл тигізіп, Тақияны аламыз!<br>Біз – жігіттер қалмаймыз, Арғымақпен шабамыз!<br>«Бір, екі, үш, Жастар алып күш!»Ойыншы-шабандоз санау біткенше қамшымен жерден тақияны көтеріп алуы керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тұрады. Екі шеңбер екі бағытта жүреді. Кенет екі шеңбер де күрт тоқтайды да, ішкі шеңбердегі балалар қол ұстас «қақпа» жасап тұрады. Сыртқы шеңбердегі балалар оларды айналып жүре бастайды (шеңберден бір шығып, бір кіріп жүреді). Белгі бойынша ішкі шеңбер қолдарын шұғыл төмен түсіреді (қақпа жабылады).<br>Шеңберден шығып үлгермей, іште қалған ойыншылар ішкі шеңберге қосылады. Ойын жалғаса береді. Екі топтың орнын ауыстырып қайталау. | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту<br>Сақтық шаралары<br>Жолда жүру ережелері<br>Жолда жүгірме, бөгелме,бөгде адамдармен сөйлеспе! | Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту,ертегі немесе әңгіме айтуға кеңес беру | Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту,ертегі немесе әңгіме айтуға кеңес беру<br>Этика – эстетика, мәдениет, жеке бас гигиенасы,<br>Жолда жүру ережелері туралы ескертулерді күнделікті ескерту | Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту,ертегі немесе әңгіме айтуға кеңес беру | Жолда жүгірме,бөгелме, бөгде адамдармен сөйлеспе! |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы**: «Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі»МДШО МКМ
**Топ:** Мектепалды даярлық
**Топ жетекшісі:** Есенкелді Қаракөз Есенкелдіқызы
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу** 10.04-14.04 2023ж

| Күн тәртібі | Дүйсенбі<br>10-сәуір | Сейсенбі<br>11-сәуір | Сәрсенбі<br>12-сәуір | Бейсенбі<br>13-сәуір | Жұма<br>14-сәуір |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме:**Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Д/ойын: «Қарап ал да есіңе сақта»**<br>***Мақсаты:*** балаларды көрген суреттерді есі не сақтап,көз алдына елестете отырып ,әр қайсысын ретімен атап шығуға ,үй жану-арларының,аңдардын және құстардың жал-пы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>***Көрнекіліктер***: үй жануарлары,аңдардың,құстард ың суреттері. | **Д\ойын «Ғажайып қоржын»**<br>**Мақсаты:** Балаларды заттарды тиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын шарты**: Қоржындағы затты сипап біліп атау. Бала затты дұрыс сипаттап бергеннен соң ғана зат қаптан алынып, балаларға көрсетіледі, ал дұрыс аталмаса қаптан алынбайды.<br>**қажетті құралдар**: Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар. | **Д/ойын:«Экологиялық пирамида».**<br>**Мақсаты**: Балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, экологиялық пирамида құрастыруға үйрету. Табиғаттағы барлық нысандардың өзара байланысын көре білуге баулу. | **Д/ойын: «Зоологиялық домино».**<br>**Мақсаты:** Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; ұғымталдыққа, зейін қоюшылыққа баулу.<br>**Ойын ережелері:**<br>Кімде-кім өз карточкаларын бірінші болып қойса, сол жеңімпаз болады. Жүрісті жіберіп алмай, карточканы дер кезінде қойып, мұқият болу. | **Д/ ойын:Не артық?**<br>**Мақсаты**: Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>**Көрнекіліктер**:әр түрлі құстар мен үй жануарлары бейнеленген суреттер. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 9 | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)** | Табиғатым тамаша,<br>Көз тоймайды караса.<br>Табиғатты аялап,<br>Сәлем саған-Жер ана!<br>Сәлем саған-Нұрлы күн!<br>Аман-есен болайық,<br>Бейбітшілік қалайық.<br>Біз әдепті баламыз,<br>Біз ерекше баламыз,<br>Қонақтарды көргенде<br>Амандасып аламыз. | Табиғат қандай тамаша,<br>Тоймаймыз біз де тамсана.<br>Балықтар шіркін жүзеді,<br>Табиғаттың жыры көп,<br>Табиғаттың сыры көп. | Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған.<br>Сен күнсің көтерілген күліп қырдан.<br>Сен көлсің, сен ормансың.<br>Сен - бұлбұлсың,<br>Адамға сұлулықты шын ұқтырған! | Табиғатқа қамқор боп,<br>Байлығын біз қорғайық.<br>Әдепті да, тәртіпті боп,<br>Жақсылығын қолдайық. | Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілегіміз тыныштық,<br>Ашық болсын көк аспан.<br>Мықты болсын іргеміз,<br>Бәріміз де біргеміз. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Ойын-жаттығуы «Сұрақ жауап»**<br>1)Қазір жылдың қай мезгілі?2)Қыс мезгілінің ерекшеліктері қандай?<br>3)Қардың түсі қандай?<br>4)Қар қайтіп жауады?<br>5)Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>**Сергіту жаттығуы**<br>**Қыс сөзіне дыбыстық талдау жасау**<br>Қ-дауыссыз дыбыс<br>Ы-дауысты дыбыс<br>С-дауыссыз дыбыс<br>**Дидактикалық ойын: «Қай мезгілде ойнаймыз?»**<br>Ойын шарты: Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап, қай мезгілде ойнайтынын айту. | **1.Қоршаған ортамен танысу**<br>**«Тағы не істейді?» ойын-жаттығуы**<br>Ойын шарты: балалар заттың іс-әрекеттерін немесе қасиетін атап көрсетуі тиіс.<br>1.Үйрек суда жүзе алады,тағы не істейді?<br>2.Сүңгиді, жерде жүреді, ұшады, барылдайды.<br>3.Мысық тышқан аулайды, одан басқа тағы не істей алады?<br>4. Бетін сипалайды, пысылдайды, мияулайды, серуендейді, ұйықтағанды жақсы көреді.<br>5. Күн жарық сәуле шашады. Тағы не жарық шашады?<br>6.Қалта шам, шам, көліктің шамы...<br>**Дидактикалық ойын: «Бұл қандай ойыншық?»**<br>Ойын шарты: Қоржын | **1.Сауат ашу негіздері**<br>***Дидактикалық ойын: Тиісті белгіні көтер***<br>– Дауысты, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді араластырып айтамын, сендер тиісті қызыл, көк түсті жалаушаларды көтеріңдер.<br>Мысалы: *маймыл, ақ аю, ат, жолбарыс, түйе, бұзау, қасқыр, түлкі, қоян, арыстан, серік, тышқан, ит, доңыз, мысық, тай, қой, құлын, тауық, ешкі, лақ, сиыр, бота, қозы, көжек, бақа, ағаш, гүл, балық*<br>***Дидактикалық ойын: Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос***<br>– Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Ойын-жаттығуы «Сұрақ жауап»**<br>1)Қазір жылдың қай мезгілі?2)Қыс мезгілінің ерекшеліктері қандай?<br>3)Қардың түсі қандай?<br>4)Қар қайтіп жауады?<br>5)Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>**Сергіту жаттығуы**<br>**Қыс сөзіне дыбыстық талдау жасау**<br>Қ-дауыссыз дыбыс<br>Ы-дауысты дыбыс<br>С-дауыссыз дыбыс<br>**Дидактикалық ойын: «Қай мезгілде ойнаймыз?»**<br>Ойын шарты: Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап, қай мезгілде ойнайтынын айту. | **1.Сауат ашу негіздері**<br>***Дидактикалық ойын: Тиісті белгіні көтер***<br>– Дауысты, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді араластырып айтамын, сендер тиісті қызыл, көк түсті жалаушаларды көтеріңдер.<br>Мысалы: *маймыл, ақ аю, ат, жолбарыс, түйе, бұзау, қасқыр, түлкі, қоян, арыстан, керік, тышқан, ит, доңыз, мысық, тай, қой, құлын, тауық, ешкі, лақ, сиыр, бота, қозы, көжек, бақа, ағаш, гүл, балық*<br>***Дидактикалық ойын: Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос***<br>– Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын, мағынасы ұқсайтын сөз ойлап айтуларың керек.<br>Мысалы: әдемі ... (қыз), |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4.Дене шынықтыру**<br>«Балапан ұядан ұшады»<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей етіп қою. Қолдары шынтақтан бүгіліп, білектерін көлденең, саусақтарының арасы ашылған, алақандарын кеудесіне қаратып ұстап тұру. Шынтақтарын мүмкіндігінше артқа қарай жібергенде демін ішке тарту. Ал б.қ. қайта оралғанда – демін сыртқа шығару (6 рет қайталау).<br>**Тырна қанат жазады.** (Екі жаққа бұрылыстар). Б.қ.: қолдарын алдыға – жоғары – алдыға – екі жаққа баяу көтерген кезде оң аяғының тізесін бүгіп, жерге параллель етіп көтеріп, біраз кідіру – демін ішке тарту. Б.қ. – демін сыртқа шығару. Келесі аяқпен осы қимылдарды қайталау.<br>**Жылан билейді.** Б.қ.: аяқтары иық еніндей етіп | **4.Музыка**<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Көңілді би» (И. Штраус).<br>***Музыка тыңдау:*** «Айды әперші, апатай» (Е. Өміров). Әннің мәтінін орындап болған соң, балалармен әңгіме жүргізу. Балаларға 12 сәуір Ғарышкерлер күні екенін айтып, интерактивті тақтадан ғарыш әлеміне саяхат жасап, ғарышкерлермен таныстыру. Ғарышкерлердің суреттерін көрсету.<br>***Ән айту:*** «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов).<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Тамшылар» румын халық әні (өңдеген Т. Попатенко). | **4.Дене шынықтыру**<br>**Әртүрлі тәсілдермен гимнастикалық қабырғаға өрмелеу –** кезекпен аттап өрмелеу, сатылардан дұрыс ұстану, қауіпсіздік ережелері. (3 рет) Баспалдаққа шығуды орындайды. Дұрыс ұстану үшін төрт саусақты сатының үстінен келтіріп, бас бармаған астынынан келтіріп ұстайды. Бір сарынды қозғалып, өз қимылын басқаруға тырысады. Баспалдақтан түскенде сатыларын қалдырмай, секіріп түсіп кетпеуі керек.<br><br>**Тепе-теңдік сақтау.** (4 рет) Еденге бұралыңқы | **4.Музыка**<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Көңілді би» (И. Штраус).<br>***Музыка тыңдау:*** «Айды әперші, апатай» (Е. Өміров). Әннің мәтінін орындап болған соң, балалармен әңгіме жүргізу. Балаларға 12 сәуір Ғарышкерлер күні екенін айтып, интерактивті тақтадан ғарыш әлеміне саяхат жасап, ғарышкерлермен таныстыру. Ғарышкерлердің суреттерін көрсету.<br>***Ән айту:*** «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов).<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Тамшылар» румын халық әні (өңдеген Т. Попатенко). | **4.Дене шынықтыру**<br>**Себетке доп лақтыру.** ( 3 рет)<br>Допты кеуде тұсында ұстап тұрып, ілгері-төменге қарай доға жасай отырып түсіріп, қолын қайта жоғары көтеріп түзеп, қолдарының басы мен саусақтарын аша отырып, допты екпінмен себетке бағыттап лақтырады. Баскетбол қалқанынан 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыс тұрады. Аяқтарын иық еніндей қашықтыққа қойып, бір аяғын жарты қадам ілгері орналастырады. Салмақты екі аяққа бірдей бөліп, денені алға бұрады. Қолдарын шынтақтан бүгіп, денеге жанай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қою, қолдарымен ұстасып, желкесіне қойылған. Шынтақтары мүмкіндігінше артқа тартылған. Басы мен табанын қозғалтпай, белін айналдырады. Жасыл желекті жел тербейді. Б.қ.: аяқтарын алшақтау қойып тұру. Сол аяғына қарай қисаю, қол саусақтарын аяғына тигізу – демін ішке тарту. Б.қ.: демін шығару. Сол қимылдарды оң жағына қайталау. **Қолыңмен көкті итер.** Б.қ.: тұру. Қолдарын баяу алдыға көтеру. Денені түзеп, тыныс алуды қалпына келтіру. 8 рет. **Футбол** – жұптарға бөлініп, 3 метр қашықтықтан бір-біріне допты дөңгелету. **(10 рет)** Нұсқау – допты серігінің дәл аяғына беру, допты ұру күшін мөлшерлеу, допты тек табанымен тоқтату. | | тасталған баудың үстімен қолдарын екі жаққа созып, артпен жүреді. Тепе-теңдік сақтап, арқасын тік ұстауға тырысады.<br>Тепе-теңдік сақтау жаттығуларын орындайды. Жаттығулар кешенін толық орындап біткенше тепе-теңдік сақтап, арқасын тік ұстап, басын төмен түсірмеуге, қолдарын екі жаққа созып, баудың үстімен әдемі болып, бірқалыпты жүріп өтуге тырысады.<br>**Ойын жаттығуы: «Іліп кетпе!» –** айналып тұрған секіртпеден секіріп өту. Ойынға белсене қатысады. Секіртпе қозғалыс амплитудасының ең жоғарғы нүктесіне келген сәтте оның орта тұсының астынан шапшаң жүгіріп өтіп үлгеруге тырысады. (2рет) | | таяу ұстайды. Допты бір орында тұрып, себетке екі қолмен кеудеден итеріп лақтырады.<br>**Гимнастикалық қабырғаға аяқты аяққа сүйеп аттап, қиғаш өрмелеу.** ( 3 рет) Баспалдақтан-баспалдаққа өткенде аяқ пен қол қимылдарын үйлестіру, қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>Гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеп шығады да, аяқты аяққа сүйеп аттап, қиғаш түседі. Баспалдақ сатыларынан мықтап ұстайды: төрт саусақпен үстінен, бас бармақпен сатынан ұстайды.<br>Ойын жаттығуы «Тыңда, орында!». ( 2 рет) Жүргізуші 1-2 қимылды айтып, қайталайды. Тек қалай орындалатынын түсіндіріп, көрсетпейді. Балалар тура сол ретпен қимыл-қозғалыстарды қайталауы керек.<br>Бастапқы қалыпқа тұрады. Аяқтарын ніндей қашықтыққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | п, бір аяғын жарты<br>ілгері орналастырады.<br>ақты екі аяққа бірдей<br>, денені алға бұрады.<br>арын шынтақтан бүгіп,<br>е жанай таяу ұстайды.<br>ы бір орында тұрып,<br>ке екі қолмен кеудеден<br>п лақтырады. |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту<br>Сақтық шаралары<br>Жолда жүру ережелері<br>Жолда жүгірме, бөгелме,бөгде адамдармен сөйлеспе! | Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту,ертегі немесе әңгіме айтуға кеңес беру | Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту,ертегі немесе әңгіме айтуға кеңес беру<br>Этика – эстетика, мәдениет, жеке бас гигиенасы,<br><br>Жолда жүру ережелері туралы ескертулерді күнделікті ескерту | Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту,ертегі немесе әңгіме айтуға кеңес беру | Жолда жүгірме,бөгелме, бөгде адамдармен сөйлеспе! |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы**: «Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі»МДШО МКМ
**Топ:** Мектепалды даярлық
**Топ жетекшісі:** Есенкелді Қаракөз Есенкелдіқызы
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 24-28сәуір 2022-2023 оқу жылы

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі<br>24-сәуір** | **Сейсенбі<br>25-сәуір** | **Сәрсенбі<br>26-сәуір** | **Бейсенбі<br>27-сәуір** | **Жұма<br>28-сәуір** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | ***«Біз бақытты баламыз»***<br>Кел,шеңберге тұрайық,<br>Қолымызды ұстайық.<br>Күлімдейік күлейік,<br>Тату болып жүрейік. | ***«Мен әдепті баламын»***<br>Амандасу үлкенге,<br>Тәрбиенің басы ғой.<br>Ал,кәнеки бәріміз,<br>Сәлем дейік үлкенге. | ***«Нәр алып»***<br>Аман-есен болайық,<br>Бейбітшілік қалайық!<br>Күнге қарап шуақтанып,<br>Суға қарап нәр алып,<br>Табиғаттан шабыттанып,<br>Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік. | ***«Қуан,шаттан!»***<br>Қуан, шаттан!<br>Қуан, шаттан!<br>Қуанатын күн бүгін.<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін. | ***«Қайырлы таң!»***<br>Қайырлы таң!<br>Ормандар мен далалар.<br>Қайырлы таң!<br>Достасқан бар<br>Балалар,<br>Қайырлы таң!<br>Жора-жолдас,ұл мен қыз! |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме:**Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме**:<br>«Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Үстел үсті ойыны – пазл: «Жыл мезгілдері »**<br>Балалармен қыс мезгілі туралы әңгімелесу. | **Құрылыс ойындары:**<br>«Қардан үйшік жасаймыз» | **Фотосуреттер қарастыру:** «Қысқы ойындар түрлері»<br>Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау. | **Үстел үсті театры:**<br>«Ғажайып қыс» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. | **Сюжеттік ойындар: «Қыстың қызықты сәттері»**<br>еркін сурет салу.<br>**Д/ойын**: «Қар» |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 3 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Жылулық сәті:**<br>Апам мені «Айым»-дейді,<br>Мен мұнайсам,уайым жейді.<br>Апам мені «Күнім»-дейді,<br>Мен қуансам күлім -дейді. | **Жылулық сәті:**<br>Қуанамыз күлеміз,<br>Бар әлемде сүйеміз.<br>Қол ұстасып, қуанып,<br>Достарымен бір жүреміз. | **Жылулық сәті:**<br>Шақырамын сендерді<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа,<br>Дөгеленген шеңберді. | **Жылулық сәті:**<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз. | **Жылулық сәті:**<br>Достар бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қуанышпен еніңдер. |

| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | 1 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Дидактикалық ойын: «Жасырынған ойыншықты тап».**<br>Ойын шарты: балалар тығылған ойыншықтарды тауып, неден жасалғанын, қайда қолданылатынын түсін айтып береді.<br>**Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?»**<br>Ойын шарты: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек.<br>**Дидактикалық ойын: «Белгілі дыбысқа сөз таңда».**<br>Ойын шарты: Ертегідегі кейіпкерлердің бас әрпіне сөз ойлап айтады.<br>Мысалы:<br>«Әже» сөзіндегі «Ә» дыбысына;<br>«Қыз» дегендегі «Қ» дыбысына;<br>«Тауық» және «тышқан» деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлайды. | **1.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Дидактикалық ойын: «Ойлан да аяқта»**<br>Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байыту, сөйлеу барысында қолдануларын қалыптастыру.<br>Тілдің грамматикасын дұрыс сақтауын қалыптастыру, сөйлеу іскерліктері мен сөздік қорын байыту.<br>Шарты: Берілген сурет бойынша тәрбиеші сөздерді айтад, ал балалар аяқтайды.<br>Қарға ұшады,ал ат ...(шабады)<br>Ит үреді, ал қарға...(қарқылдайды)<br>Жылан жорғалайды, ал балық...(жүзеді)<br>Қасқыр ұлиды, ал қой...(маңырайды)<br>**Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындау**<br>Шымшық ұшып-қонады, *(Бір орында тұрып қос аяқтап секіреміз).* Бір орнында отыра алмас, *(бір орында тұрып сол аяқпен секіреміз).* Бір-екі, бір-екі, *(Бір орында тұрып оң аяқпен секіреміз).*Зуылдады тоқтамай. *(Бір орында тұрып айналамыз)* Міне, бір минутқа отырды, *(Отырамыз.)*<br>Тұмсығымен кеудесін қасыды,*(Орнымыздан* | **1.Сауат ашу негіздері**<br>***Дидактикалық ойын Жоғалған дыбыс***<br>– Мен сендерге суреттерді көрсетіп, суреттің атауын бастапқы дыбысын дыбыстамай айтамын,<br>ал сендер менің қатемді түзеп, жоғалған дыбысты қосып сөзді толық айтуларың керек.<br>Мысалы: - *...олбарыс(ж), ...ысық(м), ...аймыл(м), ...асбақа(т), ...ышқан(т), ...рыстан(а), ...арабан(б), ...әріхана(д), ...арандаш(қ), ...аламсап(қ), ...өзілдірік(к), ...үшік(к), ...втобус(а), ...роллейбус(т), ...лдаркөсе(А), ...алапан(б), ...айық(қ), ...асқыр(қ), ...ағдаршам(б), ...артоп(к)*<br>***Дидактикалық ойын: Қағып ал***<br>– Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар.<br>Мысалы: қққасқыр(қ), ееетік(е), тттүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), ммоншақ(м), қққоңыз(қ), қққолшатыр(қ), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), ооотын(о), қққарға(қ), сссазан(с), шшшахмат(ш), тттау(т)<br>***Дидактикалық ойын: Буынды айтып сөз құра*** | . **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Дидактикалық ойын: «Жасырынған ойыншықты тап».**<br>Ойын шарты: балалар тығылған ойыншықтарды тауып, неден жасалғанын, қайда қолданылатынын түсін айтып береді.<br>**Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?»**<br>Ойын шарты: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек.<br>**Дидактикалық ойын: «Белгілі дыбысқа сөз таңда».**<br>Ойын шарты: Ертегідегі кейіпкерлердің бас әрпіне сөз ойлап айтады.Мысалы:<br>«Әже» сөзіндегі «Ә» дыбысына;<br>«Қыз» дегендегі «Қ» дыбысына;<br>«Тауық» және «тышқан» деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлайды | **1.Сауат ашу негіздері**<br>***Дидактикалық ойын Жоғалған дыбыс***<br>– Мен сендерге суреттерді көрсетіп, суреттің атауын бастапқы дыбысын дыбыстамай айтамын,<br>ал сендер менің қатемді түзеп, жоғалған дыбысты қосып сөзді толық айтуларың керек.<br>Мысалы: - *...олбарыс(ж), ...ысық(м), ...аймыл(м), ...асбақа(т), ...ышқан(т), ...рыстан(а), ...арабан(б), ...әріхана(д), ...арандаш(қ), ...аламсап(қ), ...өзілдірік(к), ...үшік(к), ...втобус(а), ...роллейбус(т), ...лдаркөсе(А), ...алапан(б), ...айық(қ), ...асқыр(қ), ...ағдаршам(б), ...артоп(к)*<br>***Дидактикалық ойын: Қағып ал***<br>– Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар.<br>Мысалы: қққасқыр(қ), ееетік(е), тттүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), ммоншақ(м), қққоңыз(қ), қққолшатыр(қ), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), ооотын(о), қққарға(қ), сссазан(с), шшшахмат(ш), тттау(т)<br>***Дидактикалық ойын: Буынды айтып сөз құра***<br>Ойын шарты: педагог айтқан буынға балалар сөз құрап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *тұрып, басымызды оңға-солға иеміз).* Ұшты, қонды, *(Бір орында тұрып сол аяқпен секіреміз).* Шыр-шыр, *(Бір орында тұрып оң аяқпен секіреміз).* Шыр-шыр! *(Бір орында тұрып қос аяқтап секіреміз).* | Ойын шарты: педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады.<br>Мысалы*: Ал.. . . .ма , ба. . . қа.., са...ғыз, ал...мұрт, ма..., ке...ме, де..., шал...қар, қа...зы, пи..яз, бә...тенке, т.б.* | | айтады.<br>Мысалы*: Ал.. . . .ма , ба. . . қа.., са...ғыз, ал...мұрт, ма..., ке...ме, де..., шал...қар, қа...зы, пи..яз, бә...тенке, т.б.* |
| **Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар**<br>***«Лақтыр да,қағып ал»*** | | | | | |
| **Суретті тіл ұстарту:**<br>**Ша – ша – ша**<br>Айшаның шанасы **тама (ша)**<br>**Са – са – са**<br>Қасқыр соқты **Мұ (са)**<br>**Ол – ол – ол**<br>Ағашта лимон **м(ол)**<br>**Ра – ра – ра**<br>Дүкеннен нан алды **Са (ра)**<br>**Із – із – із**<br>Тамаққа қосты **сәб(із)**<br>**Жу – жу – жу**<br>Ыдысты тазалап **(жу)** |  | **Ойын:** ***«Лақтыр да,қағып ал»***<br>**Мақсаты:** Балаларды ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.<br>**Ойынның шарты:** Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады.Тәрбиешінің «баста»,- деген белгісі бойынша балалар допты жоғарыға лақтырып қағып алады.Әр бала неше рет лақтырып қағып ала алады,соны санайды. | | | |
| **2 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **2.Математика негіздері «Мені таны» ойыны**<br>Ойын шарты:Балаларға жұмбақ оқылады.Балалар жұмбақтың жауабын суретте бейнеленген фигуралар арқылы табады<br>1.Сен маған мұқият қара,<br>Менің үш қабырғам,<br>Үш бұрышым, үш ұшым бар. (Үшбұрыш.)<br>2. Сопақша да емеспін,<br>Үшбұрышқа дос емеспін,<br>Тікбұрышқа аға болам,<br>Шаршы деген мен болам. (Шаршы.)<br>3. Денемнен бұрыштар табылмайды, Бірақ көп | **2.Қазақ тілі**<br>**Сөздік ойын: «Жалғасын тап».** Үлестірмелі материалдардың көмегімен сөйлемді толықтырады.<br>*Таңертең ... (тұрамын).*<br>*Бетімді ... (жуамын).*<br>*Тісімді ... (тазалаймын).*<br>*Жаттығу ... (жасаймын).*<br>*Шашымды ... (тараймын).*<br>*Киімімді ... (киемін).*<br>*Балабақшаға ... (барамын).*<br>**Дидактикалық ойын: «Мен бес сөз білемін».** Берілген тақырып бойынша 5 сөз құрайды.<br>**Ойын: «Мен не істегенімді айтпаймын,** | **2. Математика негіздері «Мені таны» ойыны**<br>Ойын шарты:Балаларға жұмбақ оқылады.Балалар жұмбақтың жауабын суретте бейнеленген фигуралар арқылы табады<br>1.Сен маған мұқият қара,<br>Менің үш қабырғам,<br>Үш бұрышым, үш ұшым бар. (Үшбұрыш.)<br>2. Сопақша да емеспін,<br>Үшбұрышқа дос емеспін,<br>Тікбұрышқа аға болам,<br>Шаршы деген мен болам. (Шаршы.)<br>3. Денемнен бұрыштар табылмайды, Бірақ көп | **2. Қоршаған ортамен танысу**<br>**Демонстрациялық материалдармен жұмыс. «Жерде, әуеде, суда» ойыны.**<br>Шарты: жерде, әуеде, суда қызмет ететін сарбаздардың және шегара бағаны, танк т.б. суреттері көрсетіледі. «Жерде» деп танкистің суретін көрсетеді. Осы кезде балалар аяқтарымен адымдайды. «Әуеде» деп ұшқыштың суретін көрсеткенде, | **2.Математика негіздері**<br>**Ойын жаттығуы. «Пішінге ұқсас зат». Жұптық жұмыс.** Ойын шарты:Үстелдерде пішіндердің:дөңгелек,үшбұрыш,шаршы, тіктөртбұрыш жинақтары салынған хатқалта жатыр. Кез келген бала хат қалтадан пішінді шығарып,оны атайды,ал екінші бала қоршаған ортадағы осындай пішіндегі затты атайды.<br>Одан кейін рөлдерімен ауысады.<br>**«Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | нәрсе бір маған ұқсайды: Әртүрлі табақтар, Легендер, медальдар. Олар адамдарға өте керек, Атым менің (дөңгелек).<br>4. Менен де бұрыштар таппайсың,<br>Дөңгелекке аз ғана ұқсаймын, Екі жағымнан қысыңқырап,<br>Екі жағымнан сәл созыңқырап. (Сопақша.)<br>5.Мына шелекке қара –<br>Қақпағы мен түбі бар,<br>Екі дөңгелекті қосқан – Бір фигураны алған. (Цилиндр.)<br>6.Бұл дене доп болып секіреді, Қарбыз болып домалайды,<br>Толықсыған ай болып күлімдейді,<br>Күн болып жарқырайды. Ол қалай аталады? (Шар.)<br>**Демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>**Дидактикалық ойын «Бұл неге ұқсайды?»**<br>Ойын шарты:Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар.<br>**«Мені таны» ойыны**<br>Ойын шарты:Балаларға жұмбақ оқылады.Балалар жұмбақтың жауабын суретте бейнеленген фигуралар арқылы табады<br>1.Сен маған мұқият қара,<br>Менің үш қабырғам,<br>Үш бұрышым, үш ұшым бар. (Үшбұрыш.)<br>2. Сопақша да емеспін,<br>Үшбұрышқа дос емеспін,<br>Тікбұрышқа аға болам,<br>Шаршы деген мен болам. | **көрсетемін».** Балаларға жаттығу жасау, тамақ ішу, ән айту, билеу, сурет салу, ұйықтау дегендерді қимылмен көрсетеді, балалар не істегенін айтады. | нәрсе бір маған ұқсайды: Әртүрлі табақтар, Легендер, медальдар. Олар адамдарға өте керек, Атым менің (дөңгелек).<br>4. Менен де бұрыштар таппайсың,<br>Дөңгелекке аз ғана ұқсаймын, Екі жағымнан қысыңқырап,<br>Екі жағымнан сәл созыңқырап. (Сопақша.)<br>5.Мына шелекке қара –<br>Қақпағы мен түбі бар,<br>Екі дөңгелекті қосқан – Бір фигураны алған. (Цилиндр.) 6.Бұл дене доп болып секіреді, Қарбыз болып домалайды,<br>Толықсыған ай болып күлімдейді,<br>Күн болып жарқырайды. Ол қалай аталады? (Шар.)<br>**Дидактикалық ойын «Бұл неге ұқсайды?»**<br>Ойын шарты:Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар. | қолдарын жанжаққа жайып, ұшқан сияқты болады. «Суда» дегенде суда жүзген секілді қимылдар көрсетеді. Балаларға Ұлы Отан соғысы және атақты қаһармандар туралы әңгімелеу.<br><br>**«Сиқырлы қапшық»**<br>Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар.<br>Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.<br>**«Үйдің есігін жабайық»**<br>Ойынның мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері.<br>Ойынның мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну | Ойын шарты:зат пен форманы атайды. Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса,онда балалар қолын айқастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрысболса – қол шапалақтайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Шаршы.)<br>3. Денемнен бұрыштар табылмайды, Бірақ көп нәрсе бір маған ұқсайды: Әртүрлі табақтар, Легендер, медальдар. Олар адамдарға өте керек, Атым менің (дөңгелек).<br>4. Менен де бұрыштар таппайсың,<br>Дөңгелекке аз ғана ұқсаймын, Екі жағымнан қысыңқырап,<br>Екі жағымнан сәл созыңқырап. (Сопақша.)<br>5.Мына шелекке қара –<br>Қақпағы мен түбі бар,<br>Екі дөңгелекті қосқан – Бір фигураны алған. (Цилиндр.)<br>6.Бұл дене доп болып секіреді, Қарбыз болып домалайды,<br>Толықсыған ай болып күлімдейді,<br>Күн болып жарқырайды. Ол қалай аталады? (Шар.)<br>**Дидактикалық ойын «Бұл неге ұқсайды?»**<br>Ойын шарты:Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар. | | | | |

**Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Айдаһардың құйрығы»**

| | | |
|---|---|---|
| **Тілді жаттықтыратын тақпақ**<br>Кім келді?<br>Қане, қане кім келді?<br>**Біз, біз, біз!**<br>Апа, апа бұл сіз бе?<br>**Иә, иә, иә!**<br>Әке, әке бұл сіз бе?<br>**Иә, иә, иә!**<br>Ағатайым бұл сіз бе?<br>**Иә, иә, иә!**<br>Қарындасым бұл сен бе? |  | **Ойын: «Айдаһардың құйрығы»**<br>**Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.<br>**Ойынның шарты:** Өте қызық ойын! Ойынға қатысушылар бірінің артына бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған бала - «айдаһардың басы». Ең соңғысы – «құйрығы» болады. «Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады.<br>**Ұсыныс**: Оның мақсаты – ұстап алу, «құйрықтың» мақсаты ұстатпау, қайткені де қашып құтылу. Егер |

| | | |
|---|---|---|
| **Иә, иә, иә!**<br>Біздер тату жан ұя<br>**Иә, иә, иә!** |  | «құйрық» ұсталып қалса, ол – «бас» болады. Ойын өз жалғасын табады. |

**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3.Сауат ашу негіздері**<br>***Дидактикалық ойын Жоғалған дыбыс***<br>– Мен сендерге суреттерді көрсетіп, суреттің атауын бастапқы дыбысын дыбыстамай айтамын, ал сендер менің қатемді түзеп, жоғалған дыбысты қосып сөзді толық айтуларың керек.<br>Мысалы: - *...олбарыс(ж), ...ысық(м), ...аймыл(м), ...асбақа(т), ...ышқан(т), ...рыстан(а), ...арабан(б), ...әріхана(д), ...арандаш(қ), ...аламсап(қ), ...өзілдірік(к), ...ушік(к), ...втобус(а), ...роллейбус(т), ...лдаркөсе(А), ...алапан(б), ...айық(қ), ...асқыр(қ), ...ағдаршам(б), ...артоп(к)*<br>***Дидактикалық ойын: Қағып ал***<br>– Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар.<br>Мысалы: қққасқыр(қ), еeетік(е), тттүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), | **3.Көркем әдебиет «Сиқырлы қапшық»**<br>Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар.<br>Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.<br>**Дидактикалық ойын «Мен қандаймын»**<br>Ойын барысы: Балаларға сұрақ қойылады сәйкесінше балалар сол сұраққа жауап береді<br>– Сен қандай баласың? *(Мен әдепті баламын.)*<br>– Арман, сен қандай баласың? *(Мен жақсы баламын.)* т.б. | **3. Қазақ тілі**<br>**Сөздік ойын: «Жалғасын тап».** Үлестірмелі материалдардың көмегімен сөйлемді толықтырады.<br>*Таңертең ... (тұрамын).*<br>*Бетімді ... (жуамын).*<br>*Тісімді ... (тазалаймын).*<br>*Жаттығу ... (жасаймын).*<br>*Шашымды ... (тараймын).*<br>*Киімімді ... (киемін).*<br>*Балабақшаға ... (барамын).*<br>**Дидактикалық ойын: «Мен бес сөз білемін».** Берілген тақырып бойынша 5 сөз құрайды.<br>**Ойын: «Мен не істегенімді айтпаймын, көрсетемін».** Балаларға жаттығу жасау, тамақ ішу, ән айту, билеу, сурет салу, ұйықтау дегендерді қимылмен көрсетеді, балалар не істегенін айтады. | **3.Көркем әдебиет «Сиқырлы қапшық»**<br>Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар.<br>Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.<br>**Дидактикалық ойын «Мен қандаймын»**<br>Ойын барысы: Балаларға сұрақ қойылады сәйкесінше балалар сол сұраққа жауап береді<br>– Сен қандай баласың? *(Мен әдепті баламын.)*<br>– Арман, сен қандай баласың? *(Мен жақсы баламын.)* т.б. | **3.Шығармашылық іс-әрекет**<br>Үлгі сызық бойымен үшбұрыштарды қиып, оларды бәріміз бірге қосылып санаймыз.<br>— Балалар, неше үшбұрыш қидық?<br>— Неше үлкен үшбұрыш бар?<br>— Дұрыс айтасыңдар, қалған17-сі кішкене ушбұрыштар. Жұмыс жасау барысында көмек қажет болған балаларға педагог көмектеседі. Қиып алған үшбұрыштарымызбен 71-беттегі үлгі орамалды әшекейлеп жапсырайық.<br>Сол жағына 7 үшбұрыш жапсырамыз.<br>Оң жағына да 7 үшбұрыш жапсырамыз.<br>Бір үшбұрышты орамалдың ұшына жапсырамыз.<br>Үлкен үшбұрышты және екі кішкене үшбұрышты ортасына жапсырамыз.<br>**Балалар шығармашылығы.** |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>жжжаз(ж), ммоншақ(м),<br>кккоңыз(к), кккəлшатыр(к),<br>бббілезік(б), жжжұлдызша(ж),<br>ооотын(о), кккарға(к),<br>сссазан(с), шшшахмат(ш),<br>тттау(т)<br>Дидактикалық ойын: Буынды айтып сөз құра<br>Ойын шарты: педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады.<br>Мысалы: Ал.. . . .ма , ба. . . қа.., са...ғыз, ал...мұрт, ма..., ке...ме, де..., шал...қар, қа...зы, пи..яз, бə...тенке, т.б</td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">Үзіліс: Қозғалмалы зерек ойындар «Жер,су,ауа »ойыны.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»<br>Мақсаты:Қассиетіне қарай:қар мен жаңбырды ажырата білу,табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту,қатты,жұмсақ,ериді,буға айналады.<br>Көрнекіліктер:қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер.<br>Ойын барысы: Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп,олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек.<br></td>
<td colspan="2"><br><br></td>
<td colspan="2">Ойын: «Жер,су,ауа»<br>Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге,жерде ,ауада,суда не болатынны дұрыс айтуға төселдіру,қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тəрбиелеу.<br>Көрнекіліктер:асық<br>Шарты:балалар дөңгелеіп отырады.Бір бала ортаға шығып балалардыі кез келгінене асық лақтырып жібереді де жер су ауа деген сөздің бірін айтады.Егер бала жер десе асықты қағып алған сезіммен тəбиелеу.Біл бала отатаға шығып,балалардың кез келгеніне асықта лақтырып жібреді де жер, су ауа деген сөздік бірін айтады.Егер бала жер десе,асықты қағып алған бала жерде тіршілік ететін құстарды,адамдарды,өсімдіктерді атайды.Ал су сөзі айтылса,балық балардың аты аталады.Ауа дегенде құстарды айтуы тиіс.<br>Осылй ойын жалғаса береді.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">4 - ұйымдастырылған іс-əрекет</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>4.Дене шынықтыру<br>«Жылан» Фитболды заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру. Белгі бойынша алғашқы ойыншы заттардың арасымен</td>
<td>4.Музыка<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Құстар»<br>(Т. Ломова).<br>Музыка тыңдау:</td>
<td>4.Дене шынықтыру<br>Денені жұмырлап, алдыға қарай дөңгелеп, арқасына аунап түсу.Денені жұмырлау – отырып,</td>
<td>4.Музыка<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Құстар»<br>(Т. Ломова).<br>Музыка тыңдау:</td>
<td>4.Дене шынықтыру<br>Секірулер: ілгері жылжи отырып, бір аяқпен секіртпеден айналып секіру. Аяғының басымен итеріліп секіру. Бірінің</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | модульды айналып, фитболды алып жүреді де, қажетті жерге жеткен соң дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы фитболды келесі ойыншыға береді. Ойыншылар екі аяқпен бірдей екпіндеп сырғып жүруге тырысады. «Шабандоз» Хоп-фитболмен текшелердің арасымен арқаны тік ұстап секіру, еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп, қайта қону. Ойыншы «арғымаққа» (хоп-фитбол) мініп, бүкіл дистанциядан өтіп, келесі ойыншыға береді. **Тепе-теңдік сақтау** – ұзын орындықтың үстімен жанына қарай, текшелерден аттап жүру. Тепе-теңдік сақтауға назар аудару. Тепе-теңдік сақтау жаттығуларын орындайды. Ұзын орындықтың үстімен жанына қарай, текшелерден аттап жүреді. Қолдарын беліне қойып, басын төмен түсірмеуге тырысады. Қимыл-қозғалыс ойыны : «Шеңбер» ( 3 рет). Құрсауларды шеңбер бойымен орналастырып қою. Ойыншылар өз құрсауларына тұрады. Әр құрсауда тек 2 ойыншы тұра алады. Бір ойыншы үлкен шеңбердің дәл ортасында тұрады. Белгі бойынша ойыншылар өз құрсауларына жүгірген кезде ортадағы ортадағы «үйі жоқ» ойыншы кез келген құрсауға тұрып алады. Артық ойыншы енді ортаға тұрып, өзіне үй іздейді. Осылайша ойын жалғаса береді. | «Көкек» (Х. Мұхамедова). ***Ән айту:*** «Көктем» (А. Жайымов). ***Билер:*** «Көкпар» биі ***Ойын:*** «Не қалай шақырады?» музыкалық-дидактикалық ойын.. Ойында аңдардың, жануарлардың, құстардың қалай шақыратынын түсіндіріп, өздеріне сол дыбысталуды қайталауды талап ету. **Музыкалық аспапта ойнау:** «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников). | тізесін біріктіріп, қолдарын еденге, шынтақтарын денесіне қысып, арқасын дөңгелету. Бастапқы қалыптан негізгі акробатикалық жаттығулар жасау. Типтік қателер: Артқа қарай аунағанда жұмырланғанды жоғалтып, арқаға құлау; аяқпен итерілгенде жеткіліксіз екпін алу; шалқасынан жатқанда аяқты кеудеге жинамау; арқаны дөңгелетпеу. Денені жұмырлау – отырып, тізесін кеудесіне қарай тартып, шынтақтарын денесіне қысып, арқасын дөңгелетеді. Алдыға қарай дөңгелеп арқасына аунап түсу – аунап келіп қайтадан аяғына тірелу акробатикалық жаттығулары «Орындарыңмен ауысыңдар» қозғалыс ойындары Залды екіге бөлетіндей етіп, ортаға арқан төселіп салынады. Әр команда залдың бір бөлігіне орналасады. «Жүгір!» деп белгі берілгенде, балалар өз бөлігінде шашырап жүгіреді. «Ауысамыз!» деп белгі берілгенде, екі топ ауысады. Қай топ бірінші болып толық ауысып үлгереді, сол топ жеңіске жетеді. | «Көкек» (Х. Мұхамедова). ***Ән айту:*** «Көктем» (А. Жайымов). ***Билер:*** «Көкпар» биі ***Ойын:*** «Не қалай шақырады?» музыкалық-дидактикалық ойын.. Ойында аңдардың, жануарлардың, құстардың қалай шақыратынын түсіндіріп, өздеріне сол дыбысталуды қайталауды талап ету. **Музыкалық аспапта ойнау:** «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников). | артынан бірі секіртпені айналып, бір аяқпен секіріп жүру. Секіртпені басып кетпеуге, оған жақын жүруге, белгі бойынша секіртпені тез ала қоюға тырысады. 50 см, 40 см, 30 см биіктікке көтеріліп тартылған секіртпенің астынан өту. Нұсқау –денені барынша жинақтап, жұмырлану, секіртпені іліп кетпеуге, қолымен жерге таянып қоймауға тырысу. Секіртпенің астынан өту тәсілін оның керілу биіктігіне қарай таңдап, тиімді жол қолданады. Денені барынша жинақтап, жұмырланып, секіртпені іліп кетпеуге, қолымен жерге таянып қоймауға тырысады. Балаларға қалауынша топтарға бөлініп алып, еденге геометриялық фигуралар, ұзын жол құрастыру ұсынылады.Доминаттықтан гөрі бірлесу, ынтымақтастық, достық тактикасының жеңіске жеткізетіндігін тағы айта кету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар<br>«Жапалақ»** | | | | | |
| **Серуен** | Тіл жаттығулары:<br>***«Аударыспақ»***<br>**Мақсаты:** -әр түрлі түстерді қайталап бекіту;<br>-сөздік қорын байыту;<br>-дыбыстарды дұрыс және анық айтып бекіту;<br>-балаларды : «Қандай?», «Не істейді?» т.б. сұрақтарға толық, сөйлеммен жауап<br>беруді үйрету;<br>-заттардың түрін, түсін, дәмін, пішінін дұрыс айтып қайталау;<br>-дыбыстың сөздегі орынын тауып айту;<br>-балаларға сөз тіркестерін және сөйлемдерді құрастырып айтып үйрету;<br>-балалардың еске сақтау, есту, ойлау қабілеттерін және зейіндерін дамыту;<br>-қолдың ұсақ моторикасын дамыту; | <br> | ***Ойын: «Жапалақ»***<br>**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру.<br>**Шарты:** «Жапалақ» сайланады, ол барлық ойнаушылардан алысқа тұрады. Өзінің «ұясына». Басқа ойнаушылар жан-жаққа тарап кетеді. «Жапалақ»: «Күн туды, барлығымыз оянамыз!» дейді, сол сәтте барлығы жүгіріп, қимылдайды. «Жапалақ»: «Түн болды, барлығын қимылдамандар, жапалақ ұшады!» дегенде барлық ойнаушы балалар тыныш тұрып, кимылдамаулары керек. «Жапалақ» балалардың арасында жүріп, қимылдаған бір-екі баланы өз ұясына әкетеді. Бір бала қалғанша ойын жалғасады. | | |
| **Балаларды үйге қайтару** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы**: «Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі»МДШО МКМ
**Топ:** Мектепалды даярлық
**Топ жетекшісі:** Есенкелді Қаракөз Есенкелдіқызы
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі 02.05-05.05 2023ж**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме:<br><br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **«Әдебиет орталығы»**<br>**«Тату доспыз бәріміз»** тақырыбында сурет арқылы жұмыс жүргізу. Суретке қарап, әңгімелер құрайды.<br>Туыспыз біз бәріміз,<br>Бір Отанды сүйеміз.<br>Бақытты елде туған соң,<br>Бақытты өмір сүреміз!<br>Өнер орталығы: әр ұлт өкілдерінің суретін салады. | Д/ойын:<br>«Керісінше айт»<br>Мақсаты:<br>Балалардың сөздік қорына антоним сөздерін енгізу (жылы-суық, ыстық- суық, жарық - қараңғы және т.б.); айналаны қоршаған ортаны терең түсіне білу. | **«Бауырмал халық» Боямақпен жұмыс.**<br>**Мақсаты**: Қазақ халқы бауырмал халық. Біздің елімізде тұрып жатқан орыс, корей, түрі т.б. халықтар біздің жерімізден жер беріп, жылы құшақпен қарсы алған.<br>Суретте берілген қазақ, орыс, өзбек, татар халқының ұлттық киімінің ерекшелігін айтып, сәйкес түспен бастырып, бояуды ұсынамын.<br>Бақытты елде туған соң,<br>Бақытты өмір сүреміз. | **Үстел- үсті ойын: «Пазлдарды құрастырамыз» «Әрқашан күн сөнбесін!»**<br>**Мақсаты**:конструктормен,ес ептеу таяқшаларымен өз еркімен құрастыру.<br>Логикалық ойлау қабілетін дамыту.<br>Көліктер жайлы әңгімелесу. | **Д/ойын: «Достық»**<br>**Мақсаты:**<br>1 мамыр- Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу;<br>**Ынтымақ**тыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 12 | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)** | Мнемосхемамен<br>«Дос»туралы мақал-мәтелдер<br>Доссыз өмір-бос.<br>Жүз сомың болғанша, Жүз досың болсын. | «Достық үйін құрамыз»<br>Дөңгелене тұрамыз,<br>Керегені құрамыз.<br>Уықтар боп иіліп,<br>Шаңыраққа киіліп,<br>Достық үйін құрамыз. | «Болмасын еш тосқауыл»<br>Жақсылыққа, бақытқа,<br>Талпынған әр уақытта.<br>Бала біткен дос, бауыр,<br>Болмасын еш тосқауыл. | «Күлімде, Күн, күлімде»<br>Күлімде, Күн, күлімде,<br>Күлсін барлық бала шат!<br>Берекелі бүгіндей<br>Бейбіт болсын болашақ. | «Ағайынбыз бәріміз!»<br>Ақпыз, қара, сарымыз,<br>Ағайынбыз бәріміз.<br>Ортақ болсын асар тау,<br>Жеміс толы бақша- бау.<br>Болсын жер мен су ортақ,<br>Болсын бізге ну ортақ.<br>Ақпыз, қара, сарымыз,<br>Ағайынбыз бәріміз! |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | | **1.Қоршаған ортамен танысу**<br>**«Тағы не істейді?» ойын-жаттығуы**<br>Ойын шарты: балалар заттың іс-әрекеттерін немесе қасиетін атап көрсетуі тиіс.<br>1.Үйрек суда жүзе алады,тағы не істейді?<br>2.Сүңгиді, жерде жүреді, ұшады, барылдайды.<br>3.Мысық тышқан аулайды, одан басқа тағы не істей алады?<br>4. Бетін сипалайды, пысылдайды, мияулайды, серуендейді, ұйықтағанды жақсы көреді.<br>5. Күн жарық сәуле шашады. Тағы не жарық шашады?<br>6.Қалта шам, шам, көліктің шамы...<br>**Дидактикалық ойын: «Бұл қандай ойыншық?»**<br>Ойын шарты: Қоржын | **1.Сауат ашу негіздері**<br>***Дидактикалық жаттығу: “Қарама-қарсы сөзін айт”***<br>Ал енді мен айтқан сөздің қарама-қарсы сөзін тауып айтыңдар.<br>152<br>жіңішке – . . . (жуан)<br>үлкен – . . . (кіші)<br>ұзын – . . . (қысқа)<br>пысық – . . . (жалқау)<br>ашты – . . . (жапты)<br>құрғақ – . . . (ылғал)<br>қара – . . . (ақ) биік – . . . (аласа)<br>жұмсақ – . . . (қатты)<br>ыстық – . . . (суық)<br>***Дидактикалық жаттығу: “Жасырылған сөз”***<br>**Шарты:** бала бір сөздің атын тура атамай, оны сипаттайды. Балалар сол сөзді табады.<br>Мысалы: “*Ол күз мезгілінен кейін* | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?»**<br>Ойын шарты: Әртүрлі мамандық иелеріне қандай құрал қажет, жапсырмалар орнын тауып жабыстырады.<br>**Дидактикалық ойын: «Дыбыстарды дауыстап айтайық».**<br>А-а-а, ә-ә-ә.<br>Дауыссыз дыбыстарды айтқызып қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды тапқызу: **б, в, г** т.б.<br>**«Таңдап ал да, атын айт».**<br>**Ойын шарты**: Аңдар мен жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып, атын айтады және оның жүрісін салып береді. | **1.Сауат ашу негіздері**<br>***Дидактикалық жаттығу: “Қарама-қарсы сөзін айт”***<br>Ал енді мен айтқан сөздің қарама-қарсы сөзін тауып айтыңдар.<br>жіңішке – . . . (жуан)<br>үлкен – . . . (кіші)<br>ұзын – . . . (қысқа)<br>пысық – . . . (жалқау)<br>ашты – . . . (жапты)<br>құрғақ – . . . (ылғал)<br>қара – . . . (ақ) биік – . . . (аласа)<br>жұмсақ – . . . (қатты)<br>ыстық – . . . (суық)<br>***Дидактикалық жаттығу: “Жасырылған сөз”***<br>**Шарты:** бала бір сөздің атын тура атамай, оны сипаттайды. Балалар сол сөзді табады.<br>Мысалы: “*Ол күз мезгілінен кейін келеді*”, “*Ол келмесе, Аязата мен Ақшақар келмейді*”.<br>Жауабы: қыс.<br>***Дидактикалық*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ішінде бірнеше ойыншық болады. Балалар қоржынға қолын салып, көрмей, сипап сезу арқылы қандай ойыншық екенін табады. Ойыншық туралы  өз ойын айтады.<br>**«Кім? Не?» (зат есімдер)**<br>Ойынның мақсаты: Жанды жансыз заттарды ажырата алады. Ойынның мазмұны:Балаларға суреттер беріледі. Балалар ол суреттерде не бейнеленгенін және оның жанды не жансыз екенін айтады. Жанды болса кім?,жансыз болса не? Сұрағы қойылады. | *келеді*", "*Ол келмесе, Аязата мен Ақшақар келмейді*".<br>Жауабы: қыс.<br>***Дидактикалық жаттығу: Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос***<br>– Балалар мен сендерге заттың сипатын айтамын сендер сол сипатқа сай суреттен көрген дауыссыз дыбыстан басталатын затты айтыңдар.<br>Мысалы: *әдемі ...(көлік), заманауи ...(қала), биік ...(ғимарат), жасыл ... (желек), ұзын ...(көше), жедел ..(жәрдем), үш түсті ...(бағдаршам), жылдам ...(метро), аппақ ... (бұлт), үлкен ...(терезе) т.б.* | | ***жаттығу: Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос***<br>– Балалар мен сендерге заттың сипатын айтамын сендер сол сипатқа сай суреттен көрген дауыссыз дыбыстан басталатын затты айтыңдар.<br>Мысалы: *әдемі ...(көлік), заманауи ...(қала), биік ...(ғимарат), жасыл ... (желек), ұзын ...(көше), жедел ..(жәрдем), үш түсті ...(бағдаршам), жылдам ...(метро), аппақ ... (бұлт),*<br>*үлкен ...(терезе) т.б.* |

**Үзіліс:**

| | | |
|---|---|---|
| **Дидактикалық ойын:** «Кім болғым келеді?»<br>Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту.Олар қандай заттармен қолданатыны жайлы түсінік беру.<br>Ойынның шарты:Тәрбиеші картиналарды көрсете отырып,былай деп сұрайды, «Дәрігер не істейді? Жүргізуші не істейді? Мұғалім не істейді? Тігінші не істейді?» Балалар қай мамандық иесі екенін қандай құралдармен жұмыс істейтін жайлы айтады.<br>Ықтимал күрделендіру:тез ойла<br>Ойынның нұсқаулары:Балаларға мамандық иелерінің суреттері таратылып беріледі. |  | **Ойын: «Оюларды құрастыр»**<br>**Мақсаты:** Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру. Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесілімділігін үйрету.Танымдық қабілеттерін арттыруБалалар өз елін, халқын сүюге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту.Эстетикалық талғамын ұштау.<br>**Қолданатын көрнекіліктер:** Оюлардың қиылған суреттері<br>**Ойын шарты:** Қазақтың ұлттық әр түрлі оюлармен сәндей білу,оюларды құрастырып аттарын атау. |



**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойын: «Әскери мамандықтар»**<br>**Мақсаты:** Оқушыларға Ұлы Отанды сүюге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын , елін қорғай білуге тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту,іскерліктерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Мұғалім балаларға әскери мамандықтар туралы өлеңдер оқиды. Ол өлеңдерде айтылған мамандықтарды атауды және әскери кәсіптердің басқа атауларын еске түсіруді ұсынады.<br>**Шекарашы**<br>Шекараны қорғау маңызды! Шекарашылардың аты. Адал итпен олар Отанға батыл қызмет етеді.<br>С. Чертков<br>**Ұшқыш**<br>Ұшқыш өз ісін біледі, аспанда ұшақ жүргізеді. Ол батыл ұшып, жер үстінен ұшады.<br>С. Чертков<br>**Теңізші**<br>Теңізші кемеде жүзіп жүр, ол жерді аңсамайды. Ол желмен және толқынмен дос, өйткені теңіз — оның туған үйі.<br>С. Чертков<br>Әрі қарай мұғалім балаларға сөздерді — кәсіптердің аттарын буындарға бөлуді ұсынады. Мысалы: шекарашы,барлаушы,теңізші,сарбаз, о-фи-цер. | ***Қимылды ,еңбек ойын:***<br>**«Күзетшілер»**<br>**Мақсаты:** Балаларды білесіп жұмыс істеуге үйрету. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын шарты:** Бұл ойынға қанша бала болса да қатыса алады.Екі ойыншы қақпаның күзетшілері боладыЕкеуінің де көзі орамалмен байланады да,аралары бір адымдай қашықтықта қолдарын айқастыра ұстап,қарама–қарсы «көпір» жасап тұрады.<br>Басқа балалар бір–бірлеп күзетшілер күзеткен қақпадан екеуінің ортасы арқылы білдірмей өтіп кетуге тиіс.Күзетшілердің сыртынан айналып өтуге болмайды.Егер күзетшілердің біреуі өтіп бара жатқанын сезіп қойса,оған қолын тигізеді,яғни ол ұсталып қалған болып есептеледі.Ұсталып қалған ойыншы өзін ұстаған ойыншымен орын ауыстырады.Қақпадан үш рет білдірмей ойыншыға жүлде беріледі.<br>**Тәрбиеші:**Рақмет балалар. Отан алдындағы әскери борыштарыңды абыроймен атқарытыңдарыңа мен кәміл сенемін. Бәріңізге бақыт тілейміз! Отанымыз гүлдеп, егеменді еліміз көркейіп өсе берсін! | <br><br>**Лабиринт**<br><br> |

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **4.Дене** | **4.Музыка** | **4.Дене шынықтыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **шынықтыру** Негізгі қимылдарды орындау (10 рет): Допты жоғары лақтырып, жерге түсіп, қайта ұшқан кезде екі қолмен қағып алу – допты алдына ұстап тұрып жоғары-алдыға лақтыру, саусақ бастарымен қағып алу, кеудеге тигізбеу. Допты басынан асырып жібермеуге тырысады. Бір орында тұрып, жерге соғылған соң допты екі қолдың басымен қағып алады. Егер доп домалап кетсе, қолына беруге тырысады. Допты себетке алдымен бірінші, сосын екінші тізбек апарып салады.4 метрге допты басымен итеріп жүргізіп, **алдыға қарай еңбектеу**. **(2 рет)** Жаттығуды орындағанда өздері білетін жер бауырлап еңбектеу дағдыларын | ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай). ***Музыка тыңдау:*** «Балдырғандар маршы» (К. Қуатбаев). ***Ән айту:*** «Балдырғандар әні» Г. Жотаева). ***Билер:*** «Еркебұлан» ***Ойындар, хороводтар:*** «Соқыртеке» Е. Хасанғалиев).. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер жасап тұрады, 3-4 бала шеңбердің сырт жағында тұрады. Ортада – «соқыртеке».Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1-шумағын айтады. 2-шумақты «соқыртеке» айтады. 2-шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «соқыртекеге» ұсталып қалмас үшін жан-жаққа жүгіреді. "Соқыртеке" біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса, әннің 4-шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала "соқыртеке" болады. Егер де ұстай алмаса,әннің 2-шумағын айтып, қайтадан"соқыртеке" болып қалады. | Ойын жаттығуы: **«Ойна, ойна, доптан жаңылып қалма!». ( 10 рет)** Допты жоғары лақтырып, қолдарымен арт жағында шапалақ ұрып барып қайта қағып алу. Шапалақ ұрып үлгеру үшін допты жоғарырақ лақтыруға тырысады. Допты қайта қаққанда саусақтарын еркін ұстайды. **Тепе-теңдік сақтау** – бұраландап қойылған баудың үстімен қолдарын екі жаққа жазып, артпен жүру. Денесін тік ұстауы мен табанын баудың үстіне дұрыс қойып, тепе-теңдік сақтауына назар аудару. Бұраландап қойылған баудың үстімен қолдарын екі жаққа жазып, артпен жүргенде денесін тік ұстап, табанын баудың үстіне дұрыс қояды. Әдемі қимылдап жүруге тырысады. **(4 рет)** Қимыл-қозғалыс ойыны: «Теңіз толқиды» ( 3 рет). Ойыншылардың ішінен жүргізуші сайланады. Басқалары бір адым қашықтық ұстап, шеңбер бойымен тұрады. Олардың әрқайсысы тұрған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қолданады.<br>4 метр **«Бір орында секіру»** қол мен аяқтың жұмысын үйлестіреді. **(2x10 рет)** Денені жинап алып отырған күйден алдыға-артқа домалау (5 рет). Тізелерін біріктіріп, қолдарын жерге тіреп, иығын қол басының деңгейіне келтіріп, басын түзу ұстау. Осы қалыптан барлық негізгі акробатикалық жаттығулар басталады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тым-тырақай»**. Ойыншылар шеңбер құрып қол ұстасады, тек бір бала – «малай» ортада тұрады. Ойыншылар шеңбермен жүріп, қайталап айтады: «Ал, кәнеки, балалар,Бір, екі, үш – деп санаңдар. Бір, екі, үш – ал тараңдар!» – Сол сөздерді айтып, | ***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Атқа мініп шабамыз» (В. Агафонников). | жерінде шеңбер сызады. Жүргізуші балалардың арасымен «жыланша» аралап жүреді. Қай баланың қасына келіп: «Теңіз толқиды» деп айтса, сол бала орнынан тұрып, артынан еріп, тізбек құрайды. Бірнеше бала қосылып, тізбек ұзарғанда кенет: «Теңіз тыныш» десе, барлығы өз орындарына жүгіреді. Шеңберіне тұра алмай қалған ойыншы жүргізуші болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | залмен шашырап қаша жөнеледі. Балалар болса, оларды ұстап алуға тырысады. | | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **Серуен** | | | **Мамыр**<br>**Серуен-Бақылау №6**<br>**Бақылау: Жәндіктерді бақылау**<br>***Мақсаты :***<br>«Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;<br>Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:**<br>Гүлдің нәрін жинайды,<br>Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбекқорды аялайды,<br>Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)<br>- Қанды сорып сүліктей,<br>Ызыңдап кеп шағады.<br>Бұл қандай бүлік дой? (маса)<br>- Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәттіге тамсанып,<br>Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын)<br>Құжынаған жұмыскер,<br>Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа)<br>Тор тоқуға шебер-ақ,<br>Бірақ киім тікпейді.<br>Өнері де өнер-ақ,<br>Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)<br>♦ Тағы қандай | **Мамыр**<br>**Серуен-Бақылау №7**<br>**Бақылау:**<br>**Құмырсқаларды бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>Құмырсқалар туралы білімдерін тиянақтау;<br>Зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Құмырсқа»** Г. Өкеев<br>Құжынаған құмырсқа, Ұйымшыл-ақ өздері.<br>Шығады ерте жұмысқа. Жүкпен қайтып қашықтан,<br>Нелер шебер табылып, Илеуіне асыққан.<br>Жасайды илеу жабылып. Бәрі еңбекпен шынығар,<br>Жылт-жылт етіп көздері, Ісін тындырып тынығар.<br>Балаларға сұрақтар<br>Құмырсқалардың адамдарға және орманға қандай пайдасы бар? *(зиянда жәндіктерді құртады*<br>Орманның қандай тұрғыны құмырсқа мен оның көбелектерін (личинкаларын) жеуге құмар? (аю мен тоқылдақ)<br>Құмырсқасыз жер болмайды. Құмырсқаларды «ағаш дәрігерлері» деп те атайды. Олар ағаштарды зиянды жәндіктерден қорғайды. Құмырсқалар өте еңбекқор, олар өздерінен бірнеше есе үлкен нәрселерді илеулеріне сүйретіп тасиды. Құмырсқалардың илеуінің тесігі төбесінде болады. Құмырсқалар өз илеуінен ешқашан адаспайды. Неліктен деп ойлайсыңдар. Құмырсқалар өз илеулерін иіскеп жүріп иісінен табады. Әр илеу өз | **Мамыр**<br>**Серуен-Бақылау №8**<br>**Бақылау:**<br>**Найзағайды бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>«Найзағай» ұғымымен таныстыру;<br>Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру;<br>Сөздік қорларын байыту;<br>— Бақылағыштықтарын дамыту.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады<br>Аспанда от қамшы осады,<br>Ащы үнін ышқынып қосады.<br>Дүрліктіріп алапты,<br>Шақпақ тастың жарқылы,<br>Бұлт көрпесін жыртады.<br>Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен?<br>Найзағай қай кезде ойнайды?<br>Аспан неге күркірейді?<br>Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады)<br>Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады)<br>Қалай ойлайсыңдар, найзағай неден пайда болады?<br>Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады.күн |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жәндіктерді білесіңдер? *(көбелек, құрт т.б)*<br>Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)<br>Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)<br>Жәндіктер қайда тіршілік етеді? *(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)*<br>Қандай жәндіктердің пайдасы бар? *(ара, жібек құрты, құмырсқа).*<br>Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)<br>Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Қаңқызын тауып, оның атын атау.<br>Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.<br>**Еңбек:** Алаңды қоқыстардан тазалау.<br>*Мақсаты:* үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. | құмырсқаларынан басқа құмырсқаларды жолатпайды. Егер басқа илеудің құмырсқасы бара қалса, оны жабылып шағып тастайды. Әр илеудің өз иісі болады. Құмырсқалар тек қана ағаштардағы құрттардықұртып қана қоймайды, олар құстарға да көмектеседі. Құстар құмырсқаның илеуінің үстіне қанатын жайып отырады, құмырсқалар оларды үстеріндегі биттер мен бүргелерден тазалайды. Құмырсқалардан бөлініп шыққан өткір қышқыл иістен көпке дейін құстарға бит, бүргелер жоламайды. Құмырсқаның қышқылынан дәрі-дәрмектер де жасайды. Құмырсқалар залалсыз, дәрменсіз жәндік болғандықтан оларға тиіспеуіміз керек.<br>Құмырсқалардың қандай пайдасы бар?<br>♦ Олар өз илеулерін қайда салады?<br>♦қане біздің құмырсқалар қалай жұмыс істеп жүр екен, қарайықшы! (олар өздінің ізімен, бірінен соң бірі илеулеріне қарай ағылуда)<br>**Зерттеу қызметі**<br>Құмырсқалардың бір жолына құм, бір жолына қант себу. Олардың қалай әрекет ететінін бақылау.<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңын тазалау.<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білулерін жалғастыру.* | күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды.<br>**Зерттеу қызметі**<br>Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу.<br>«Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақыпбекұлы<br>Нөсерлеп жаңбыр басталды,<br>Науада қалқып қақ қалды.<br>Найзағай тынбай жарқылдап,<br>Нөсер тұр құйып сатырлап.<br>Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер)<br>**Еңбек**<br>1 топ- ауланы тырмамен тазалау;<br>2 топ-қоқыстарды шығару<br>*Мақсаты:*<br>Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету;<br>Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру |
| **Серуеннен оралу** | | | **Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру** | **Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | Мүсіншілер<br>Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.Пішіндерден өз ойымен әр түрлі затты құрастырып шығару | Аквариумдағы балық<br>Мақсаты: балаларды негізгі формадан немесе қосымша бөлшектер формасынан бастап, сурет салуға жаттықтыру | «Таңғажайып алақан»<br>Мақсаты: қиялын, бейнелі ойлауын, бейнелеу шеберлігін, көркемдік талғамын дамыту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-<br>тарды қарау және басқалар)** | | | **Қимылды ойын<br>«Аюлар мен аралар».<br>Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.<br>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.<br>Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады** | **Қимылды ойын<br>«Итеріспек».<br>Мақсаты:<br>•Белгілі бір кеңістікте жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру;<br>•Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Жаттығу ойыны<br>Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: оң және сол аяқпен секіруге жаттықтыру.<br>Тыйым сөздер: Құмырсқа илеуін бұзба.** | **Қимылды ойын<br>«Өз ағашыңды тап».<br>Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету.<br>Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін».<br>Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру<br>Халық болжамы:<br>•Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.<br>Қарлығаш келсе күн күркірейді** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы**: «Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі»МДШО МКМ
**Топ:** Мектепалды даярлық
**Топ жетекшісі:** Есенкелді Қаракөз Есенкелдіқызы
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
***Жоспардың құрылу кезеңі 15 – 19 мамыр 2022-2023 оқу жылы***

| Күн тәртібі | Дүйсенбі<br>15-мамыр | Сейсенбі<br>16-мамыр | Сәрсенбі<br>17-мамыр | Бейсенбі<br>18-мамыр | Жұма<br>19-мамыр |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу** | **Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту** | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Сөздік тренинг ойыны: «Болады-болмайды»** тренингі(оқушылар шеңберге тұрады, мұғалім болатын нәрселерді айтқанда оқушылар қолдарын үш рет шапалақтайды, ал болмайтын нәрселерді айтқанда қолдарын бір рет шапалақтайды)-Мейірімді болуға .... (болады), Кешірімді болуға .... (болады), Қатыгез болуға .... (болмайды), Тәртіпті болуға .... (болады), | **Үстел үсті ойындары: «Мейірімділік гүлін»** құрастыру Балаларға түрлі-түсті қағаздан әртүрлі гүлдерді қиып, жапсырмалайды. Фотосуреттер қарау.<br>**Еңбек тапсырмасы**:Гүлдерге су құю,шаңдарын сүрту | **Ойын: «Мейірімділік жібі»**<br>**Шарты:** Сендер дөңгелене жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жәй бермеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер.<br>**Еңбек тапсырмасы**:Балықтарға жем беру | **Жануарларға мейірімді болу туралы әңгімелесу**<br>*Қайда барғынымызды айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз*<br>*Әрекетті сөзбен айтуға үйрету; етістік тұлғалы сөздерді дұрыс қолдану (шақ, жақ); шығармашылық қиялын, тапқырлығын дамыту.*<br>Еңбек тапсырмасы: | **Қоршаған ортаны қорғау оған мейіріммен қарауға тәрбиелеу балалармен шағын әңгіме жүргізу**<br>*Осылай бола ма?*<br>*Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, айнымалы пікірді байқауға тәрбиелеу.*<br>*Ойын ережесі. Кім өтірік әңгімені байқаса, сол неге бұлай* болмайтынын дәлелдеуі керек.<br>Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 14 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)** | ***«Біз бақытты баламыз»***<br>Кел,шеңберге тұрайық,<br>Қолымызды ұстайық.<br>Күлімдейік күлейік,<br>Тату болып жүрейік. | Мейірімділік-асыл қасиетіміз,<br>Жүректегі таза ақ ниетіміз.<br>Жан дүние кілті,<br>Шаттық пенен күлкі.<br>Биік ұстап соны,<br>Қадірлейік біз! | ***«Нәр алып»***<br>Аман-есен болайық,<br>Бейбітшілік қалайық!<br>Күнге қарап шуақтанып,<br>Суға қарап нәр алып,<br>Табиғаттан шабыттанып,<br>Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік. | ***«Қуан,шаттан!»***<br>Қуан, шаттан!<br>Қуан, шаттан!<br>Қуанатын күн бүгін.<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін. | ***«Қайырлы таң!»***<br>Қайырлы таң!<br>Ормандар мен далалар.<br>Қайырлы таң!<br>Достасқан бар<br>Балалар,<br>Қайырлы таң!<br>Жора-жолдас,ұл мен қыз! |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **1.Сөйлеуді дамыту Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін тауып** | **1.Қоршаған ортамен танысу «Тағы не істейді?»** | **1.Сауат ашу негіздері «Ойыншықты таңда» ойыны** | **1.Сөйлеуді дамыту «Сөйлемге қажетті** | **1.Сауат ашу негіздері «Буынды қос»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жүрісін сал».**<br>Ойын шарты: Ертегі кейіпкерлерінің жүрісін салады.<br>**Дидактикалық ойын «Торғай мен мысық»**<br>**Ойын барысы:**<br>Ойын шарты: Тәрбиеші – «мысық», ал қалғандары «торғайлар» болады. Бөлмеде жағымды баяу әуен ойналады. «Торғайлар» алаңқайда секіріп, ұшып-қонып жүреді. Мысықтың дауысын естісімен «торғайлар» өз ұяларына ұша жөнеледі. Ұсталған «торғай» «мысық» болып ауысады. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**Дидактикалық ойын: «Белгілі дыбысқа сөз таңда».**<br>Ойын шарты: Ертегідегі кейіпкерлердің бас әрпіне сөз ойлап айтады.<br>Мысалы:«Әже» сөзіндегі «Ә» дыбысына;<br>«Қыз» дегендегі «Қ» дыбысына;<br>«Тауық» және «тышқан» деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлайды. | **ойын-жаттығуы**<br>Ойын шарты: балалар заттың іс-әрекеттерін немесе қасиетін атап көрсетуі тиіс.<br>1.Үйрек суда жүзе алады,тағы не істейді?<br>2.Сүңгиді, жерде жүреді,<br>ұшады,<br>барылдайды.<br>3.Мысық тышқан аулайды, одан басқа тағы не істей алады?<br>4. Бетін сипалайды, пысылдайды, мияулайды, серуендейді, ұйықтағанды жақсы көреді.<br>5. Күн жарық сәуле шашады. Тағы не жарық шашады?<br>6.Қалта шам, шам, көліктің шамы...<br>**Дидактикалық ойын: «Бұл қандай ойыншық?»**<br>Ойын шарты: Қоржын ішінде бірнеше ойыншық болады. Балалар қоржынға қолын салып, көрмей, сипап сезу арқылы | **Дидактикалық міндеті:** берілген сөздегі буынның санын дұрыс анықтауға үйрету.<br>**Қажетті заттар:** ойыншықтардың түрлі жинақтары (немесе суреттер).<br>**Мазмұны:тәрбиешін**ің тапсырмасы бойынша, балаларға ойыншықтарды немесе суреттерді көрсетеді, ал олар карточкаларды көрсетеді. Мысалы: доп – 1 буыны бар карточканы көрсету және т.б. Тапсырманы өзгертуге болады.<br>**«Шешімді таңда» ойыны**<br>**Дидактикалық міндеті:** сөздің құрылымы туралы білімдерін бекіту.<br>**Қажетті заттар:** буындар және сөздер жазылған карточкалар<br>**Мазмұны:** тәрбиеші сөздерді және буындарды екі дыбыстан, содан соң үш дыбыстан араластырып айтады, мысалы: су, па, ме, то, доп және т.б. Балалар әрбір буынға немесе сөзге сәйкес құрылым бойынша карточканы көрсетеді. Кім қате жібереді, сол орнынан тұрады.<br>**«Қатесін** | **сөзді қос»**<br>**ойыны**<br>Тәрбиеші бір сөзі жетпейтін сөйлем айтады, ал балалар сөйлем дұрыс құрылу үшін, мағынасы сәйкес келетін тиісті сөзді қосулары керек.<br>Мысалы: Әкем балғамен шегені ... (шегеледі).<br>Әжем шұлық ... (тоқыды).<br>Ағам керуетте ... жатыр).<br>Көбелек гүлге ... (қонды).<br>Бағдаршамда қызыл түс ... (жанды).<br>Құрылысшы кірпіш ... (қалады).<br>Дәрігер науқасты ... (емдеді).<br>Атам газет...(оқыды).<br>Балалар далада ... ойнады).<br>Әпкем ыдысты ... (жуды).<br>Ағай күй ... (тартты).<br>**«Жалпы атауын ата» ойыны**<br>Көбелек, құмырсқа, қоңыз, өрмекші – ...<br>Алма, алмұрт, жүзім, анар – ...<br>Қызанақ, қияр, сәбіз, пияз – ...<br>Маржан, Ажар, | **ойыны**<br>**Дидактикалық міндеті**: сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру.<br>**Қажетті заттар:** доп, фанталар, карточкалар,<br>**Мазмұны:**балалар шеңберге тұрады, тәрбиеші буынды айтып, бір балаға допты лақтырады. Бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын төлейді. Мысалы: ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла. Ойынды өзгертуге болады.<br>**«Қызықты құрылымдар» ойыны**<br>**Дидактикалық міндеті**: балаларды сөзді дыбыстық құрамына талдауға жаттықтыру.<br>**Қажетті заттар:** сөздердің құрылымдары, жетондар.<br>**Мазмұны**: тақтада үш сөздің құрылымдары, мысалы: *доп, шана, қоян, әке және* т. б. Балалар берілген құрылымдар бойынша сөздерді тауып айтады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қандай ойыншық екенін табады. Ойыншық туралы өз ойын айтады.<br>**«Кім? Не?» (зат есімдер)**<br>Ойынның мақсаты: Жанды жансыз заттарды ажырата алады. Ойынның мазмұны:Балаларға суреттер беріледі. Балалар ол суреттерде не бейнеленгенін және оның жанды не жансыз<br>екенін айтады. Жанды болса кім?,жансыз болса не? Сұрағы қойылады.<br><br> | **тап»ойыны**<br>**Мақсаты:** балалардың есту қабілеттерін дамыту, көп буынды сөздерді анық айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** педагог балаларға аңның немесе ойыншықтың суретін немесе муляжын көретіп, ол істемейтін іс-әрекетті айтады. Балалар дұрыс-дұрыс емес екенін анықтап айтады. Дұрысы қалай болады, соны толық айтып берулері керек.<br>Мысалы: *Ит кітап оқыды*. Балалар дұрыс немесе дұрыс емес екенін айтады. Педагог иттің не істейтінін сұрайды. – Ит не істейді?<br>Мысалы:<br>Ит күзетеді.<br>Ит үреді.<br>Ит ұйықтайды<br>Ит су ішеді.<br>Ит тістейді т.б.<br>– Жылқы мөңіреді.<br>– Жылқы мөңіремейді.<br>– Жылқы не істейді?<br>– Кісінейді, шабады, жайылады, секіреді, | Асыл, Ерке – ...<br>Жомарт, Серік, Берік – ...<br>**«Сөз қай жердікі?ой ыны**<br>Сахна, перде, микрафон, орындық – ... (театр)<br>Орындық, касса, рупор – ... (вокзал)<br>Сөрелер, касса, азық-түлік – ... (дүкен)<br>Қолжуғыш, сүлгі, сабын, айна – ... (жуынатын бөлме)<br>**«Артығын тап» ойыны**<br>Автобус, троллейбус, пойыз, ұшақ.<br>Зымыран, ұшақ, тікұшақ, дельтаплан, кеме.<br>Түймедақ, раушан, қызғалдақ, бәйшешек, қайың.<br>Арыстан, түлкі, қоян, аю, мысық.<br>Білезік, сақина, моншақ, сырға, телефон.<br>**«Жалпы атауын ата» ойыны**<br>Сиыр, ешкі, қой, жылқы – ...<br>Тау, ағаш, гүл, тас – | Жеңімпаз балаларға жетондар беріледі.<br>**«Біз суретте нені көреміз?»ойы ны**<br>**Дидактикалық міндеті**: сурет бойынша сөйлемдерді құрауға үйрету; жай сөйлемдерді толықтыруға үйрету.<br>**Қажетті заттар:** «Балабақшада», «Мект «Дүкенде» тақырыптарындағы мазмұнды суреттер.<br>**Мазмұны:тәрбиеші** балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: *Әсем келе жатыр*. Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: *Әсем балабақшаға келе жатыр*. Келесі бала тағы бір-екі сөйлемді қосады. Кім ең үлкен сөйлемді құрап айтса, сол жеңімпаз болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тістейді, тебеді, аунайды, жүреді, желеді, құлайды т.б. | ...<br>Қазан, қасық, кесе, тәрелке – ...<br>Қаймақ, ботқа, ірімшік, май – ... | |
| **Үзіліс:** | | | | | |
|  |   | | **Ойын: « Масаны ұста»**<br>**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>**Шарты:** Ойнаушылар бір-бірінен қол созымдай жерде дөңгеленіп, бетін ортаға беріп тұрады. Тәрбиеші ортада тұрады, оның қолында шыбық (ұзындығы 1-1,5 м) оған картон қағаздан жасап жіпке байланған маса ұзындығы 0,5м бар. Тәрбиеші масаны шыбықпен балалардан жоғарылау етіп айналдырып өтеді. Маса үстерінен ұшып бара жатқан кезде, балалар оны ұстауға тырысып, секіреді. Масаны кім ұстаса: «Мен ұстадым» , - дейді.<br>Бұдан кейін тәрбиеші шыбықпен балалардың үстінен тағы да айналдырады. Ойынды қайталап бастар алдында тәрбиеші балаларға 1-2 қадам кейін шегіну керек екенін ескерту керек, өйткені балалар масаны ұстаймыз деп секірген кезде шеңберді аздап тарылтады.<br>Шыбықпен масаны айналдырған кезде, тәрбиеші балалар масаны ұстап алатындай биіктікте, біресе жоғарлатып, біресе төмендетіп тұруы керек.<br>**Ұсыныс:** Егер ойнаушылар тобы шағындау болса, тәрбиеші картон маса байланған шыбықты ұстап алға қарай жүгіруіне болады, ал балалар оны қуып жетуге тырысады. | | |
| **2 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **2.Математика негіздері**<br>**«Бұл қашан болады?»ойыны**<br>Ойын шарты:Жыл мезгілдерін көрсетеді, ал балалар оларды атайды. Әлия мен Тимур балалардан қандай ойындар қыста, жаздаойнағанды ұнатасыңдар соны мимика мен қимылдармен көрсетуін сұрады. Маусымдық ойындарды (шанамен сырғанау, шаңғы тебу, коньки тебу, жүзу және т.б.)ұсынылды.<br>***«Жыл бойы»*** (доппен) | **2.Қазақ тілі**<br>**Дидактикалық ойын**: **«Өзіңнің досың туралы әңгімеле».**<br>Ойын шарты:Балалар өздері туралы және достары туралы әңгімелеу.<br>*Менің атым – Наташа. Мен бес жастамын. Менің досымның аты – Сәуле. Біз тату ойнаймыз.*<br>*Менің атым – Артем. Мен бес жастамын. Менің достарымның аттары – Арлан, Рома. Біз* | **2. Математика негіздері**<br>**Ойын жаттығуы «Қандай заттар көп, қандай заттар біреу екенін, қарап атаңдар» Ойын барысы:** Балаларға айналасынан қандай заттардың көп екенін(орындықтар, үстелдер,қарындаштар, кітаптар...) және қандай заттардың бір-біреуден (есік, монитор және басқалары) екенін айтуды ұсынады.<br>**Ойын жаттығуы: «Ретімен орналастыр»** | **2. Қоршаған ортамен танысу**<br>**Дидактикалық ойын: «Ойлан да аяқта»**<br>Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байыту, сөйлеу барысында қолдануларын қалыптастыру.<br><br>Тілдің грамматикасын дұрыс сақтауын қалыптастыру, сөйлеу іскерліктері мен сөздік<br>қорын байыту.<br>Шарты: Берілген сурет бойынша | **2.Математика негіздері**<br>**Ойын жаттығуы «Қандай заттар көп, қандай заттар біреу екенін, қарап атаңдар» Ойын барысы:** Балаларға айналасынан қандай заттардың көп екенін(орындықтар, үстелдер,қарындаштар, кітаптар...) және қандай заттардың бір-біреуден (есік, монитор және басқалары) екенін айтуды ұсынады.<br>**Ойын жаттығуы: «Ретімен орналастыр»**<br>Балаларға «Түрлі түсті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дидактикалық ойыны**<br>**Ойын шарты:** допты лақтырып, сұрақ қояды:Ақпан жыл ішінде нешінші ай?<br>Жылдың соңғы айы қандай?<br>Қазаннан кейінгі қандай ай?<br>Жазайларын ата жәнет.б. | *достарымызбен татумыз.*<br>**Ойын: Кім не істейді?**<br>Ұшқыш ұшады. Ғарышкер ұшады. Дәрігер емдейді. Құрылысшы үй салады. Сатушы сатады.<br>Балалар сөйлемдерді қайталайды.<br>**Дидактикалық ойын: «Жалғастыр»**<br>Ойынның шарты: ойынды бастаушы сөздің бірінші буынын айтады, басқа балалар жалғастырып, сөз құрайды. Сөйлем құрауға жаттықтыру үшін бірінші сөзі айтылады. Бұл ойынды екі топ болып ойнауға да болады. | Балаларға «Түрлі түсті Куйзенер санау таяқшалар» жиынтықтан таяқшалар таратады, оларды ұзындықтарының өсу ретімен орналастырады<br>**Топпен жұмыс** | тәрбиеші сөздерді айтад, ал балалар аяқтайды.<br>Қарға ұшады,ал ат ...(шабады)<br>Ит үреді, ал қарға...(қарқылдайды)<br>Жылан жорғалайды, ал балық...(жүзеді)<br>Қасқыр ұлиды, ал қой...(маңырайды)<br>**Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындау** Шымшық ұшып-қонады, *(Бір орында тұрып қос аяқтап секіреміз).* Бір орнында отыра алмас, *(бір орында тұрып сол аяқпен секіреміз).* Бір-екі, бір-екі, *(Бір орында тұрып оң аяқпен секіреміз).*Зуылдады тоқтамай. *(Бір орында тұрып айналамыз)*<br>Міне, бір минутқа отырды, *(Отырамыз.)*<br>Тұмсығымен кеудесін қасыды,*(Орнымыздан тұрып, басымызды оңға-солға иеміз).*<br>Ұшты, қонды, *(Бір орында тұрып сол аяқпен секіреміз).* Шыр-шыр, *(Бір орында тұрып оң аяқпен секіреміз).*<br>Шыр-шыр! *(Бір орында тұрып қос аяқтап секіреміз).* | Куйзенер санау таяқшалар» жиынтықтан таяқшалар таратады, оларды ұзындықтарының өсу ретімен орналастырады<br>**Топпен жұмыс** |
| **Үзіліс: Қимыл-қозғалысқа арналған ойындар** | | | | | |

| «Кім көп таспа жинайды?» | | |
|---|---|---|
|   |  | **1.Ойын:“Кім көп таспа жинайды? ”**<br>**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.<br>Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жылдам қимылдауға тәрбиелеу.<br>**Шарты:** Балалар шашылып қалған таспаларды арнайы ыдысқа жинайды. Таспаны ең көп жинаған бала жеңіске жетеді.<br>**2.Ойын:“Айна ”**<br>**Мақсаты:** Баланың зейіні мен байқампаздығын әрі әр түрлі дене қимылдарын жетілдіру.<br>**Шарты:**Әр бала – «айна» болады. Жүргізуші әр айнаға бір барып, сол «айнаға» қарап, түрлі қимылдар жасайды. «Айна – бала» сол қимылдарды үлгіріп, әрі дәл қайталауы керек. Ең дұрыс «айна-бала» - жүргізуші болады. Ойын осылай қайталана береді.<br>  |

| **3 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3.Сауат ашу негіздері «Затты сипатта» ойыны**<br>***Мақсаты:*** заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.<br>***Көрнекілік қажетті заттар:*** ыдыс, муляж, сурет (көгөністер, жемістер).<br>***Ойын барысы:*** әртүрлі жемістер немесе көгөністер суреттері, | **3.Көркем әдебиет Дидактикалық ойын: «Жануардың дауысын сал».**<br>*Қасқырдың дауысын сал – у-у-у-у.*<br>*Ешкінің дауысын сал – бе-е-е.*<br>*Қойдың дауысын сал – мә-ә-ә.*<br>**Интерактивті тақтамен жұмыс:«Қайсысы артық?» ойыны.**<br>Ойын шарты: Тақтаға әр мезгілдің киімдері ілінеді. Осылардың ішінен артық киімді табады.<br>**Дидактикалық ойын: «Кім жылдам».**<br>Ойын шарты: Мақалдың басын педагог айтады, балалар жалғастырады.<br>Туған жерге туыңды ... | **3. Қазақ тілі «Радио» ойыны**<br>**Мақсаты:** балаларды байқампаздыққа баулу және сөздік қорларын толықтыру.<br>**Мақсаты:** балаларды өз бетінше сөйлеу мәнері мен мәнерлеп айту іскерлігін қалыптастыру. Жай және күрделі сөйлемдерді қолдануға жаттықтыру.<br>**Ойынның барысы:** біз бүгін «Радио» деп аталатын жаңа ойын ойнаймыз. Радиодан сөйлейтін адамды *диктор* дейді. Бүгін диктор радиодан біздің топтың балалары туралы айтады. Ол | **3.Көркем әдебиет «Жыл мезгілдері» ойыны**<br>**Дидактикалық міндеті:** жыл мезгілдері және айлардың кезеңдігі туралы балалардың түсініктерін бекіту; айларды жыл мезгілдеріне сай салыстыру біліктерін бекіту.<br>**Қажетті заттар:** әр балада және тәрбиешіде төрт көрсеткіштен(ақ, жасыл, қызыл және сары парақтар, яғни қыс, көктем, жаз, күз мезгілдерінің түсін білдіретін парақтар болады.<br>**Мазмұны:** тәрбиеші жыл мезгілді атағанда, балалар | **3.Шығармашылық іс-әрекет**<br>**Саусақ жаттығуы: Бес саусаққа бұйрық.**<br>Бас бармағым – батырым, бар ғой сенің ақылың.<br>Сұқ саусағым батылым, барлық саусақ жақының!<br>Ортан қолым – алыбым, ағасысың бәрінің!<br>Аты жоқ қол – көкешім, қалай бөлек кетесің?<br>Шынашағым – бөпешім, қашан сен ер жетесің?<br>Барлығыңа бұйрығым: жиналмапты үй бүгін,<br>Боска ойнап жүрмеңдер, кәне, жұмыс істеңдер!<br>Балалар шығармашылығы<br>**Ойын жағдаяты**. Балалардың назарын үнтаспадан шыққан құстардың сайраған даусына, өзеннің сарқырап аққан сылдырына, жәндіктердің ызыңдап шыққан дыбыстарына аудару.<br>— Балалар, құлақ салыңдаршы, бұл ненің дыбысы?<br>— Иә, бұл бізге келе жатқан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | муляждарды салынған ыдыстан бала бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, буынға бөледі.<br>***Ойын шарты:*** бала ыдыстан алманы алып, пішінін, түсін, дәмін және т.б. қасиеттерін айтады. Немесе баланың көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да оны сипаттайды, атын айтады.<br>**«Кім білгіш?» ойыны**<br>Тақтадан дыбыстар айтылады, балалар текшені көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.<br>- Дауысты дыбыстарға қызыл текше.<br>- Дауыссыз дыбыстарға көк | *(тік).*<br>Батыр туса ел ырысы, жаңбыр жауса ... *(жер ырысы).* | біздің ішіміздегі бір баланы сипаттайды, ал біз оның сөзінен ол баланы табуымыз керек. Алдымен мен диктор боламын.<br>•*Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар! Балабақша ауласынан мына қызды кім көрді? Ол үстіне қызыл күртеше, қара белдемше киген. Шашы ұзын. Бұрымында ақ бантик тағылған. Ол өлеңді жақсы айтады және Айгүлмен дос.*<br>Осылай тәрбиеші ойынды бастап, балаларға сипаттау үлгісін көрсетеді. Балалар өз топтарындағы қызды көрсетеді. «Ал енді сендердің араларыңнан біреу диктор болады», – дейді. Жаңа дикторды санамақ арқылы таңдап алады. Тәрбиеші ойын кезінде балалар өз жолдастарының мінез-құлқын, киімін дәл, дұрыс айтуын қадағалайды.<br>**«Артығын тап» ойыны**<br>Бас, қол, көз, қас, тас | сәйкес түспен көрсеткішті көрсетеді. Педагог көрсеткішті көрсетеді (мысалы, сары түспен), ал балалар күз мезгілінің айларын атайды.<br><br>**Не қалай дыбыстайды?» ойыны**<br>Ойын «Құстар» деген тақырып бойынша жүреді. Суреттерге қарап, қай құс қандай дыбыс шығаратынын айтып, олардың қимылдарын келтіріп, музыкамен қимылдау. Мысалы, торғай шырылдайды (торғай секілді секеңдетіп, оның қимылын да салғызуға болады). | көктем аруы сияқты. Көктем өзімен бірге бізді орамандағы алаңқайға саяхат жасауға шақыра келіпті.<br>Балалардың назарын шағын орман макетіне аудару. Кәне, кім біледі, орманда нелер бар? (Жабайы аңдар, құстар.)<br>— Балалар, тағы бір орман мекендеушілері бар. Ол орман мекендеушілерін жұмбақтың шешуін тапсаңдар ғана білетін боласыңдар.<br>Жұмбақ жасыру.<br>(Көбелек)<br>Гүлдерге қонады,<br>Шырынын сорады.<br>Түр-түсі сары ала.<br>Бұл не? (Ара)<br>Балалардың жәндіктер туралы білімдерін мнемокесте сызбасы арқылы пысықтау.<br>(Жәндіктердің түр-түсі, қорегі, дене құрылысы, қозғалысы, көлемі туралы.) Жәндіктер туралы қызықты мәліметтер: Ешқашан ұйықтамайтын жәндікті білгілерің келсе, ол – құмырсқа. Көбелектер дәмді аяғының көмегімен сезеді екен. Мына қызықты естігендерің бар ма? Араның бес көзі бар. Қаңқыз өзіне қауіп төнген жағдайда, аяқтарынан жағымсыз иісі бар сұйықтықты бөлу арқылы құтылады екен.<br>Бүгін біз сендермен ормандағы алаңқайды жәндіктер мекеніне айналдырамыз.<br>Жұмыстың жасалу жолы:<br>1. Балалардың назарын үлестірмелі материалдағы көгалға аудару.<br>2.Сюжеттегі бейнелердің қандай пішіндерден дайындалғаны туралы талдау жұмысын жүргізу.<br>3. Жәндіктердің дене бөліктерін үлгіден түрлі тәсілдерді қолдана отырып және ретімен қиып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | текше көтеру арқылы ажыратады.<br>**«Қандай дыбыс?»о йыны**<br>**Дидактикалық міндеті:** дауысты және дауыссыз дыбыстырды айыру біліктілігін дамыту; дыбыстарды белгілер арқылы көрсетуді үйрету.<br>**Қажетті заттар:** дауысты және дауыссыз дыбыстардың карточкалары.<br>**Мазмұны:** түрлі дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтады, ал балалар керекті карточкаларды көрсетеді.<br>Ойынды қайталағанда дыбыстарды жабық көздермен естуге болады. | | (тас).<br>Алма, алмұрт, шие, бие (бие).<br>Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, фокус (фокус).<br>Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз, жүзім (жүзім).<br>Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе. (терезе).<br>Жаңылмай жылдам жауап берген балаларды мадақтау. | | дайындап алу: Араның басын, денесін және қанаттарын шаршы және тіктөрбұрыштардың бұрыштарын қиып алу арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерге келтіру; дене бөлігіне жолақшаларды жіңішке етіп үлгідегідей қиып алу; қатпарлап бүктеу арқылы үш дана көлемі үлгідегідей дөңгелектерді дайындау (тұмсығы, мұршалары үшін қажет). Көзін және аузын фломастермен салу.<br>Көбелек: қанаттарын, дене бөлігін, қанатындағы әдемі бейнелерді үлгіден түрлі тәсілдер арқылы қиып алу; үлгіден көбелек қанатының бір бөлігі бейнеленген бейнені қиып алу және осы қанатты дәл ортасынан екіге бүктеп қиып алу; денесін үлгіден қиып алу; қанатындағы әдемі гүлдің бейнесін екі бөлікке қатпарлай отырып бастырып қиып алу.<br>Қаңқыз: қанатын, қанатындағы қара дақтарды және тұмсығын үлгіде көрсетілгендей қиып дайындау; қанатын тіктөрбұрыш пішіннің бұрыштарын ұқыптап қия отырып сопақша пішінге келтіріп қиып дайындау және екіге бүктеп, дәл ортасынан симметриялы кесінді арқылы екі бөлікке бөлу; қанаттарындағы қара дақтарын қағазды қатпарлап бүктеу арқылы дөңгелете отырып қиып алу; тұмсығын тіктөртбұрыш пішіннің бұрыштарын қиып сопақша пішінге келтіріп дайындау.<br>Дайын болған жәндіктердің дене бөліктерін көгалға қағаз бетіндегі бейнелерге сәйкестендіре отырып желімді ұқыптап жаға отырып орналастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Еңбек қауіпсіздігі және жеке гигиена ережелерін сақтау туралы еске салу. **«Көбелектер»** көзге арналған ойын жаттығуы. |

**Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Табан балық және шортан»ойыны.**

| | | |
|---|---|---|
| **Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған**<br>**Кім қалай дыбыстайды?**<br>(баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту)<br>- А, аа, аа, а, а, аааааа ..... (қуанышты дауыспен).<br>- Ааа, аа, а, а, ааа .... (аянышты дауыспен).<br>- А, аа, аааа, а, ааа ........(таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істеңіз. Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады.<br>Фонетикалық жаттығуларды екінші тілді (орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі т.б) үйрету мақсатына қарай да қолдануға болады. Ол үшін педагог қандай дыбысқа аса мән беру қажет екендігін анықтап алуы тиіс. | **Дикциялық жаттығу**<br>Барлық жоғарыда аталған міндеттерді кешенді шешеді. Балалар қандай да бір сөйлемді, жаттамақты, жаңылтпашты айтқанда, дұрыс тыныс, дем ала білуі, дәл артикуляция жасауы және жеке дыбысты, сондай-ақ буынды, сөзді анық айтуы қажет.<br>Жаңылтпаш арқылы бала жылдам ойлауға, жаңылмай тез қайталап айтуға, кекештенбей, қысылмай, анық сөйлеуге үйренеді.<br>Халық ауыз әдебиетінде жаңылтпаштар топтамасы молынан жинақталған. Мәселен, бірқатар жаңылтпашты айтып көрелік.<br>Суда сең келеді,<br>Сегіз серке тең келеді.<br> | **Ойын:"Табан балық және шортан"**<br>**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>**Шарты:** Бір баланы шортан етіп белгілейді. Ойнаушылардың қалғаны екіге бөлінеді: олардың бір тобы — ұсақ тастар, олардан шеңбер жасалады, екінші тобы — табан балық олар шеңбердің ішінде жүзеді. Шортан шеңбердің сыртында жүреді.<br>Тәрбиешінің «Шортан!» деген белгісі бойынша ол тездетіп, табан балықты ұстау үшін шеңберге жүгіреді. Ал табан балық орын алуға, ойнаушылардың біреуінің артынан тұруға және отыруға асығады (табан, балық шортаннан қашып, ұсақ тастарға барып тығылады). Шортан әлі тығылып үлгермеген табан балықтарды ұстайды. Ұсталғандар шеңбердің сыртына кетеді.<br>**Ұсыныс:** Ойын 3-4 рет жүргізіледі де, содан кейін ұсталғандардың саны есептеледі Кейін шортанды жаңадан белгілейді. Шеңбер жасап тұрған және шеңбердің ішінде жүрген балалар орындарын ауыстырады да, ойын қайталанады.<br>  |

## 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4.Дене шынықтыру**<br>**«Киіз үй»** (татар халқының ойыны) 4 рет. Балалар төрт бұрышқа төрт дөңгелек болып қол ұстасып, төрт топқа бөлініп тұрады. Әр шеңбердің ортасында оюлы орамал жатады. Балалар қырындап, жанына қарай қозғалып жүріп айтады: Біз көңілді баламыз, Дөңгелене қаламыз. Алаңқайда жүгіріп, ойнап, Әсем әнге саламыз. Музыка әуенімен балалар | **4.Музыка**<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай).<br>***Музыка тыңдау:*** «Балдырғандар маршы» ( К. Қуатбаев).<br>***Ән айту:*** «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева).<br>***Билер:*** «Еркебұлан»<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Соқыртеке»<br>(Е. Хасанғалиев).. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер жасап тұрады, 3-4 бала шеңбердің сырт жағында тұрады. Ортада – «соқыртеке».Балалар | **4.Дене шынықтыру**<br>**Батмингтон**<br>Желбіршекпен жаттығулар орындау: Бір орында тұрып, желбіршекті бір қолынан екінші қолына лақтырып ауыстырады; бір орында тұрып, желбіршекті бір қолымен жоғары лақтырып, екінші қолымен ауада қағып алады. Ракеткамен жаттығулар орындау: ракетканы бір | **4.Музыка**<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Полька» (М. Красев).<br>***Музыка тыңдау:*** «Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е. Брусиловский).<br>***Билер:*** «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан).Биді әрі қарай жалғастырып, бірдей қимыл жасауға ұмтылдыру.<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Үйшік» (В. Витлин). Ойынды еске түсіріп, үйшікте тұратындар | **4.Дене шынықтыру**<br>**«Баскетбол» –** допты еденге оң қол, сол қолды алмастырып соғу. (4 рет) Нұсқау – допты шапалақтамай, саусақтарын жазып, ақырын ғана алақанмен үстінен басып барып жерге ұру. Негізгі қимыл-қозғалыстарды топтарға бөлініп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
